

34.51/43  
©18.



Кәкімбек Салықов

# Мағжанға ТАҒЗЫМ



Мағжан Жұмабаевтың 115 жылдығына арналады

Кәкімбек Салықов

# Мағжанға ТАҒЫМ

*Өлеңдер, төрттағандар, поэмалар*

Астана-2008

ББК 84 Қаз 7-5  
С 18

**С 18 Салықов Кәкімбек.**  
**Мағжанға тағзым. Өлеңдер, төрттағандар, поэмалар.**  
– Астана: Фолиант, 2008. – 208 б.


ISBN 9965-35-408-1

Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мағжан Жұмабаев қорының алтын белгісінің иегері, Солтүстік Қазақстан облысының және Сәтбаев, Жезқазған, Көкшетау қалаларының Құрметті азаматы Кәкімбек Салықовтың бұл жинағына қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевқа арналған өлеңдері және поэмалары кіріп отыр. Мағжан поэзиясына арналған лирикалық көріністер мен жана ұғымдар кітаптың шырайын жандырып тұр. «Жезкіік ақынның» сезімтал поэзиясы оқушы жұртшылықтың ұғымтал жүрегіне жетеді деп кәміл сенеміз.

45373

ББК 84 Қаз 7-5

© Салықов Кәкімбек, 2008  
© «Фолиант» баспасы, 2008



01a

## ҰШҚЫР СЕЗІМ, ТЕРЕҢ ОЙДЫҢ АҚЫНЫ

Қазақтың ұлы ақыны, кеменгер ағартушысы, алаштын ақтангер көсемдерінің бірі, озық ойлы рухани ұстаздарымыздың бірегейі, қазақ поэзиясының, оның ішінде жаңашыл сипаттағы поэманың негізін қалаушы, түркі тектес халықтардың бас ақыны атанған Мағжан Жұмабаевтың туғанына биыл 115 жыл толып отыр.

Мағжан дегенде көзіме Гималай құзарттарының ең биік шыңы Эверест елестейді. Аңыз бейне ғажайып құбылыс сол «әлемнің шатырынан» биік бұлт төсінен қарап: «Мен жастарға сенемін!» деп тұрғандай бой тастайды. Осы ойымды үстіміздегі жылдың 15-17 мамырында М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде өткен «Мағжан Жұмабаев және ұлттық мәдениет» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциядан алған әсерім өрістете түсті. Мағжан поэзиясының, өмір көріністерінің жана қырлары ашыла түсті.

Петропавл қаласында және Мағжан Жұмабаев ауданында әр жыл сайын ұйымдастырылатын «Мағжан оқулары», оған қоса бес жылда бір рет еске алу мерейлі шаралары үлкен дайындықпен өтеді екен. Осындай киелі де жүйелі істің Мағжанға арналған жалғастары басқа облыстарда да қанат жайса, ұлы ақынның есімін жер шарына молынан паш ету даңғылы ашылар еді.

Мағжан Бекенұлы Жұмабаев 1893 жылы маусымның 25-жұлдызында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысындағы Мағжан Жұмабаев ауданының Сарытомар атты ауылында дүниеге келді. Бұл жер ертеде Ақмола облысы Петропавл уезінің Сарыайғыр болысы атанса, бертінде Полулин, Бейнетқор, Булаев аталған. Сасықкөлдің жағасындағы

Сарытомар ауылы бұдан соң Мағжан Жұмабаев кеңшары атанған болатын.

Мағжан туған әулет өңірге белгілі текті тармақтан шықты. Атасы Жұмабай кезінде сауда-саттықпен айналысып, кәсіпкерлік жолында еңбек еткен, іскер, елге беделді бай болған. Сондай-ақ, өмір сырын кең зерлегіш, ұғымтал да білімді, өз заманының алдыңғы қатарлы адамы болып, Меккеге барып қажы атанған. Атасы Мағжанды өте жақсы көріп: «Менің атымды осы балам шығарады» – деп бауырына басыпты. Тап осы көрегендік-әулие­лігі ақын немересіне жұғысты болғанын бұл күнде кеңінен таныдық. Ақынның әкесі Бекен дәулеті мен сәулеті, атағы асып, даңқы шыққан болыс болған кісі. Әкімшілік­тің иісін де, атасынан алты жасында айырылған Мағжан, молынан сезе бастады.

Ауыл молдасынан бір жыл оқығаннан кейін әкесі оны Қызылжардағы Мұхаметжан Бегішев деген Түркиядан оқып келген имамның медресесіне берді. Бегішев мұсыл­мандарды шоқындырмақ болған патша үкіметінің әре­кетіне қарсы қарекет көрсеткен кісі ретінде Мағжанға үлкен әсер етті. Қызылжарда бес жылдай (1905-1910) оқып, Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесін (1910-1911 жылдары) бітірді. 1913-1916 жылдары Мағжан Омбыдағы мұғалім­дер семинариясының алтын медальмен бітірген үздік түлегі болды. 1922 жылы Ташкентте бір жыл мұғалімдік қызмет атқарып, 1923-1927 жылдары Мәскеудегі Әдеби­ет және өнер институтында оқыды.

Мағжан өленді ерте жаза бастады. «Ғалия» медресесін­де оқып жүрген кезінде, яғни, 1912 жылы татар әдеби­етінің классигі Ғалымжан Ибрагимовтың көмегімен ал­ғашқы шығармалар жинағы жарық көрді. Әрине, қазақ ақындарының ішінде ертерек әсер еткен ұлы Абайдың 1909 жылы шыққан кітабы қолына тиді. Дәл сол жылы Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы» да алдынан шық­ты, жолы болып, өзі де кездесіп жас Мағжанға ұстаздық етті. Омбыда оқып жүрген кезде Сәкен Сейфуллинмен

танысты. Мәскеуде оқып жүрген кезде Гете мен Горькийден бастап, көптеген тамаша аудармаларды дүниеге әкелді. Ақынның поэзиясына тікелей тоқталсақ, Мұхтар Әуезовтен артық айта алмаймыз, ол қазақ поэзиясының атасы Абайға арналған ыстық ықыласын білдіре келіп: «Бұдан соң Мағжанды сүйемін, Еуропалығын, жарқырағын, әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының кара қордалы аулында туып, Еуропадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып жайлауы жарасқан Арқа қызын көріп-сезгендей боламын. Мағжан – культурасы зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілігіне карағанда, бұл бір заманның шегінен аскандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің теренін терген ақын болмайды, заманнан басы озып, ілгерілеп кеткен ақын болады. Әдебиет әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан – бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін», – депті. Ұлы жазушы Мағжанға аскан ілтипатпен тоқтала келе өзі жайлы кемеңгер кішіпейілдік білдіргендігін байқаймыз. Егер бұл 1929 жылы айтылған сөз екенін аңғарсақ, жас Мұхтардың да бұл көрегендігі Жұмабай ақсақал айтқандай түп-тура келіп тұр. Мағжан Мәскеуде оқып жүрген кезінде саяси әдебиетпен, Пушкин, Лермонтов, Фет сияқты орыс әдебиетінің ең биік өрелі санлақтарының шығармаларынан үлгі алды. Плеханов, Луначарскийлердің еңбектерін жіті тексеріп оқыды. Блок, Пастернак сияқты замандас дүлдүлдерді оқи келе, әлем әдебиетіндегі биіктерге қол созды.

Мұхтар Әуезов айтып отырған «Еуропалығы, жарқырағыштығы, әшекейі», әрине, орыстың ойнақы дүлдүл поэзиясынан әсер алғандығын айғақтаса, Гетенің дана-

лығы ойшылдыққа бастады. Николай Пастернак «Қолға алған іс тетігіне жетпекпін» деген өлеңінде:

Өлең сөзді айналдырып бакшаға,  
Қан тамырда тасқындап.  
Шын қуандым жөке гүлдеп жатса да,  
Бірін-бірі басқындап.  
Раушан гүлдің лебін қостым өлеңге,  
Жалбыздың жұпар иісін,  
Көк майса қияқ шалғы әндеткен беленде,

Найзағай, нөсер тынысын», — деп тамаша «әшекейді» шашып-төгіп жарқыратса, Мағжан бұл өнерді көре білді, керегін тере білді. Бірақ Мағжан оларды қайталамады. Ол өз жері, өлең төсегін өз мақамы, өз тілі, өз дәстүрінде тамаша суреттеді. Ол кімнен не үйренсе де, биік түсуді ойлап, өз ұлттық өресіне, ойына, мұңына көше берді. «Батқан күн, атқан таңның жыры» атты өлеңінде:

Судан сұлу Сәулетай,  
Бір карашы, аңсадым.  
Суда ойнаған шабақтай,  
Сүйрендейді саусағын.  
Қабакқа қатар тізілген  
Кірпік пе? Қара жібек пе?  
Бір карашы, қарағым,

У толды ғой жүрекке! — десе, қыз төсінде шолпыдай бәрі ашық жатыр. «Жарқырағы да, әшекейі де» Еуропаша жайнағанымен, шебер тіл, асыл суреттермен қазақша құлпырып шыға келеді. Ой толғағы да, тіл шеберлігі де ыстық жүректің жылуына бөленіп, қуаты мен еркіндігі лапылдап тұрған сезім отына жалғасып көз тартады, ой қозғайды, сүйсінтеді. Байқап қарасак, бұл өленде де Мағжанның барлық шығармаларына байланысты адам мен табиғаттың жарасымдылығы, бірлігі, бауырластығы жалғасып, жамырасып, жарасып жатыр. Орыс поэзиясының «әшекейі» жұғысты болса да, «Суда ойнаған шабақтай сүйрендеген саусақтар» Мағжанның нені айтса да әрі көркем, әрі терең суреттегіш шеберлігіне тәнті етеді.



Мағжан махаббатқа арналған өлеңдерінде де орыс һәм әлем әдебиетінің әсерін байқатса да, айтар ойын еш пендеде жоқтай ғажайып етіп, жүректің лүпілімен, қанның қызуымен ұшқыр да, ұтымды, тәтті де жұтымды, ойлы да ұғымды етіп, бір оқысаң есінде мәңгі калардай төгіп салады. Сұлулық әлеміне табынтып, у-ын балдай сағынтады.

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!

Жылы, тәтті у тарады қаныма.

Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін, —

Патша тағы, бүкіл дүние малына», — десе, бұл нағыз кереметтік! «Минуты» да, «патшасы» да ықпалдарын тигізсе де, өзгеде кездеспестей ұшқыр сезімнен туған сұңғыла жыр тотының сылқым да сиқырлы толғағындай жұтынып түсе қалған. Іңкәр лебіз, ғашық жалын, жастық оты адамды магниттей тарта түсіп, таңғы арайдай еріксіз еліктіреді. Оқыған жан өз жүрегінен шыққан лебіздей етене бірігіп кетеді. Қазақ поэзиясының феникс құсы секілденген Мағжан ағамызбен бірге бұл еренғайып өлең де мәңгілікке жол тапты.

Мағжанның өмірі — тірі жанның басында қайталанбастай мұң мен зар қонған қиын өмір. Жазира жайлау Жалғызтаудың етегі, көк Есілдің жағасы, көгілдір Көкшенің аясында алаңсыз өскен алғыр да зерек шағы айдаулар мен абақтыларға алмасты. Оның ұлттық санасының кенет өрістеп қанат жаюы — ел тағдырын күйзеліспен көре білуінде. Қазан төңкерісі мен Қазақстандағы Голощекин қырғынын көрген ақын өз қаһарын көрсетіп, бостандықшыл, тұраншыл, түркістаншыл, алаш-ордашыл бағытын айқын ашты. Гамлетше толғанып, тәуекелге бел байлады.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?

Көкте — бұлт, жерде желмін гулеген,

Жер еркесі — желдің жөнін кім сұрар? — деп Мағжан — «жер еркесі» өз жөні мен өз ойына, өз сертіне

жүгініп, «арыстанша айбат» шегіп, қайсарлыққа басты. «Сорлы қазақ жаны алқымға тығылып, қара күн кеп, тіккен туы жығылып», — деп күнірене өз айбаты мен қайратына сүйеніп, өз жөніне берік көшті.

Күннен туған баламын,  
Жарқыраймын, жанамын.

Күнге ғана бағынам.

Өзім — күнмін, өзім — от,

Көзім қысық, сөзім — от,

Өзіме өзім табынам.

Жерде жалғыз тәңірі — от,

Оттан басқа тәңірі жоқ! — деп кесек-кесек ойларға кетіп, Мережковскийдің «Бледнеющий Восток», ждем не придет ли наш Пророк» — дегеніне жалғаса «Пайғамбар» атты әйгілі өлеңін жазды.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,

Көгінде жоқ жалғыз жұлдыз батпаған.

Түн баласы тәңірісін өлтіріп,

Табынатын басқа тәңірі таппаған, — деп «Бледнеющий Восток» дегеннің орнына ояңған Шығысты келтіріп, аласапыран Батысқа өз бағасын берді.

Күншығыстан таң келеді, мен келем.

Көк күніренді: мен де көктей күніренем.

Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,

Жер жүзіне нұр беремін, күн берем, — деп Шығыстың ояна бастап бүкіл жер бетіне үн берерін жеткізді. Патша құлады, большевиктер жер тәңірісін өлтірді, мешіт, шіркеулер жабылды, өз Пайғамбарлары Мұсаға да, Исаға да қауіп төнді. Әне, сонда діні мұсылман Мұхаммед пайғамбардың өкілі қорған болып, жан азасын ашық айтты. Әйтпесе, Мағжан Батыс пен Шығысты шаптастырып отырған жоқ, әлемдік өреге жақындастырып, мұндастырып отыр. Батыс пен Шығысты қарама-қарсы қою Мағжанда жоқ. Өйткені, орыс поэзиясы мен әлемдік

Еуропа философиясынан нәр алған Мағжан Батыстың шырын кетірген аласапыранды ғана айтты. Ол өз келешегін Алаш қозғалысына, ұлттық бостандыққа арнап, сертке кіріскенін айқындап ой қозғады. Қажырлы акын өз халқының бостандығын көксеп өз талпынысын танытты.

Төңкерістің танында,  
Алты Алашқа әйгілеп  
Не бостандық, не құлдық!  
Не езілу, не теңдік,  
Не патшалық, не кеңес –

«Екінің бірі» – дер ме едім?!» десе, бұл да Гамлеттің тілімен айтсақ, «не өлім, не өмір?» деген сұрақтарға жауап еді.

Мағжанның өмірі – қозғалыс, өрлеу, үнемі тартыс жолында өтті. Ол жазықсыз жаламен ұсталып елден айдалып кетті. Қайта оралды. Кеңес үкіметін қабылдады. Әттең, не керек, 1937-1938 жылдардағы зорлық пен зобалаңға лажсыз тап болды. Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин атылып кетті. Бәрі кетті. Мағжан да сталиндік масқараның құрбаны болып, еш кінәсіз атылды. Міне, ұлтымыздың ұлағатты ұлыларына шабуыл, бүкіл ұлтымызға қастандықтың ең үлкені осы емес пе?

Мағжан Жұмабаев көзінің тірісінде, тар қапаста, абақтыда жатып-ақ осының бәрін өз басынан өткізіп, болашақты болжай біліп, түбінде бір әділдіктің зор жеңіске жететініне сенді. Сол сенімін «Сағындым» атты өлеңінде жазып кетті.

Негізінде Мағжан ағаның қай шығармасын алсақ та, дана қолдан шыққан дара дүниелер екенін қазақ елі түгел мойындады. Тек қана Қазақстан халқы емес, М.Жұмабаев түркі тектес елдердің бас ақынына айналды, әлем оқушысына да кеңінен танылып келеді. Көптеген өлеңдері орыс тіліне аударылды. Менің айтайын дегенім, ақынның «Сағындым» атты тұғыры биік өлеңі қазақи талдаулардан, орысша аудармалардан шалыс қалып жүр.

«Пророк» атты үлкен шығармалар жинағын орыс тілінде шығарғанда, Бақытжан Қанапиянов, Есенгелді Мұқыжанов бар, мұқият қарағанымызда осы өлеңнің тағы да сәті түспеді. Орыс тілінде жазатын ақын інім Бақытжан: «Аға, өлең нашар аударылыпты, қоспадым, тағы сәті түсер», – деді. Оны Есенгелді мен Мекеш Утин інілерім қостай кеткесін келісіп едім. Осы өлеңнің орыс тіліне аудару сәтін тезірек түсіру керек.

Ал, айтар сөзіме негіз, тілге тиек етіп арнайы тоқталарым осы бір ғана «Сағындым» атты өлең жайлы. Бұл өлең он тоғыз шумақтан тұратын өте тұлғалы өлең. Жүрегі мейірбандылық пен ақиқаттан жаралған асыл ағамыздың абақтыда жатып айтқаны Мәдидің бар қазақтың гимніне айналған «Атыңнан айналайын, Қарқаралы, сенен бұлт, менен қайғы тарқамады», – деген аркалы әнін еске түсіреді. Бірақ, Мағжан ағамыз көл-көсір сағынышын елге, жерге, анасына, ағайын, дос-жаранға егіле, төгіле жазып, қара бастың камынан әлдеқайда жоғары көтеріліп, қалың елдің тағдырына басты назар аударады. Сан қилы сағыныштарына күндақтап, өмірге деген негізгі арманын паш етеді.

Қазағымды, қалың елді сағындым,  
Сарыаркамды – сайран жерді сағындым.

Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті,

Арқадағы айдын көлді сағындым, – дей келе *«Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім»*, – деп айға шапқан арыстандай қайсарлығын танытып, өзге ақындарымыздан көш бойы Махамбетше көтеріліп кетті. Жүрекжарды сағыныштарына орап, Алла аузына салғандай көрегендік-әулиелік жасады:

Қалын елім, қалын қара ағашым,  
Қайраты мол, айбынды ер Алашым!  
Өзі-ақ құлар, сырын берме, сабыр қыл,  
Ақымақтар байқамаған шамасын! –

деп нағыз данышпандық кемеңгерлігін көрсетіп, болашақты болжай білген, озық ой тастаған отты сөздері айнымай тұп-тура келді. Ескі Одақ құлады, елімізде тәуелсіздік орнады, Қазақстан көркейе бастады. Мағжанның айтқаны тұп-тура келді. Шырылдап жүрген Шығыстың Пайғамбары жар салды.

Күншығыстан таң келеді, мен келем,  
Күн күніренер, мен де көктей күніренем.  
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,

Жер жүзіне нұр беремін, күн берем», — дегені де келді. «Мен келемін» — дегені аңсаған арманы — қазақ елінің бостандығы да келеді дегені емес пе? Ғасырларға куә қалың қазақ өліп-талып аңсаған тәуелсіздікке де жетті. Мағжанның қайсарлығы желтоқсаншыл жастарға үлгі болды. Мағжанның көрегендігі тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа да күш-жігер қосты. Тәуелсіз Қазақстан айбат шеккен Мағжанша айға ұмтылып, өркениеті шалқыған елдердің қатарына жетпек үрдіс қарқынымен алға басып бара жатыр.

Мағжан Жұмабаевтың ақындығы кеңінен сөз болса да, оның Гете, Пушкин, Абай, Шәкәрім, Махамбеттердің асыл философияларына жалғасқан озық ойшылдығын әлі де аша түсуіміз қажет.

«Өмір, өлім — мәңгі айтысқан екі жау, екі жауды бауыр қылар жыр бар-ау», — деп толғанып, көз алдында көрініп тұрған өліммен айқасқандай: «Маған артық ұлтым үшін өлгенім», — деп ой біткеннің өрелісін, азаматтықтың, ұлтжандылықтың, отансүйгіштіктің меже-биігін көрсетіп тұр. «Қорқыт» атты поэмасында: «Өмірді алмақ болдым ойынменен, ... бұл күнде уланамын ойымменен» демеп пе еді? Бұл толғаныстың да маңызы ойшыл ақынның өз кредосын айтқаны. «Батыр Баян» поэмасындағы: «Жүрегім, мен зарлымын жаралыға, сұм өмір абақты ғой саналыға», — деген даналығы канатты сөз болып кетті емес пе? Ой-

лай-ойлай су түбіндегі маржанды тапқандай ой түбінде: «Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл», – дегенін көргендікке жатқызсақ, бұл дәуіріміздің ең биік, ең озық ойы дейміз. Сондықтан да Мағжан Жұмабаевты ерен лирик, терең ойшыл, ұлы акын, ұлы азамат дегеніміз жөн болар.

*Кәкімбек Салықов,  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері*

# Өлеңдер

## Дүлдүл ақын осындай

Төте жүрді, бұра тартып шашылмай,  
Жалау етті жан кенесін жасырмай.  
Әр сөзінде мұң мен шердің ізі бар,  
Тазалығы көздің мөлдір жасындай.

Қысқа ғұмыр...

Маңызы бір ғасырдай,  
Ойы сергек, тілі сайдың тасындай.  
Арқау етсе азаттықтың ақ жолын,  
Ұраны жоқ қалған айқын ашылмай.

Қара қылды қак жарды от-жасындай,  
Шеккені көп, жыр төкпесе ашынбай.  
Аласапыран, ашы күндер бейнесін  
Дәл түсірді, кем қалдырмай, асырмай.

Кім шыдайды махаббатқа бас ұрмай,  
Ғашық көзді ашық айтқан тәсілді-ай?!  
Ең алғашқы бал ләззаттың алауы  
Лапылдап тұр от-жалыны басылмай.

Шын асылдың сырын ашсам шошынбай  
Кім егесер қырын қарап, қосылмай?!  
Мезет сырын мәңгілікке жеткізген  
Мағжан деген дүлдүл ақын осындай!

1991



## Оңбайды ақынды атқандар!

Қыранға ок жұмсау катерлі,  
Жұмсаған... Шын сұмдық әкелді.  
Қай мэнгүрт киды екен ажалға,  
Адамзат сұнқары Сәкенді?!  
Аз емес дауылпаз тартқан зар,  
Тар кезең, көк тайғақ шатқалдар.  
Ақкуды атқандар сияқты  
Оңбайды ақынды атқандар!  
Оңбайды ақынды сатқандар!

Сұм тағдыр, сұқ көзі кадалды,  
Тағы бір өр қазақ қамалды.  
Қай сатқын атты екен Мағжандай,  
Жондағы жолбарыс адамды?!  
Ел үшін, жер үшін сақтаңдар,  
Ақынға жаман ат тақпаңдар.  
Тұраның, ұраның сол еді,  
Оңбайды ақынды атқандар!  
Оңбайды ақынды сатқандар!

Қаракшы қалт етпес сак па екен?  
Қамығып қалды ғой шат мекен.  
Қазақтың Құлагер-ақыны,  
Илиясты қай сотқар атты екен?!  
Мерт болды тым оза шапқандар,  
Тез сөнді шамшырақ жаққандар.  
Тұлпарды соққыға жыққандай  
Оңбайды ақынды атқандар!  
Оңбайды ақынды сатқандар!

Актарсам көкіректе бар дертті,  
Дербестік дабылы дәл жетті.  
Көгілдір туымнан көріңдер,  
Міржақып, Жүсіпбек, Ахметті.

Ауылдың иті боп қапқандар,  
Сендерден тарқады тартқан зар.  
Дүлдүлге өшіккен дүлейдей  
Онбайды ақынды атқандар!  
Онбайды ақынды сатқандар!

## Мағжан атты шын жұлдыз

Күрделі болдың, зерделі,  
Құрыққа көнбес шын бұла.  
Сондықтан сыйлар ел сені,  
Кеменгер ақын сұңғыла.


Көркейткен жер мен көгімді  
Тауларға, достар, карашы.  
Бұлттардан биік көрінді  
Мағжан атты дара шың.

Түзеді заман желкенін,  
Талабың сәтті болардай.  
Көңілге бітті мол сенім,  
Тартылған теңіз толардай.

Ақталды күткен ақ тілек,  
Жол ашты асау тар кезен.  
Бұлқынды қайта дүркіреп  
Мағжан атты шулы өзен.

Аңғарып, елім, қалдың ба,  
Кім бөктергі, кім сұңқар?!  
Бәйгенің келді алдында  
Мағжан атты шын тұлпар.

Оралып құстар көктемде,  
Жүргендей мекен барласып.  
Көрінбей көзге «кеткендер»  
жалғасып.



Жайраңдап құшақ ашқанда,  
Жұлдыздан жұлдыз мың жұлдыз!  
Жайнады біздің аспанда  
Мағжан атты шын жұлдыз!

## Мағжанның бір өлеңі

Үлкен өлең көңіл толар көлемі,  
Мағжан-аға «Сағындым» атты өлеңі.  
Абактыда Алла сыбыр еткендей,  
Бой тастайды бостандықтың елеңі.

Межешамдай түнде шашқан жарықты,  
Алға тартты ақылы жеткен анықты:  
«Мен өлсем де Алаш өлмес, көркейер!» —  
Деп сақ қыран сендіріпті халықты.

Көкірек жарған түсінгенім ғажапты:  
Сын сағатта шындап жатыр қазақты.  
«Маған артық — ұлтым үшін өлгенім!» —  
Деп кешіпті жан түршігер азапты.

Дауылпаздың дана сөзін тірі аңыз,  
Естіп жатты Қаратаулар, құба дүз.  
Көріпкелдік-әулиелік болжамын,  
Өлеңдегі өз сөзінен тыңдаңыз:

«Қалын елім, қалың қара ағашым,  
Қайраты мол, айбынды ер Алашым!  
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр кыл,  
Ақымақтар байқамаған шамасын!»

Осы емес пе, әулиелік, даналық?!  
Тура келді, Мағжан сөзі бәрі анық.  
Кешегі Одақ оқ шығынсыз құлады,  
Өз қырсығы сұр жебедей қалалып.

«Көріпкел» ғой ақын сөзі өрелі,  
«Пайғамбармын!» – дегені де сол еді.  
Аспанымда жанды Мағжан жұлдызы,  
Тұтатқандай «Сағындым» атты өлені.

16.05.2008

### **Абылай ханның «Ақ үйі»**

«Абылай ханның «Ақ үйі»,  
Тарихтың тарлан белесі.  
Айтылып жүрді тым жиі,  
Сағынтып елді төбесі.

Жырына қосты бұл үйді,  
Үкілі Ыбырай бабамыз.  
Содан соң бізге мұң үйді,  
Болғандай көпке бәрі аңыз.

«Гәккушіл» ақын атылды,  
«Ақ үй» де өшті кешікпей.  
Күрсінтті алыс-жақынды,  
Күтімсіз қалған мешіттей.

Кенестің ісі жандайшап,  
Кесірін кімдер айта алды?  
Санаменен сарғайсақ,  
Дербестік бәрін қайтарды.

Елбасына мың алғыс,  
Киелі төрді жаңартқан.  
Туғандай қайта құмар құс,  
Тамсанып елді қаратқан.

Толкыды бітік егін де,  
Ақ қайың шексіз орманы.  
Шалқыды дала шебінде,  
Орнатқан Абылай қорғаны.

Зер салсақ, достар, осында,  
Тарихқа терен зерттеткіш.  
Орнады «Ақ үй» қасында,  
Абылайға жаңа ескерткіш.

Жадына қанша наз түйді,  
Шекара шебі алыстан.  
Алатау, Алтай, Каспийді  
Көрсетіп тұр данышпан.

Дегендей болды: «Ә, Құдай,  
Дұшпанға ызғар, сес берем».  
Сыйынды-ау, сонда әз-Абылай,  
Түркістанға, Көкшемен.

Абылай ханның мүсіні,  
Президент костап жетілді.  
Тебірентер көрген кісіні,  
«Мыс салт атты» секілді.

Тіліме гауһар ілінді,  
Бабалар берді-ау батасын.  
Ел шаттықты бүгінгі  
Тарихи күн атасын.

Сілкінді «Ақ үй» белгі боп,  
Абылайдай асыл еріме.  
Сұқтанып қарау енді жоқ,  
Телегей-теңіз жеріме.

Қуаныш шексіз халқымда,  
Жыр төксем, айтар ән дайын.  
Жарқылда жаңа қарқында,  
Жайнасын «Ақ үй» маңдайың!

Ұмытпас талай ғасырлар,  
Ұрпаққа үлгі ғұмырын.  
Құтты болсын, Қызылжар,  
Бүгінгі шалқар дүбірін!

19.10.2007.

Астана

\* \* \*

Түлкі заман, тік кетсем, сөкпе мүлде,  
Өтер бүгін тарихи өкпе кімге?!  
Абылайын туған ел қайта тапты,  
Шек қойдық біз тарихты жек көруге.

Молайтса екен адалдық берекемді,  
Мағжанша мақтадық Кенекемді.  
Егемендік ел-жұртқа қанат байлап,  
Көмекейге оралды: «Бәрекелді!»

Ел ұмытпас көтерсек Абылайды,  
Ол ханы ғой қазақтың басыбайлы.  
Бағы жанып төрлетсе жана қазақ,  
Дана қазақ ұмытпан Ағыбайды.

Тез жөндейді қираған көпірді кім?  
Қаулады ғой, кер заман, нөпір жүгін.  
Абылай де, Ағыбай, «Ә, құдай!»-де,  
Ту түбінде қазағым отыр бүгін.

Сынап едің, замана, сынап едің,  
Мал-соңында майысқак шыдады елім.  
Бізге қарай әдейілеп әкеле бер,  
Олжа салғыш тарихтың Құлагерін.

1991

## Әуезовтің бағасы

Мықтылардың тілегі түзу жалғанда,  
Сескенбейді құбыжық үрей салғанда.  
Армандастар,  
Алыстан ұқты-ау бір-бірін,  
Мағжандықтың жарқылы жүрек жарғанда.

Мұхтар аға қалыпты мәңгі досы боп,  
Сескентпеді жалыны кесел тосын өрт.  
Аттап өтіп даналық сырын жеткізді:  
«Абайға тақау екінші ақын осы», — деп.

Дерті мол адам қызықпас төрде патшаға,  
Сертінен таймас түнеріп таңы атса да.  
Бүтін қалды Мағжан ақын тарихта,  
Түтін жұтып, запыран уын татса да.

Кей айтқырлар... «Қас» демей де, «дос» демей,  
Мінгірлейді мардымсыз үні бос көмей.  
«Өйттім» деп те,  
«Бүйттім» деп те гүпінсе,  
Дүнгірлейді босаған іші бөшкедей.

Мағжаншыл мінез қазаки қасиет береді,  
Мұкана да сол болды-ау, шіркін, керегі.  
«Тұраншыл ақын»,  
«Құраншыл» десе «пысықтар»,  
Кемеңгер үні шын құрметке бөледі.

Жазылды тасқа Әуезовтің бағасы,  
Пайғамбар айтса, табылмас пенде таласы.  
Таласып өтпей,  
Жарасып өткен тірлікте,  
Дананы дана ардақтауын қарашы!

Мінезі-ай, шіркін!  
Әрі нұрлы, әрі кең,  
Нәр алдық біздер  
Адалдық атты дәріден.  
Абайға тақау Мағжанды қойып төріме,  
Алаулап жаны қарап тұр Мұқан әріден.

1991

## **Қайдасың, кең даланың ғаламаты?!**

«Жезкиік» – махаббаттың аманаты,  
Жалғасты есіміңе заман аты.  
Сандалып Сарыарқада сағым кудым,  
Қайдасың, кең даланың ғаламаты?!

Келмейді баяғыдай алшақтағым,  
Бетпакта киік көрмей қан қақсадым.  
Алыстан сынғыр қаққан алтын тұяқ,  
Қарашы, үні шықпай аңсатқанын.

Киіксіз қаусап қалды-ау, ұлы далам,  
Көмескі тартты көзге тірі ғалам.  
Жер-көкте жаутан қаққан сұлулардың,  
Көрінбес жезкиіктей бірі маған.

Салды ғой күйік назы сергелденге,  
Қамықты Қаракеңгір мен келгенде.  
Шіркін-ай,  
Тым болмаса жіберсе екен,  
Сәлемін жалау етіп ескен желге.

Екі ішек, қоңыр күмбір әкел маған,  
Өлеңге онсыз қалай жетер шамам?!  
Киіктер жоғалды деп естігенде,  
Оянар шырт ұйқыдан Сәкен ағам.



Асыл ән ел аралап шуақтаған,  
Берді ғой құты қайтпас қуат маған.  
Өмірден Жаксыкелді ерте кетті-ау,  
Қайғысы «Жезкиіктің» шыдатпаған.

Айтсаңшы, бар сырынды, алтын далам,  
Киіктер қайда жүйткіп, жаркылдаған?!  
Күрсініп жер бетіне сыймай тұрмын,  
Не дейін одан басқа халқым саған?!

Жезкиік – кең даланың арман гүлі,  
Жарқ етпей жанға батты салған зілі.  
Сұлулар жер бетінде сиреп кетсе,  
Не болар адамзаттың қалған күні?!

14.02.2003.

Астана

\* \* \*

**(Мағжан назы)**

Кер заман, салсан талай амалына,  
Жаза алмай жүрміз ескі жараны да.  
Баладай отпен ойнап, шокқа күйген,  
Тағдырдың көп қарадык қабағына.

Қазағым, көне берме осындайға,  
Момындық ұрындырар тосын жайға.  
Тірі жан қанша берік болса-дағы,  
Жазықсыз ит қорлықтан шошынбай ма?

Аруакты көтерсеңдер төбе, төрге,  
Абылай бата берер өжет өрге.  
Алашка Кенесары аңыз болса,  
Қасынан Наурызбайды бөле көрме.

Кейде өмір келтірмесе тілдесуге,  
Төгіліп-шашылды ғой нұр төсімде.  
Түбі бір түркі тектес Тұран елін  
Шақырып өттім мәңгі бірлесуге!

1991

## Махамбеттің әсері

Махамбет десек, Мағжан келеді еске,  
Тікелей тартып туған ер емес пе.  
Шарт сынған бұлтқа жетіп найзағайдай,  
Арыстан айға шапқан келеді еске.

Қазақтың қайсар мінез ерен ері,  
Тарихтың тулап өткен тебегені.  
Абайға жақын тұр деп Мұхтар айтса,  
Сол шығар Махамбеттің жебегені.

Шындықтың алып-қашпа желігі жоқ,  
Өтті ғой Сегіз сері серігі боп.  
Исатай-Махамбетті жоқтағаны,  
Қалды артта асыл жырдың өрімі боп.

Бауыржан, жау тойтарған Рахымжандар,  
Махамбет ұшқыны бар батыл жандар.  
Рухы асыл дана ерте қонған,  
Бәрі де асау тұлға ақын жандар.

Жалықпай көл қорыған құстың үні,  
Жайықтан естілгендей қыстың күні.  
Қайсарлық берді ақын Қасымға да,  
Махамбет жебесінің ысқырығы.

Кетердей елім байып, жерім кеңіп,  
Арманшыл әр сөзінде сенім берік.  
Ол кеше қапы қалса бүгін жеңді,  
Дербестік мол шаттығын елім көріп.

Биіктеп бүгін батыр қалды аспаны,  
Артында асыл ізін шаң баспады.  
Самғатқан көшпелілер соңғы сөзін,  
Махамбет – акындықтың алдаспаны!

*06.03.2003.*

*Астана*

## **Кімнен тудық?**

### **I**

О, қазағым, «кімнен тудың?» дегенде,  
Кезек беріп көңілде көп елеңге:  
«Күннен тудым,  
Гүннен тудым», – деген дана Мағжан,  
Ой жүгіртіп шері калың теренге.

«Кімнен тудың?» деп сұраса менен де,  
Мағжан айтқан жөн сілтеймін белеңге.  
«Күннен,  
Гүннен,  
Үннен тудым», – деп шалқып,  
Қосар едім жан толқытқан өлеңге.

Үннен тусам –  
Қорқыт Ата мұң-зары,  
Оны жер, күн,  
Тірі пенде тыңдады.  
Құрманғазы, Тәттімбеттер ұлғайтып,  
Дина апайлар, Ықыластар шыңдады.

«Сарыжайлау» мен «Сылқылдақты» тыңдашы,  
Әр қағысқа сыйып жатыр бір ғасыр.  
Ар-намысқа толы нақыс шым-шымдап,  
Баяндап тұр «Тәтті бабам» тұлғасын.

Қулақ салшы,  
«Сарыарқа» мен «Серперге»,  
Нағыз дана аз ауылмен шектер ме?  
Құйындады Құрманғазы, құйғытты,  
Құбылмалы заман сырын шертерде.

Күйдің ғажап  
Сикыр күші болғасын,  
Сұр жылан да тастап шығар ордасын.  
«Қайран шешем» зарын төксе Күй-ата,  
Жыртқыштың да мөлдіретті көз жасын.

Кімнің қандай дауы болар осыған,  
Үннен тудым, үнді әуенге қосылам.  
Үнің шықпас тіршіліктен сақтай гөр,  
Домбырасы жоқ отаудан шошынам.

## II

«Кімнен тудың?» деп сұраса менен де,  
Мағжан айтқан жөн сілтеймін беленге.  
«Күннен,  
Гуннен,  
Үннен, жырдан тудым», – деп,  
Қосар едім жан толқытқан өлеңге.

Жырдан тудым  
Десем, шындық бұл-дағы,  
Барлық қазақ – ақындардың жұрнағы.  
Бұқар жырау бұрқыратса жыр селін,  
Өзге түгіл, Абылай да тыңдады.

«Тұрымтайдай ұл едің» деп  
Байкашы сен бастыққа,  
Ұрынарсын  
Өле-өлгенше арылмастай кастыққа.

Түн ұйқынды төрт бөлер ең өкініп,  
Шар басынды тигізе алмай  
Үйде мамық жастыққа.

Деген сөзден: «Ай, Абылай, Абылай»  
Байқалып тұр  
Ақындық зор жағыдай.  
«Ай» демей-ақ,  
«Әй» деп көрші ауылдағы дөкейге,  
Кетер едін ел-жұртыңды танымай.

«Момын елге бек болдын», – деп Бұқарым  
Дәлдеп айтты.  
Ол емес сөз жұтарың.  
Абылай ханды ауыздықтар жырменен,  
О, данышпан! Тапты сөздің ұтарың!

Болса-дағы байтақ елге тым қатал  
Абылайда үн жоқ сонда тіл қатар.  
Шамданбайды ол,  
асылығын тастайды,  
Пай-пай, шіркін!  
Ондай мінез кімде бар?!

Жырдан тудым –  
Бұқар жырау, Абайлар,  
Махамбеттер желбіреткен ақ айдар.  
Түркі түбін Мағжандарым түгендеп,  
Ағындатса, өзге ағайын қарайлар.

Жырдан тудым, – десем шолып маңайды, –  
Бойға қуат, ойға сәуле тарайды.  
«Ленинградтық өрендерімді» еске алшы,  
Жамбылды іздеп Балтық толқып,  
Нева бізге қарайды.

Күннен,  
Гүннен,  
Үннен,  
Жырдан тудым мен,  
Түп тамырдың затын солар білдірген.  
Біздің қазақ өлең айтып, күй тартып,  
Аталы сөз деген туын ілдірген.

1991

## Сегіз сері кемеңгер

Көк теңізде желкен жайған кеме дер,  
Сегіз сері асқан талант, ерен ер.  
Ұстазым деп ардақтаса Біржан сал,  
Сол емес пе озық туған кемеңгер?!

Аз уақытта мол шарықтап үлгерген,  
Жүрек қылын дәл табатын сұр мерген.  
Баһрам ұлы ол Мұхамед-Қанафия  
Ақындығы, батырлығы мыңмен тең.

Сөзі сара, әні дара асқақ-ты,  
Оны жастай ұлтжандылық басқартты.  
«Тентек қазақ ереуілін бұз!» – деген,  
Губернатор жарлығынан бас тартты.

Үздік ақын, ұлы сазгер, хас батыр,  
Онда көп қой ғашықтықтан басқа сыр.  
Исатай мен Махамбетке септесіп,  
Сан жорықта құрды бірге ақ шатыр.

Содан кейін Сыр бойына оралды,  
Дертке дауа тапқандай тез оналды.  
Төтеп беріп Хиуа, Қокан, Ойратқа,  
Қиын күнде қол бастаушы бола алды.

Бекер ғана Макпал қызға тамсанбас,  
Ғажап сол ғой, сүймегенін қарсы алмас.  
Мерт болды қыз Ойраттардың оғынан,  
Сонда туды ән төресі — «Гауһартас».

Отар күнге десек-тағы обалы,  
Ел мұрасын жинап алған жоқ әлі.  
Сегіз сері батыр ақын, шын дарын,  
Ол қайраткер серіліктен де жоғары.

*14.04.2005*

### **Мағжан — ақындықтың Абылайы**

Абайды ақындықтың күні десем,  
Ай керек жарқыратар түнін көшем.  
Қазағым, соның бәрін ойлар ма едің,  
Тәуелсіз ел боп қайта тірілмесең?!

Ғарышқа жетер еді, оқ алмаса,  
Қиянат атын ерте доғармаса.  
«Абайдан кейінгім» деп Мұхтар айтты,  
Сұм тағдыр жөнге көшті, көп алдаса.

Ұмытпас Наурызбай мен Кенекемді,  
Көтерген асыл дастан берекемді.  
Ақындық төрінде тұр «Батыр Баян»,  
Төресі өлен сөздің ере келді.

Ақындық әлемінің нағыз айы,  
Ақжолтай, сиқыр сөздің Ағыбайы,  
Тұранды ұран еткен қыран қазақ,  
Мағжан — ақындықтың Абылайы!

*2003*

## Кешіре гөр...

Мағжанды айтпай жаныма жыр түнемес,  
Зор тұлғасын жеткізді шіркін елес.  
Мағжандықтың ұшқыны дарымаса,  
Акын болып атану мүмкін емес.

Асыл сөзі Исатай жебесіндей,  
Абзал екен ақындық төресіндей.  
Сөз сарайы жабулы жаңа ашылды  
Алатаудың бұлт басқан төбесіндей.

Қағады екен қырандай тиіскенін,  
Жүрегiнiң төгіпті-ау күміс кенін.  
Жауға қатал, досына адал екен,  
Сүйіп өтер бір мәрте сүйіскенін.

Сактай алмай тасада «күндесiнен»,  
Тiрi айырды сұм тағдыр жұлдесiнен.  
Қайран елiм,  
Түсiндiм бүгiн ғана,  
Қанша қасiрет,  
Қаншама мұң кешiп ең.

Ат ойнатсам шыққанда жар басына,  
Арыстардың түсермін арнасына.  
Дүлдүлдерден айрылып,  
Килігіппіз  
Есек жеккен тарихтың арбасына.

Мағжан десек –  
Кең дала өсіп көгі,  
Жалт қарайды жас бала бесіктегі.  
Батыр Баян төрлетсін,  
Қияметтей  
Тағдырымен қоштасып есіктегі.



Қайта оралған,  
Жасай бер, есіл өнер,  
Тудай толқып, желбіреп, көсіле бер.  
Осы екен ғой «ештен кеш» дегендері,  
Кешеулесек, жан аға, кешіре гөр.

8.11.1991.  
Мәскеу

## Ақ тырналар

Барады аспандатып ақ тырналар,  
Тізілген бұлт төсінде ақ сырғалар.  
Қарады ақырғы рет жаутаң қағып,  
Ғаламат жер бетінде таптырмаған.

Көз тұрмас көріп тізбек-легінді,  
Білсенші бебеу қакқан жүрегімді.  
Кетер деп туған жерден кім ойлапты,  
Айта алмай қалдым жалғыз тілегімді.

Кең сайда ойнаушы едін лала гүлдей,  
Қалды ғой кеткенінді дала білмей.  
Алыстан ғашық әні естілгенде,  
Жүрегім лүпілдейді бала күндей.

Сағыныш мұң құйып па, сыр құйып па?  
Ұштындар іліп алып күнді иыққа.  
Құс көші ақша бұлтқа кірген сайын,  
Барамын терең батып тұңғыққа.

Жан зекет, сыйлы күндер көрген едім,  
Толғантты қимай қанат сермегенін.  
Тағдырдың жүйрік жүрек бере салып,  
Қарашы ұшар қанат бермегенін...

## Мағжан аға орындалған арманы

Отарлық пен бодандықтан шаршаған,  
Осынау күнге болды құрбан қанша адам?!  
Желтоқсанның дүбірімен ұласқан,  
Атты таңым ата-баба аңсаған!

Сол қуаныш күннен-күнге жетілсін,  
Тар бөгетті тағдыр жолдан кетірсін.  
Тәуелсіз ел шаңырағы шарықтап,  
Төрі шалқып, іргетасы бекінсін.

Алатауда көштің ізі өшпейді,  
Құт жайлады Сарыарқадай төскейді.  
Есілдегі Астананы көргенде,  
Жаның толқып, көңілің қалай өспейді?!

Ортақ табыс – Астананың толғағы,  
Ол – біздің ел сәулеттірек болғаны.  
Ол – Қазақтың ақ маңдайы жарқырап,  
Нығайғаны бақ-дәулет пен қорғаны.

Ата-бабам жебеп, қолдап, жөптерлік,  
Дербес ел боп талпынуға жетті ерлік.  
Мағжан аға орындалып арманы  
Аласапыран асуларды өткердік.

Алтай, Атырау тағдыр жолын бір кешіп,  
Жетісумен Жайық жатыр тілдесіп.  
Ордабасы Ұлытаумен жалғасты,  
Абылай қонған Көкшетаумен бірлесіп.

Сырласқандай самал желдің сыбыры,  
Қандай ғажап шат қуаныш дүбірі?!  
Жан толқытқан  
Жалғыз ғана тілек бар:  
Шексіз болсын тәуелсіздік ғұмыры!  
Мызғымасын Қазақстан тұғыры!

*18.06.2001.*

*Алматы*

Жан сырына бөгет болмас еш жарлык,  
Жүз жылғы ойран,  
Топалаңға көз салдык.  
Туған елім  
Дербестікке қол созып,  
Мағжан, Ахмет, Міржақыпты еске алдык.

Ұмытпадык  
Сұлтанбек пен Тұрарды,  
Шәкәрімге ізет еттік тұмарлы.  
Сәкен, Ілияс, Бейімбет пен Жүсіпбек,  
Аруақтары жебеп шаттық құралды.

Жетпіс жаста Үкілі Ыбырай атылды,  
Зарлап қалды «Гәккулері» татымды.  
Зардап шекті артта барша ұрпағы,  
Зұлмат өмір жеңді арайлы ақылды.

Жау жағадан, ит етекпен арсылдап,  
Алғанына  
Шыдамассың жан сыздап.  
Қырандары оққа ұшқанда қазақтың,  
Қарғалары төрге шықты қарқылдап.

1994

## **Тұманды сағымдар**

Көзімнен кетпейді шырайлы ағындар,  
Ақша да, көкше де шағылдар.  
Жезкиік жарқ етсе  
Сексеуіл секілді,  
Селк етіп құлшынар шағым бар.

Ел-жұртты жайлады ашқылтым ағындар,  
Ағындар оятқан таным бар.  
Қарағай секілді,  
Аяздан жасарған,  
Тағдырға қасарған шағым бар.

Қалалар! Қалалар! Қалталы жауың бар,  
Асқына бастаған дауың бар.  
Қазағым киналып,  
Азабым көбейіп,  
Көп кесел тартты ғой ауылдар.

Қырсығып барады құйынды дауылдар,  
Ашылмай қалатын жағың бар.  
Жұт жылдам тарады,  
Құт қайтып барады,  
Токтатар амалын табындар!

Сансырап қалыпты сан түрлі дарындар,  
Естілер қонырау қағындар!  
Ол тойып кекірді,  
Сен тонып секірдің,  
Бір шығып, бір кірген жаның бар.

Әйтеуір, санамда ортаймас арым бар,  
Шошынты талапай сарындар.  
Ертеңді барлайық,  
Адасып қалмайық,  
Ашылсын тұманды сағымдар!

1994

\* \* \*

Саясат деген сайкал бар,  
Әр заман қызыл түлкісі.  
Көшеде шуды байқандар,  
Құрғандай базар жыл құсы.

Саясат – жетер ақылы  
Білікті ерлер жарысы.  
Женсін де, озсын ақыры  
Адалдық атты ар ісі.

Жетпей де қоймас жүйрік бар,  
Қызылды танып құйрықтан.  
Тәуекел деген бұйрық бар,  
Іледі қыран құйғытқан.

Беу, достым, зерле сен-дағы,  
Не бітер отпен ойнасаң?..  
Сүйеніш болам мен-дағы,  
Халқымның мұнын ойласаң.

*13.08.1994*

### **Берік жан сертіне**

Мағжанмен танысқан  
Кім болмас жақыны?  
Заманмен жарысқан,  
Ол – өжет арыстан,  
Арпалыс ақыны.

Азатшыл ой кернеп,  
Әр буын сайрап тұр.  
Ғашыққа қол сермеп,  
Ой қозғап, бой тербеп,  
Әр дыбыс жайнап тұр.

Жүрекке жол сызар  
Бостандық сәлемі.  
Болымсыз тез қызар,  
Емес ол ел бұзар,  
Ел қосар жан еді.

Не десе құба-құп,  
Пайғамбар сыйындай.  
Жас күнде құлазып,  
Жатты ғой бұл азық  
Біздерге бұйырмай.

Ол кетті қамаулы,  
Сүйдін деп Тұранды,  
Кер заман жамаулы,  
Ерді алдын қалаулы,  
Ұмытып Құранды.

Берік жан сертіне,  
Дүбірге қайралды.  
Күйсе де өртіне,  
Бар қазақ дертіне  
Жүрегі байланды.

Сағына қоймапты  
Ол Алтын Орданы.  
Өшкені ойлантты,  
Көшкені толғантты  
Қара орын қордалы.

Болсақ кең пейілді,  
Санамен санасар.  
Ол – ақын зейінді,  
Абайдан кейінгі  
Тұғырға таласар.

Жөн сөзге келіссен,  
Дей көрме ертегі.  
Ел үшін керіскен,  
Қайғы, шер бөліскен  
Ол – қазақ ертеңі!

## Тағзым

### *Бірінші өлең*

Есеп беріп жатыр бүгін кім кімге?  
Мағжан аға, дүбір сырын білдің бе?  
Атылғандар,  
Асыл жандар, сіздерге  
Барлық қазақ бас иіп тұр бұл күнде.

Сұмдық сол ғой – ақынды ату жазықсыз,  
Қалды дала айқын Темірқазықсыз.  
Теңіздегі межешамдар сөнгендей,  
Біздің кеме тасқа ұрылды азықсыз.

Аштық қаулап,  
Оксыз жаулап жұт келді,  
Аш-жалаңаш  
Арып-тозған жұтты елді.  
Екінің бірі...  
Шейіт болды сол жылдар,  
Бүкіл қазақ құрып кетер бұлт төнді.

Соны айтам деп Үкілі Ыбырай атылды,  
Кетті ірілер Тайжандардай татымды.  
Сәкен, Илияс, Міржақыптар, Ахметтер...  
Білмей өстік біз мектепте атыңды.

Келе жатыр жаңа ғана ес кіріп,  
Ештен жақсы  
Құтты келген кештілік.  
Мағжан аға! Сенің кәусар жырыңды  
Сақал-шашқа ақ кіргенде естідік.

Қазағымды азат жолы ирелен  
Кейде қорлап, тірі өліктей сүйреген.  
Сол сүйреуге көнбеймін деп атылған,  
Мағжан аға! Сізден мінез үйренем.

Ойлай-ойлай,  
Кейде ауыр күйге енем,  
Асау тағдыр қайғысы жок үймеген.  
Атылғандар, бүгін аттап шықтыңдар  
Атқандардың шаңырақтарын күйреген.

*Екінші өлең*

Есеп беріп жатыр бүгін кім кімге?  
Шындықты айтпай, шер тарқату мүмкін бе?!  
Аштық жылдар шейіт болған әкесін  
Көрмей өскен балалар бар бұл күнде.

Есіл бетте қос әкем,  
Көкшетауда қос анам, –  
Қос зиратта жатыр төр мен босағам.  
Бойға қуат, қанат бітсе көңілге,  
Ойландаршы, не көрмепті осы адам?!

Қанша мұнды мен төгілтсем бір күнде,  
О, немерем! Санана сыр ілдің бе?!  
Қос атаңның тұрып қайттың басында,  
Үнін ұқтың зиратта өскен гүлдің де.

Өзім-дағы сол гүлдердің бірімін,  
Екі ананың, екі атаның ұлымын.  
Көкше! Есіл!  
Таласпандар мен үшін,  
Тең ұстауға жетер ақыл, білімім.

Мөңгүрт тартты  
Қанша пенде санасы,  
Кетті атылып қанша қазақ данасы?!  
Көп кеселге ұшыратты-ау ел-жұртты  
Адамдардың ішкі-сыртқы аласы.



Осыны айтқан Мағжандарды кім жықты?!  
Пәле жапкыш  
Кім бастады сұмдықты?!  
Атылғандар,  
Бәрін біліп, үн қатпай,  
Сендерсіндер ұстап тұрған шындықты.

*Үшінші өлең*

Есеп беріп жатыр бүгін кім кімге?  
О, Қызылжар! Құлаққа сыр ілдің бе?  
Сарытомарда туған асыл ұлына  
Бүкіл казак бас иіп тұр бұл күнде.

Мағжан аға! Хабар салмай көп жүрсең,  
Шындық үшін құрбан болып өттің сен.  
Қапаланба, кара бұлтты қак жарып,  
Кеністікке бізбен бірге жеттін сен.

Сәтті күнде айтылар сыр көп менде,  
Көптен де көп  
Сұм тағдырға өкпем де.  
Соның бәрін шолып өттім тағы да,  
Ансап күткен дербестік күн жеткенде.

Құраншыл деп, тұраншыл деп өзінді,  
Ұмыттырса, болдық біздер төзімді.  
Енді бүгін сол ұраның жарқырап,  
Билеп алды ынта, жігер, сезімді.

Арман жалғап ел көксеген арманға,  
Нұрлы есімін шарықтады әр маңға!  
Асыл бейнең межешам боп көрінді,  
Межешамдар бүгін сөніп қалғанда.

Тұраншылмыз, құраншылмыз, азатпыз,  
Көрген бақыт келген жоқ қой азапсыз.  
Айқын бұрдың бетімізді кең жолға,  
Біз өзге емес, біз мағжаншыл қазақпыз.

О, замана! Ел сүйсінер нұсқаға,  
Мағжан сөзін әсте жабық ұстама.  
Шарықтасын, канат бітті бұл күнде  
Қос қанаты майырылған құсқа да.

Арыстардың арман, сертін ақтаймыз,  
Байтақ елді біршілікке баптаймыз.  
Кері қарай тарих қайта жүрсе де,  
Туған елдің дербестігін сақтаймыз.

Қам көңілді бір жеңілтіп өтші, өлең,  
Сәт осы еді-ау, дүлдүлдерім көксеген.  
Көгілдір ту желбіреп тұр төбемде,  
Көтергендер мағжаншылдар деп сенем.

Түгелденіп түркі емес те, түркің де,  
Есеп беріп жатыр бүгін... кім-кім де.  
Атылғандар! Торқа болсын топырағың,  
Барлық қазақ бас иіп тұр бұл күнде.

1991

## **Есілге қонған аққулар**

Есілге қонды аққу-қаз,  
Ақ қанат сылқым сусылдап.  
Жағада тұрып болдым мәз,  
Сағынған әннен сусындап.

Айдынның беті жанады,  
Естіліп ерке саңқылдар.  
Жүрекке жалау байлады,  
Есілге қонған аққулар.

Қызығып асау Есілге,  
Аз емес ойға түйгенім.  
Есімде, ауыл кешінде  
Бетіңнен алғаш сүйгенім.

Толқытып құстар оралған,  
Құба тал кетті желкілдеп.  
Оянды сезім жоғалған,  
Сағынған жүрек елжіреп.

Жанарың қонды жанарға,  
«Гәккуге» салса аққу-қаз.  
Өзіңнен жеткен хабарға,  
Жалғанды жаным айтып наз.

Сұлу ән еркін төгілді,  
Тулады жүрек бір демде.  
Ажарын көзге көрінді,  
Аққуды аққу сүйгенде.

Қарағай, қайын желпінді,  
Құстарға карап анталап.  
Биледі менің еркімді,  
Жер-көкке қонған махаббат!

*24.04.2000.  
Қызылжар*

## **Абайды айтып мақтанам**

*(Тайыр Мансұровқа)*

Мақтаналық, ағайын, мақтаналық,  
Жасқанбайық, тастамас тақтан алып.  
Басты кезек, елімді марапаттау,  
Маған тисін бүгінгі астаналық.

Шарыктасам – Шал ақын еліненмін,  
Ақан сері, Үкілі Ыбырай тегіненмін.  
Сегіз сері, Біржан сал әуеніне,  
Ақ бесікте әлдимен телінгенмін.

Адамбыз ғой, дүниеге аз күн қонақ,  
Жүрегіме берді анам шабыт орап.  
Қыз дегенде мінезді, қыза тартар,  
Ғалияшыл үйретті Балуан Шолақ.

«Айттым сәлем» дегенде түрленіп өң,  
Сыныптасты жуытпас игеріп ем.  
Сұлуларға сұқтанып хат жазуды  
Өзге емес Абайдан үйреніп ем.

Сінді осылай мінезге абайшылдық,  
Абайшалап ашылды талай шындық.  
Бір Әйгерім дүниеде жолығар деп,  
Абай көзбен жан-жаққа қарай тудық.

Көл жағалай тосқандай құс легін,  
Орыс халқын сыйлауым күшті менің.  
Ақ патшаны отаршыл мактамасам,  
Мәңгі сүйіп өтемін Пушкин елін.

Абай, Пушкин ғажайып мүсіндерін,  
Әкім Тайыр орнатты – түсінгенім.  
Бір ағашқа сүйеніп қос дана тұр,  
Мүсіншінің ұнаттым ісін керім.

Мағжан ағам Абайды мактағанда,  
«Ақын-Хәкім» ат тақты жақсы адамға.  
Сәбит, Ғабит, Мұхтармен дос боп өтті,  
Абайсүйгіш дәстүрім шақталар ма?! –

Деп, «Сенсің ел данасы» жинағымды,  
Жария еттім жайнатып жан-бағымды.  
Абайды айтып шөберең сенін-дағы,  
Бекітемін бесікте құндағыңды.

«Еңбек» атты ауылымды үнді еткені,  
Молдахмет атамның үйреткені.  
Үкілі Ыбырайдың шәкірті бала күнде,  
Абай әнін айтуды міндеттеді.

Абайға арнап шығарған кітаптарды,  
Солтүстіктен молырақ кім актарды?  
Бабамыз да, рухани данамыз да,  
Абайтану бұл жақта тұрақталды.

Абайшылдық кетпейді көмейден де,  
Ақынжанды жерлестер көбейген бе?!  
Осы күнде Қызылжар, Абай десек,  
Асып кетіп барады-ау, Семейден де.

*19.10.2007*

## **Қорқыт ата**

Қорқыттың тегі түрік, ұлты казак,  
Баршаға бақыт іздеп шекті азап.  
«Жер ұйық жасаймын» – деп туған жерді,  
Қыл қобыз бебеулеткен үні ғажап.

Желісін бұзбай өтер ұзақ күні,  
Желмая мінді оздырмас тұяқтыны.  
– Өлімнен қорғаймын – деп қиялдады,  
Адамдай ақыл кені зияттыны.

Кер маздак, коңыр боздак күйі жалын,  
Ақтарса көкей кескен мұнын қалын;  
Есімін Мағжан-аға аңыз еткен,  
Ел-жұрттың ойлап өтті мүшкіл халін.

Қорқыт-күй мәңгі толғау тынымы жоқ,  
Нұр шашқан сан ғасырға жылуы көп.  
Ажалмен арпалысқан сиқыр сарын,  
Сақталды асқақ арман тұнығы боп.

1994

### **Аманжол Қошановпен әңгіме**

Аманжол, бүгін саған сыр айтамын,  
Мұң шалған кам көңілді тыңайтамын.  
Бұл күнде күзгі шуақ суықтанды,  
Өмірдің әкелгендей сынар шағын.

Тіршілік көп үнілсем желісіне,  
Толмайды көңіл уақыт бөлісіне.  
Мен кейде мең-зең болам достарды ойлап,  
Өршіген өрт тигендей өрісіме.

Тағдырым өмір жолын толымды етті,  
Десек те: мұң шарпыған өмір жетті.  
Асыл дос, бір ананың егізіндей,  
Сұм ажал ерте әкетті Орынбекті.

Дос санап ағаларды бағаладым,  
Бар еді-ау, талай асқақ дара дарын.  
Ебіней, Сырбайларды ойлап кетсем,  
Қаулайды көкіректе ала жалын.

Маңайым кейде шөлдей құлазиды,  
Көшкен бұлт Манашты айтсам мұң тасиды.  
Тарихтың тамыршысы досымызға,  
Қатал оқ қапылыста тура тиді.

Өрнегін көп өкініш ойып салдым,  
Ой, Алла, өз-өзімнен мойып қалдым.  
Аулымда үлкендердің бәрі аттанып,  
Әулеттің ең үлкені болып қалдым.

Осылай ойран-асыр ой келеді,  
Егделік көп елеске бой береді.  
Аманжол, сен сырқатты дереу тоқтат,  
Тек сонда ой басылып, той келеді.

*18.02.2008.*

*Астана*

## **Туған жер**

Араладым талай жер шартарабын,  
Орындадым ортаймас жан талабын.  
Өздеріңнен артық жер жаралмапты,  
Алатауым, Көкшетау, Карқаралым!

Бастан кешкен көшпелі сан ғасырды,  
Ойлай берем Ұлытау, Балқашымды.  
Ақ маралы Алтайдың естен кетпей,  
Елестетем ауылдас қалқашымды.

Балқан барып байлығын байқағаным,  
Сұлулығы тандаңса сай саланың.  
Жетпей тұрған бір жерін іздегенде,  
Аттарыңды ардақтап қайталадым.

Келбеттерің елестеп сағыныштан,  
Мезеттерде жер беті сабылысқан.  
Таңғажайып тәтті сәт болады екен,  
Тентек жүрек ауылға алып ұшқан.

## Саумалкөл

(Бәйкен Әшімовке)

Саумалкөл, айналайын келбетіңнен,  
Сендей көл көрмей келем жер бетінен.  
Шомылсам көк толқынға құндақталып,  
Жатқандай сәби болып тербетілем.

Алыстан бір көруге асыққаным,  
Барады асыққаннан тасып қаным.  
Қайтадан бозбала боп кетейінші,  
Кездесе, бала күнгі ғашықтарым.

Саумалкөл, көңіл толқып сырласқаным,  
Жол тосып жүрген шығар құрдастарым.  
Жағанда жастық шақтың ізі жайнап,  
Төгілер айтылмаған жыр-дастаным.

Белгілі шаттығым мен саған қайғым,  
Сағыныш салған дертті баяндаймын.  
Күлімдеп айдынына ай конғанда,  
Қаракөз жарқ етер деп алаңдаймын.

## Бір ауыз сөз

Бір ауыз сөз қасіретті тыяды,  
Бір ауыз сөз айықпас дерт жияды.  
Бір ауыз сөз әлемге әйгі еткізсе,  
Бір ауыз сөз жаманатқа қияды.

Бір ауыз сөз мұхиттарды жалғайды,  
Бір ауыз сөз ұран болып самғайды.  
Бір ауыз сөз ұшса бақыт құсы боп,  
Бір ауыз сөз арсыз жандай алдайды.



Бір ауыз сөз таң шолпанын әперер,  
Бір ауыз сөз аңандай боп мәпелер.  
Бір ауыз сөз ұл туды деп қуантса,  
Бір ауыз сөз әке өлімін әкелер.

Бір ауыз сөз жан тетігін табады,  
Бір ауыз сөз мың әуреге салады.  
Қимас жандар көз жұмарда қоштасып,  
Бір-ақ ауыз сөз айтысып қалады.

1968

## **Жеңеше**

*(Шәмшіқамар Құрманқұл келініне)*

Ауылға барғанда: «қайным», — деп,  
Өзгеден сен қанат жайдың көп.  
Шіркін-ай, білгім кеп тебіренем,  
Жүгіртіп қойды екен қай міндет?

Есімде кешегім, бүгінгім,  
Балдырған күндерге үнілдім.  
Жеңеше алдымда жүгірме,  
Өзімнің келіп тұр жүгіргім.

Жүректің лүпілін санасам,  
Жасарып кеттім жас балаша.  
Ақ көңіл, кең пейіл жеңеше-ай,  
Мінезің не деген тамаша?!

Жүрсем де ауылдан шеткері,  
Ұзамас көңілімнің кептері.  
Ауылымның үлкені болдыңдар,  
Үлкендер аттанып кеткелі.

Жаркырап тар үйің сарайша,  
Шаттандың достарым молайса.  
Анамдай ардақты жеңеше-ай,  
Мен парыз ақтармын қалайша?!

1980

\* \* \*

Жақындап көңіл ашқанда,  
Жадырап жүзің жебеп қал.  
Жайнаған жұлдыз аспанда,  
Қолыңа түсер себеп бар.

Шын ғашық көңіл жықпайды,  
Күдікті бойда тежеп қал.  
Жүректі жүрек құптайды,  
Тіліне тисе керек бал.

Қаншама у-ын татсаң да,  
Махаббат мұңын бөлеп қал.  
Жайнаған жұлдыз аспанда,  
Сөніп те қалар себеп бар...

07.03.2003

## Экспромт

Азайғандай жас жетпей жылулары,  
Тіл мен көмей жабулы тұрулары.  
Қыздырмайды Қызылжар қыздарындай.  
Ах-ау, Семей, тым салқын сұлулары.

Суға барсам балыққа қармақ сала,  
Қайығын да береді жалға ғана.  
Бақшадағы бар жеміс бүрісіп тұр,  
Көз тартады бір жалғыз алма ғана.

1994

## Қазақтың үш асылы

Сәбит, Ғабит, Ғабидендей алыптар,  
Қазағымның сөз кестесін анықтар.  
«Жұмбақ жалау», «Қарағанды», «Ұлпандар»,  
Жер-жаһанда мәңгі-бақи шарықтар.

Сәбит десең Есіл, Көкше желі еспек,  
Ғабит десең ғашық бейне кеңеспек.  
Ғабиден мен Қарағанды егіздей,  
Бәрінен де тұрар қазақ елестеп.

Үш теңізім, үш дария, үш тауым,  
Басылмайтын үш бұрқасын, үш дауыл.  
Ата-баба аруағы қолдаған,  
Үш жайлауым, үш ардақты қыстауым!

*10.03.2002*

## Түркістандық биіктен

*(Мұхтар Құл-Мұхаммедке)*

Түркістанға оң сапарды құптадым,  
Абылай ханға тағзым ету – ұққаным.  
Алатаудан шыққан көштің алдында,  
Ала тудай алға тарттын Мұхтарым!

Қайсарлығың – жүректі кең ашқаным,  
Ел енесін бір көтеріп тастадын.  
Айқындалып ұлы ханның мәйіті,  
Қайта жерлеу парыз жолын бастадын.

Байқап тұрсақ, соның бәрі тегін бе?!  
Тарқап кетті сағым-киял шерім де.  
«Неге?» – десең,  
Рухани ел төрі  
Абылай ханның ұйықтап жатқан жерінде.

Елбасы жүр барлық істің басында,  
Ол ғибрат жетер талай ғасырға.  
Ұлы ханның ұрпақтары атынан,  
Шотаның тұр қолтаңбасы тасында.

Ата салты, дін мұсылман ғұрпымен,  
Белгі орнатсақ зерлеп мәрмәр құлпымен.  
Отан-ана ақ тілегін ақтадық,  
Шоқан бабам, акын Мағжан рухымен.

Мұхтар, сенің иманжүзді нұрың бай,  
Өжеттігің Махамбет пен Сырымдай.  
Ар-намыстың арқасында көріндің,  
Абылай ханның аруақ қонған ұлындай.

Мен аулақпын ескілерше үгіттен,  
Арқалысын, жомарт жаның сүйсінткен.  
Абылай ханның аруағы көтеріп,  
Қанат қақтың түркістандық биіктен.

*17.03.2000.*

*Түркістан*

## **Бір жаңартып өтетін**

Кей қаланың аты әншіл үн берді,  
Ақмоламыз Астана боп үлгерді.  
Кей қалалар атын жиі өзгертіп,  
Әр заманға сай боларлық күн көрді.

Ескі Ермак Ақсу болып оналды,  
Ата жұртым нұры жанған өң алды.  
Шетте жүріп елге жеткен секілді,  
Тараздарым өз атына оралды.

Ал, Павлодар мызғымай тұр шертиіп,  
Сыйлық емес, «дар» дегені шер-күйік.  
Ақ патшаның бекінісі емес пе,  
Намыс қозғап тұрған өңсіз мелшиіп.

Сан ойланып,  
Сана мұнын кешесің,  
Өтпеді ғой ұлыққа айтқан неше сын.  
Петропавловск дегенді ерсі көремін,  
Басып жүріп Қызылжардын көшесін.

Тағдыр осы өңменіңе жететін,  
Жалқы сәтте мөнгүрт етіп кететін.  
Салт-санама сыйыспайтын аттар бар,  
Кезі келді бір жаңартып өтетін.

Гәптің бәрі түпкі негіз затында,  
Затын ойлар бар ғой берік хақым да.  
Орыс достар қалдырмауды қолдасын,  
Қос қаланы ақ патшаның атында.

2002.  
Алматы

### ***Есілдегі астана***

Қоштасып карт Алатау астанамен,  
Көш тартты Сарыарқаға басты мәрем.  
Ақ орда мәртебелі Ақмолаға  
Сәт тілеп, байтақ елім айтты сәлем.

Бұл күнде бүкіл әлем таныс маған,  
Көшіме көлік қосты ғарыш-ғалам.  
Қалықтап қанат жайды ақ арманым,  
Азаттық ақ жолында қарыштаған.

Бастасам асыл әнді ақ жүректен,  
Ақмола, нұрың жансын ақ тілектен.  
Көгілдір туым жайнап желбірей бер,  
Қазақты жер шарымен тату еткен!

12.07.1997

\* \* \*

Көшіп келдім Астанаға мен кеше,  
Тамсандырды сұлу үйлер, кең көше.  
Көңіл жығып  
Қалай ғана шыдайын,  
Есілдегі Елордасы кел десе?!

Бөгенбайдың көшесінде тұрағым,  
«Бәйтерек» те жарқыратты шырағын.  
Қарлы аязда ауыл қызы құшқандай,  
Күн күлімдеп,  
Жайнатып тұр шуағын.

Түн де жақсы алақанға ай түсер,  
Ақ дидарын ақ көңілге сай пішем.  
Достарыма сары қымыз сапырып,  
Отырғандай қак төрімде бәйбішем.

Көңілді екен көшедегі бар халық,  
Үлкендерге бір-бір сәлем арнадық.  
Бірге оқыған достарымнан ес кетті,  
Ести сала ерулікке қамданып.

Жайраң қақса жап-жас қала жанданып,  
Жан-жағыма қарай берем таң қалып.  
Көз ұшында Парламенттің үйі тұр,  
Сал-серідей төсін кере панданып.

Сәкен ағам ақ жолыма сенгендей,  
Жалт қарады көзімнен сыр тергендей.  
Ұлытауда ұлттық кеңес ашқандай,  
Үш би отыр ақ батасын бергендей.

Хан Кенеге қарай қалсам пір тұтып,  
Көкке өрлеп тұр Салкүреңін жұлқыntyп.  
Көк Есілден қарғып өтер деп қалдым,  
Бүкіл елді болашаққа ұмтылтып.

24.02.2003

Астана

\* \* \*

Қарағым қандай ғажапсың,  
Биязы, нәзік жаралған?!  
Жанымды нұрын тазартсын,  
Аққудай көлде таранған.

Сөйлеген сөзің керемет,  
Жем тосқан қара торғайдай.  
Лебізің ләззат себелеп,  
Іздеген бақыт қонғандай.

Көзге көз түсіп кеткенде,  
Жүректі жұлып аласың.  
Ойланар сәттер көп менде,  
Сағыныш тартып жазасың.

Абайлап сөйлер жан-жақты,  
Әсемсіп, сәнсіп сызылмай.  
Тілің де сенің тәп-тәтті  
Біздің ауылдың қызындай.

Көркіңе жөндеп қарайын,  
Сөйлей бер, сөйле, ақ мандай.  
Ерекше шабыт алайын,  
Ел жаққа барып қайтқандай.

16.10.2007

## **Көкшетауға**

Көкшетау, төбең биік мұнар ма еді,  
Қайғы-шер екеумізге құмар ма еді?  
Сұм жалған қайта, қайта сынатпаса,  
Мұң шалған ән жүреkte тұнар ма еді?

Көк тұман «Оқжетпеске» төгіледі,  
Екі көз мың елеске бөлінеді.  
Тұрғандай Кенесары Наурызбаймен,  
Айыртау қос өркеші көрінеді.

Кона алмай «қара торғай» кара жерге,  
Қалықтап көңілі тоймас барады өрге.  
Ән қосты Ақан сері ақ маржандай,  
Төгілген қолтығынан кара терге.

Жел тербеп қоныр кеште самал ессе,  
«Жезкиік» Құлагерді салады еске.  
Шошимын жазатайым мерт болар деп,  
Құлшынып саяғынан дара кетсе.

Күрсінсем көңілде өшпес сағым бардай,  
Тау іші жаңғырықты сабыр қалмай.  
Аққу-қаз қоныр кешті күңіrentті,  
Үкілі Ыбырай әнін сағынғандай.

Ажалға ең асылды қалағандай,  
Жабылды жазықсызға пәле қандай?!  
Көзіме ақын Мағжан елестейді,  
Атылған Ақбураға карағандай.



Мекені Біржан салдай қыран ердің,  
Қайғысын көрдің талай мұрагердің.  
Жасымнан оза шығып соққы көрген,  
Өзім де біреуімін Құлагердің.

Келмейді бәрін тізіп айта бергім,  
Төбеңде қара бұлтты қайта көрдім.  
Ұмытып кетер едім  
Көз жұмғанша,  
Бакыты жанса дербес байтақ елдің.

*16.07.2007*

### **Ақ тілек**

О, тағдырым! Бергім келіп мол өнім,  
Әр сөзіме өмір нұрын төгемін.  
Мен ғашықпын самғауына Сәкеннің,  
Құс канат бер, тік шырқауға көнемін.

Дей көрмеспін:

– О, тағдырым тыным бер!  
Шәкәрімнің сан салалы мұнын бер.  
Шал акынның әзілінен бір жонып,  
Махамбеттің жау жасқантар қырын бер.

Бір сөз үшін жерден жеті теремін,  
Мың толғанам іздеп ойдың теренін.  
Не де болса мәрттігін бер Мағжанның,  
Ал, содан соң жетегіңе еремін.

Акын Қасым дабылы бар санамда,  
Ол дес келді біздің бодан заманға.  
Құлагершіл, кең далашыл жаралған,  
Ілияс акын дүбірін бер маған да.

Жарысканды кара шаңға көмілтіп,  
Құйындатып бір өтейін төгілтіп.  
Біржан салдың екпінін бер, бірақ та,  
Поштабайдан жасқандырма, шегінтіп.

Менің-дағы көп аңсатқан ақ гүлім,  
Жер-жаһанға «Жезкиік» боп тапты үнін.  
Ақан болып аққу құсқа ән қоссам,  
Құлагердей ұрып жықпа тап бүгін.

Тасқындасам бұлағы боп ән-жырдың,  
Есесін бер қапы кеткен сан жылдың.  
Он қабағым ашылардай бір үзім  
Бақытын бер жыр атасы Жамбылдың.

Әне, сонда дер едім мен күштімін,  
Көп бітірер өлеңім де іс, тыным.  
Тілегімнің ең үлкенін айтайын,  
Сыйла, тағдыр, Абайлықтың ұшқынын!

1995

## **Біздің ауыл**

Біздің ауыл – Үкілі Ыбырай ауылы,  
Қойны ырыс Жалғызтаудың сауыры.  
«Гәккулеткен»  
Аққулы өлкем осында,  
Осынау жерде қыз-бозбала тәуірі.

Көрші жатыр Ақан Сері мекені,  
Орынбайдың еліне әнім жетеді.  
Күлизатпен қосылғанда Елемес,  
Сексен көлдер... төңкеріліп кетеді.



Сеп тигіз қиналғанға шама жетпей,  
Көппен бол, әкімсініп дара кетпей.  
Біреуге жәрдем етсең көзге түртпе,  
Жөнге сал сүрінгенді мазак етпей.

Кен жүрек, әдептіден жан аспайды,  
Ақ ниет, адал көңіл адаспайды.  
Мақтаншак, өтірікші, ынсапсызды,  
Жат түгіл жақыны да аластайды.

Жалқаудың жиналмайтын төсегі көп,  
Жаманның таусылмайтын өсегі көп.  
Жылмақай, жылпостарға жолай көрме,  
Олардан кісі өтпейді кеселі көп.

Топтасып кеңсе ішінде жік құрады,  
Асылды ақымаққа жықтырады.  
Пәлекет шенді жерге жеткеннен соң,  
Өзіне бағынғанды бұқтырады.

«Жігітпен тер аямай өрмелеген,  
Бірге бол, ірге бұзып көрме!» — деген,  
Есімде ұлағатты сөз асылы,  
«Үш жүзге бір қазақты бөлме!» — деген.

1984

### **Әр сөзіңе жан бітгі**

Ауыр ой мені басады,  
Мағжан десе оңалам.  
Жоғалмайды екен қашан да  
Артында мұра мол адам.

Сен қайтадан туғандай,  
Ауылына барсам тойды алып,  
Қасында бірге тұрғандай,  
Толқырмын ауыр ойланып.

Жасырын жатты есімің,  
Тарихтан сабақ алсақ та.  
Қазақтың алуан кешуін  
Аңғартты бізге әр сақта.

Қадірлеп ұрпақ ізінді,  
Паш етсе бүгін атынды,  
Ел ашты жарқын жүзінді,  
Қадірлеп өлең-хатынды.

Алдыңнан арай таң күтті,  
Ауырын шексең азаптың.  
Әр сөзіне жан бітті  
Арманы сіңген қазақтың.

Жайламас өмір өзегін  
Адамға адам сенбестік.  
Тарихтан алды кезегін,  
Сен аңсаған дербестік!

1991

## **Қызылжар**

Ақ қайын елі жайдары,  
Сарыарқа алтын айдары.  
Абылай ақ үй орнатқан  
Қазақтың ғажап аймағы.

Әнші де, ақын ғұрпыннан  
Көркіне терең сыр тұнған,  
«Гауһартас» сенсін құлпырған,  
Қыраны елдің Қызылжар!  
Жұмағы жердің Қызылжар!

Орман, көл толы айналаң,  
«Гәккулі» өлкем жайнаған.  
Сандуғаш сайда үніне  
Инжу мен маржан байлаған.  
Мағжандай қайсар жаралған,  
Ұлдары арыс сан алуан.  
Атадан мирас нәр алған,  
Қыраны елдің Қызылжар!  
Жұмағы жердің Қызылжар!

Ақ құба туған үлбіреп,  
Гүлден де сұлу гүлдірек.  
Ұлпанға тартқан ұлтжанды,  
Қыздары шымқай Қыз Жібек.  
Анамдай жылы жүрегі,  
Есілдей көпшіл тілегі,  
Достықтың берік тірегі,  
Қыраны елдің Қызылжар!  
Жұмағы жердің Қызылжар!

26.02.2006

### **Көгілдір өлкем, өңірім**

Көрінді таулар көгілдір,  
Көк мұнар сәлде жамылған.  
Көк шырша-сылқым өмір бұл,  
Жаралған көк ніл ағыннан.

Тұмардай көкшіл жайнаған,  
«Оқжетпес» қандай еңселі!  
Көк жібек көлдер айналам,  
Сексені бірдей сал-сері.  
Көгілдір маржан өрнекке,  
Ақырғы сәлем бермекке,  
Ақ бура шөккен жер осы,  
Оранған көкшіл жөргекке.  
Көгілдір еткен жер-көкте  
Сұлулық патша төресі.

Көк тоғай қолмен еккендей,  
Желкілдеп өзен бойлаған.  
Балқадиша өткендей,  
Құба тал желмен ойнаған.  
Балауса нәзік жауқазын,  
Көкаршын көзді гүл сұлу.  
Балқытпай қоймас жан назын,  
Балқурай көкшіл үн сұлу.  
Қарашы, кербез айбынға,  
Көгілдір аққу айдында,  
Салады «Қайран, Гәккуге».  
Құлшынып құшақ жайдым ба,  
Азайған шығар қайғым да,  
Бой сергіп ғажап тәтті үнге.

Көгілдір өзен мөлдіреп,  
Жүректің кетті тынымы.  
Өткендей болды желбіреп,  
Қыз калка толқын бұрымы.  
Көкжарма шатқал, көк жота,  
Көк мақпал шоқы, қыраттар,  
Көгілдір тартты ақ бота,  
Құлыншақ, козы, лақтар.  
Кекілін сипап жел өтсе,

Бұркырап исі ерекше,  
Көк барқыт арша боянды.  
Бір кездесу керек ше,  
Дем беріп көркем елеске,  
Сағыныш қайта оянды.

Әу, демде жер-көк табысып,  
Көгертті алқап өңірді.  
Сәулемен жаңбыр жарысып,  
Көгілдір маржан төгілді.  
Тазарды бұта мәуелі,  
Жарк етті көкшіл қаракат.  
Тоты құс ғашық әуені,  
Көкірекке шекті саяхат.  
Кенелтіп адам санасын,  
Кемітіп көңіл жарасын,  
Бурабай бәрін құрапты.  
Көгілдір, мөлдір, жаны асыл,  
Іздесең қайдан табасың.  
Осыдан артық жұмақты?!

Көгілдір аспан сарайы,  
Көгілдір күннің арайы.  
Хандық пен салдық жарысқан,  
Ел төрі Көкше маңайы.  
Көгілдір жайма кекілді,  
Қарағай бұлтқа жармасқан,  
Көгілдір жалау секілді,  
Аспанмен түсі алмасқан.  
Өзен-көл, орман аралас,  
Көгілдір таулар шала мас,  
Көркіне Көкше, құмармын.  
Бір күні тағдыр қызығып,  
Өмірім кетсе үзіліп,  
Көгеріп қайта шығармын.



## Тілінді қорға, қазағым!

Тіл – ұлтымның тірегі,  
Тандатпай тағдыр жолдаған.  
Тіл – ұлтымның жүрегі,  
Лүпілін Алла қолдаған.  
Тіл – Қорқыттың арманы,  
Асанқайғы өрлеткен.  
Тіл – Абай сөз орманы,  
Бұталы тармақ ер жеткен.  
Жүдесе жүрек хал бітер,  
Жабылар озар жүйріктен.  
Тілің тозса әл кетер,  
Сеп болмай қолда биліктен.  
Мән берсең әрбір сөзіме,  
Жан айқайын жазамын,  
Өз қолың жетсе өзіне,  
Тілінді қорға, қазағым!

Тіл десе түсер ауызға,  
Қаз дауысты Қазыбек.  
Айналған аты аңызға,  
Мәмілегер әділ қазы боп.  
Бергені тағдыр ғаламат,  
Төле бидей дананы.  
Әр сөзін етті аманат,  
Жоңғарлар қысқан заманы.  
Үшеудің бірі тең түскен,  
Бар Әйтеке биіміз.  
Ұтымды сөзбен кең пішкен,  
Солардан қалған тіліміз.  
Дербес ел салса тезіне,  
Аударар тағдыр назарын.  
Өз қолың жетсе өзіне,  
Тілінді қорға, қазағым!

Тіл – Абылай ұраны,  
Дербестікке бастаған.  
Тіл – Махамбет пырағы,  
Сегіз сері қостаған.  
Тіл – «Сарыарқа», «Саржайлау»,  
Құрманғазы, Тәттімбет.  
Тіл – туған жер, ақ жайлау,  
Ақ сүтпен сінген ақ міндет.  
Тіл – Мұхтарды тудырған,  
Білсін деп бізді бар ғалам.  
Тіл – Жамбылды ту қылған,  
Жеткенше жүзге сайраған.  
Зер салсам Мағжан сөзіне,  
Аңқып тұр талай азалы үн.  
Өз қолын жетсе өзіне,  
Тілінді қорға, қазағым!

Тіл – жалықпас мұрагер,  
Өлсең де жоқтау арнаған.  
Тіл – «шаппай бер» Құлагер,  
Алдына өнер салмаған.  
Тіл – Төлеген ажалы,  
Саналы жанды күрсінткен.  
Тіл – Қыз Жібек ажары,  
Жүрегі барды сүйсінткен.  
Тіл – үзілмес өз үнім,  
Шарықтап құмар қандырған.  
Тіл – Ләйлі, біз – Мәжнүн,  
Махаббат естен тандырған.  
Ұмытып бәрін қалмастай  
Шекпестей қорлық, мазағын,  
Тәлкекке заман салмастай,  
Тілінді қорға, қазағым!

Тіл – той-думан ғажайып,  
Немерем тілі шыққан күн.

Тап кеше құным азайып,  
Тап бүгін бәрін ұққанмын.  
Арка сүйер табыс бар,  
Ахметті бүгін ұққандай.  
Сәкен, Илияс – арыстар,  
Есімін елім құптардай.  
Ғұмырын тілге арнаған,  
Мәз-аға, сен де көп жаса.  
Қай көлім құссыз қалмаған,  
Қызғышы сендей болмаса.  
Ұқсаған алтын, жезіне,  
Әр сөзде жарқын базарын.  
Өз қолың жетсе өзіне,  
Тіліңді қорға, қазағым!

Тіл – ұлтымның намысы  
Ақылға қанат байлатқан.  
Тіл – мызғымас ар ісі,  
Бабалар жауын жайратқан.  
Төс қақпайық, ағайын,  
Жетістіктерді ескерем.  
Тілімді құртар манайым,  
Сынайын сезіп сескенем.  
Айтпасам жүрек көтермес,  
Толғаныс көп қой көңілде.  
Қимылсыз міндет өтелмес,  
Мәңгі арпалыс өмірде.  
Ұғымы берік орнаған.  
Өрістей берсін мазалы үн.  
Дәстүрім, ғұрпым қолдаған,  
Тіліңді қорға, қазағым!  
Тіл – тіршілік жалыны,  
Қызуы сөнбес от болар.  
Ол өшсе өмір сарыны,  
Жалынсыз қалған шок болар.  
«Қос тілдік құтты», – дегендер,  
Қармақтап ауға тұтады.

Орманға терең салсаң зер,  
Тілдерді тілдер жұтады.  
Шәкәрім сөзі казір де,  
Андашы, қажет татымын:  
«Ұққаның болса камын же,  
Ондасын істің ақырын».  
Сенейік дана ұстазға,  
Тартпастай құрдым азабын,  
Дербес ел, колда күш барда,  
Тіліңді қорға, қазағым!

*08.05.2005.*

*Астана*

## **Ақынға**

Күн келер күн артынан елеңдетіп,  
Қағыстан баяу басып әрең жетіп.  
Адамдар бір тәулікке қартайғанда,  
Ақындар қарсы алады өлеңдетіп.

Беу, ақын, алмас адам, ғаламатсың,  
Құлқың таза, саған кім жала жапсын?!  
Көз жұмып кетсең-дағы арпалыста,  
Қаласың жүрегінде жамағаттын.

Мойыма, күні оңбас сені атқанның,  
Туады рухың жайнап таң атқан күн.  
Қиналып кетсең-дағы озбырлыққа,  
Шарпиды шапағаты Жаратқанның.

Жер-аспан сонда қайта өзгереді,  
Жаңа өмір басталғанын көз көреді.  
Жас ұрпақ атыңды атап,  
Ардақ тұтып,  
Сен жоқсың, бірақ, саған сөз береді.

Шайлықпа, тіке сілтер қалам тартып,  
Сонда елің көрер сенің бағаңды артық.  
Шындықтың шырын бұзбай көзің ашсаң,  
«Туды, — дер Мағжан-ағам, — маған тартып!»

23.06.2004

### **Абылай ханның алаңында**

Бурабайда «Абылай ханның алаңы»,  
Дербес елде атағы тез тарады.  
Сұлу Көкше, орман-тоғай,  
Окжетпес  
Қоршап тұрған сұлулықтың аралы.

Әсем белгі, мұнара сәнді, зәулім,  
Андатып тұр тұңғыш Президент дәуірін.  
Табиғатқа, хан атына лайық,  
Жайнатып тұр кербез таудың бауырын.

Хан алаңын көру кірсе заныма,  
Кім қызықпас Абылайдың «Тас тағына?!»  
Қолдан келмес бұл керемет орнапты,  
Кең алаңның ең биіктеу жағына.

Ақындыққа сәт серік боп ергендей,  
Ғадетім бар құбылыстарды тергендей.  
Табиғи тас,  
Ойып, қашап, сәнді етіп,  
Қолдан құйып Тәңірім жасап бергендей.  
Жана өмірде  
Талай ескі жаңғырар,  
Жаңғырар да сан ұрпақты таң қылар.  
Таң қылар да Абылай ханның рухы,  
Әр жүректе өшпес белгі қалдырар.

04.01.2008

## Алатаудың бауырына құлап түсті

(Ғафу Қайырбековке)

Отты сөзі жаралған жалын-нұрдан,  
Жан еді ғой жар салған сағым қырдан.  
Барын сарқып бергенше дамыл таппас,  
Айырылды қазағым лағыл жырдан.

Көкірегін кернеген дәуір сазы,  
Күрсінтті ме өмірдің ауыр назы?..  
Кете барды артын қарай-қарай,  
Қара өленнің біртума дауылпазы.

Шаршы топты шайлықпай табындырған,  
Ұшқыр адам – жан сырын мәлім қылған.  
Туды сағат... актангер ақын Ғафу,  
Құлагердей өкініп сағындырған.

Әлдекімше жүрмейтін күйін бағып,  
Құзарт шында өзгертті шұғыл бағыт.  
Жігерлі жан  
Ешқашан бықсымаған,  
Кете барды лапылдап күйіп-жанып.

Аулақ еді алдамшы кулықтан да,  
Еркеленді тік сілтеп шындықты алға.  
Дүлдүл жүрек  
Бір күнде күрт жарылды,  
Ыза кернеп онаша булыққанда.

Арам шөпті аршыған гүл шоғынан,  
Сақ әулие сол еді жыр қорыған.  
Дүрбелеңде бір дана аңсатқандай,  
Кетті ме екен Сырбайдың  
Қыр соңынан.

Шабыт пірі жебеген көтермелеп,  
Тапты бүгін көктұйғын мекен бөлек.  
Алатаудың бауырына құлап түсті,  
Бүршік жарып Торғайда өскен терек.

03.11.1994

## Татьянаның Онегинге хаты

*А.С. Пушкиннен*

Сізге хат жазсам – не бітпек?  
Япырым-ау, басқа не дермін?  
Дерт шалған жаным не күтпек?  
Жек көрсен де көнермін.  
Бірақ та мені сергітпек  
Мінезбен, туар текіден,  
Кетпессіз тастап деп білем.  
Әу баста үнсіз қалмақ ем.  
Арыма менің сеніңіз,  
Білмей де жүрер едіңіз.  
Үмітке сенім жалғап ем,  
Аптада көрсем бір рет,  
Тіршілік берді жылы леп,  
Үніңіз келіп құлаққа,  
Тіл қатсаң қайтем гүлдемей,  
Сағындым күн бе, түн демей,  
Көз шалса деп жырақта.  
Мінездің сізде тұйығын  
Естідім бұл жер жақпастай,  
Біз өстік... бейқам, бұйығы,  
Бөтен ат сізге тақпастай.

Бұл жерге неге келдіңіз?  
Жан баспас шалғай қиырға.  
Жүрер ек білмей сізді біз,  
Түспес ем улы қиынға.  
Жанымның жабық мұңын да  
Уақытқа жұқ деп санамай,

Табар ем жүрек калауын,  
Жағар ем шаңырақ алауын,  
Адал жар, абзал анадай.

Басқа ма?! Жоқ, мен ешкімге  
Жүректі үзіп бермес ем!  
Ғашықпын, бірақ мен сізге  
Бұйырмай Алла ермес ем.  
Өмірім болды кепілі  
Кездесудің тек сізбен!  
Табылды жүрек тетігі,  
Иемсін Құдай жеткізген.  
Түсімде сізді көрдім мен,  
Елеске ессіз құмарттым.  
Мейірбан жүзің берді дем,  
Тынбады дауысың ұзақ түн.  
Тап кеше осы болған іс -  
Алдамшы көрген түс емес;  
Саяда туды толғаныс,  
Жадымнан кетпес тың кеңес.  
Шындық сол, анық естідім:  
Сыр шертті таныс кешкі үнің.  
Жарлыға жасап көмекті,  
Жатқанда сізге жебетті,  
Сағыныш толы кескінім.  
Сәт берсе тағдыр өжетке,  
Көріндің құштар мезетте.  
Жап-жарық түнде жарқ еттің!  
Періштембісің қолдаушы,  
Әзәзілмісің алдаушы:  
Күдігімді осынау шеш менің,  
Сарнау ма құр бос сандырақ.  
Алдау ма жаным кешкені,  
Арбауға түсіп абдырап.  
Амал жоқ! Менің тағдырым  
Берілді берік қолына:



Көз жасын төгіп, жан сырын,  
Арнаймын сенің жолыңа...  
Жалғызбын, жар бол, жалынам,  
Түсінер жан жоқ қасымда.  
Мәжбүрмін қажып, жасуға,  
Талықсып, естен жаңылам.  
Кездесу ондар ісімді,  
Жанарың артық бар емнен.  
Не сен бұз, ауыр түсімді,  
Амалдап айқын дәлелмен!

Токтайын! Құртып берді, рас,  
Ұят пен үрей төзімді.  
Мен үшін арың айнымас,  
Қолыңа бердім өзімді.

### **Мәдидің ескерткішін ашқанда**

Ассалаумағалейкүм, Қарқаралы!  
Шыдатпас сені аңсатқан жан талабы.  
Жарқ етті тау басында жалғыз арша,  
Арудай мені тосқан Арқадағы.

Дербес ел саған бүгін тамсанады,  
Үр жана ән қозғайды таң самалы.  
Басыңнан бұлттар көшіп,  
Осы емес пе,  
Қайғы-шер Мәди айтқан тарқағаны.

Өткен күн бүгін анық байқалады,  
Білгендер шын жүректен айта алады:  
Зар қағып, Мәди әнін ұран етіп,  
Бар қазақ қиын күнде қайталады.

Түрмеде жанға батып шаршағаны,  
Мұн төксе ел аралап асқақ әні.  
Бұл күнде ұлағаттап ұрпақтары,  
Ескерткіш жарқылымен жар салады.

Енесін көтергендей сай-саланың,  
Мәдиге белгі орнатқан бай талабың.  
Есен бол,  
Ермегяев Амангелді,  
Ел сүйер ерен жүкті арқаладың!

Естісін бүкіл қазақ шартарабы,  
Бір әннің болды-ау, шіркін, қанша мәні.  
Сол үшін алғыс айтқан ұлы атаңа,  
Думан-той құтты болсын, Қарқаралы!

*14.09.2007*

### **Құтты өлке**

Жер патшасы Солтүстік Қазақстан!  
Саған ғашық ұмтылған таң алыстан.  
Кербез Көкше,  
Ерке Есіл,  
Асау Тобыл,  
Сұлулыққа малынған жаралыстан.

Ырысты жер тасқыны қалмас тоқтап,  
Даналарды еске алар талай соқпақ.  
Торғын тоғай, ну орман  
Бәрі осында,  
Майы қалың, құйқалы кара топырақ.

Қыз-қарағай шақырып  
Қыр асып ем,  
Ақ қайындар жайнап тұр кіл ашық өн.

Тіл тартады  
Уылжып жидек, шие,  
Бұрқыраған жусаны, жуасымен.

Үкілі Ыбырай тербелткен сексен көлім,  
Ақан, Біржан жайлаған сеңсең белім.  
Сал самырсын, көк шырша, күміс терек,  
Қыз-бозбала секілді өңшең керім.

Қостанайым іргеде арайланды,  
Дана Ыбырай білімге сарай салды.  
Сәбит, Ғабит сөйлесіп отырғандай,  
Қос өркешті Айыртау қарай қалды.

Ақындарға ежелден даламыз бай,  
Ғалымдарға бұл күнде қаламыз бай.  
Оқшау өрде  
Көрінді Жалғызтауым,  
Дара туған Мағжан ағамыздай.

Исі райхан саф ауа жұтып қана,  
Жадырайсың самал жел күтіп сана.  
Сай-салалар  
Шоқанның ізі жатқан,  
Өзі дана екен ғой мұхит-дала.

Ахмет пен Міржақып егіз бе еді?  
Сырбай ағам жартас қой теңіздегі.  
Молдахмет,  
Нұрқандар қатар шықты,  
Ақ батасын бергендей Сегіз сері.

Ата мирас  
Жалғасқан ел арасы,  
Бәрі ортақ – өзен-көл, кең даласы.  
Тұтас өлке Солтүстік Қазақстан,  
Бөле алмайды аудандар шекарасы.

Ауылымыз көршілес қадам басқан,  
Атамекен осында бабам жатқан.  
Даналардың ығында  
Жаралдым мен,  
Осынау жерге шын ғашық махаббаттан.

Дархан аймақ!  
Қызығам өміріңе!  
Жаңа қарқын ой салды көңіліме.  
Ел Ордасы орнықты Сарыарқадай  
Абылай хан ту тіккен өңіріме.

Жер патшасы Солтүстік Қазақстан!  
Көлдерінді қайтқан құс санап ұшқан.  
Беу, Астана! Елімнің кіндік төрі,  
Бұйырыпты өзіне жаралыстан.

2002

### **Абылай ханның қамқа тоны**

Сахнада тұрды ілулі зерлі тон,  
Талай жылдар...  
Сандықта жатқан шерлі тон.  
Абылай айтқан тәуелсіздік не екенін,  
Астананың қас төрінде көрді тон.

Президенттің мәдениет сарайын,  
Лық толтырды  
Үлкен-кіші ағайын.  
Абылай ханның тері сіңген тонды айтып,  
Ардақтадық ата мұра арайын.

Жиналған жұрт жүзі жайнап шалқуда,  
Көз де тойды,  
Сөз де қызды айтуға.  
Қазағымның жайсаңдары жиналды,  
Алматыдан келді Шота, Марфуға.

– Хан атағын көңілге құт жайғаны,  
Қай заманғы  
Тон десеңіз, – қайдағы?  
– Уәли хан бұл фәниден өткенде,  
Айғаным сыйлап, алған екен Байдалы.

Айбынды би «асу бермес» қатардан,  
«Сегіз бидің семізі» осы атанған.  
Аят оқып тағзым етіп қайтуға,  
Азалы үйге ақ парызы апарған.

Нұрлы ақылмен ханым сенім ақтады,  
Асыл бидің зор беделін жақтады.  
Қимас көңіл,  
Сыйлас өмір өткерсе,  
Үлкен тарту хан шапанын жапқаны.

Тонды бидің ұрпақтары сақтады,  
Жанарқалық Хамзе күтіп-баптады.  
Өзгелерге бермесе де,  
Жөн біліп,  
Мырзатайға бөтен жауап қатпады.

Абылай тоны тарих сырын ақтарды,  
Акселеу де үлкен қызмет атқарды.  
Қызғылт камқа  
Қызықтырып көз тартса,  
Абылай ханның бейнесі есте сақталды.

Талай жиын өтсе осылай белгілі,  
Күш көркейтті елдің бекем елдігі.  
Мәдениет Орталығын орнатқан,  
Елбасының бұл да асыл ерлігі.

*15.12.2007*

## Мағжан аға сөйледі орыс тілінде

Біле білген бір женерін түбінде,  
Ұлтжандылық кие-құт бар үнінде,  
Қазағыма «Күн боп туған» мәрт ақын,  
Сөйлеп кетті Мағжан орыс тілінде.

Келсе толқып, шаттыққа орап наз артқым,  
Татсын нәрін өзге елдер де ғажаптың.  
«Пайғамбар» деп аталған жыр жинағы,  
Қуанышы барша қалың қазақтың.

Сөз төресі бүгін қайта түледі,  
Бұрынғыдан қайсар даусы үдеді.  
Туған елге жақындығы осы ғой:  
Естіліп тұр лүпілдеген жүрегі.

«Ұлтшыл» деген құрттық ескі жаланы,  
Ұқсын достар ұлтын сүйгіш дананы.  
Қонысы бір орыстар да түсінсін,  
Айқын ашсын нақақ жаққан «қараны».

Астамшылық кетер деген өзімен,  
Көрсін күшін қанмен жазған сөзінен.  
Білсін Пушкин, Лермонтов, Блокты,  
Шын сүйгенін жас жолбарыс кезінен.

Кете алмайды енді ешкім тым алыс,  
«Пайғамбарға» туды ынтық сұраныс.  
Сыйлап отыр бізбен бірге сүйсінтіп,  
Дана қазақ орысқа да қуаныш.

*29.01.2003*

## Ақан сері

Тең, ортақ өзіне де, Отанға да,  
Болғаны қандай жақсы атаң дана.  
«Бір сырлы, сегіз қырлы» бар қазақта,  
Атасы серіліктің Ақан ғана.

Сұлу саз, ғашық әуен аққан селі,  
Кеменгер ақындықтың ақтангері.  
Саятшы, бапкер, ұстаз, әділ қазы,  
Әншілік әулиесі Ақан сері.

Құс қанат Құлагермен ағындады,  
Ән болды Ақтоқтыдай сағынғаны.  
Қақ жарған қара қылды адалдығы,  
Таңдантты хан-төрені тағындағы.

Ақтангер асыл тұлға, шын арысым,  
Сайранның сүйді ақиық қырағысын.  
Сүйсінген сұлуларға ән арнады,  
Жүректің мәңгі сөнбес шырағы үшін.

Мың өнер тал бойында бұлан ердің,  
Аз болмас ардагерге сынағы елдің.  
Басына бір жігіттің жетпес пе еді,  
Жан досы болып өту Құлагердің.

Кім сілтеп жіберсе де ант атқырды,  
Бір емес бар қазақты зар қақтырды.  
Тұлпары тұяқтынын бәйге өрінде,  
Қапыда қан сокқыдан жан тапсырды.

Жанғандай тұманды өрде жан шырағы,  
Төгілді мұң толқытқан ән шуағы.  
Түсе алмай қара жерге «Қараторғай»,  
Ақ маржан қолтығынан жарқырады.

Батқан күн, көшкен бұлт та пана болмай,  
Аспанда шырылдады «Қараторғай».  
Дүниеден Құлагер мен Ақан өтіп,  
Қызыққа қалды-ау біздің дала толмай.

Жын емес, пері де емес тақсыр күлген,  
Тозған ел дүлдүлі еді бапсыз жүрген.  
Жасқантқан Жәңгір ханды Исатайдай,  
Сарыарқа патшасы еді тақсыз жүрген.

1991

### **Ебінейдің досы еді**

*(Зейнолла Қабдоловқа)*

Өмірден озды дегенде,  
Теңіз ой тартты тереңге.  
Қиналып жатса Зейнолла,  
Қамалдық қатты еленге.

Не десек сыяр айтуға,  
Көз жұмса, абзал нар тұлға.  
Атқан оқтай дәл тиер,  
Айтқаны қалды артында.

Білетін сөздің бар затын,  
Әр затында бар татым.  
Жақсылығын жақсының,  
Мақтанышпен айтатын.

Сәт түсіп ерте табыстым,  
Құлы еді ар мен намыстың.  
Егіздей адал досы еді,  
Ебінейдей заңғар арыстың.



Қыз-шабыт қызу отымен,  
Жігерді бойда қосып ем.  
Сонеттен тізген гүлтәжді,  
Екеуіне алғаш оқып ем.

Жан еді-ау, Зекен салмақты,  
Парасат жолын аңғартты.  
Мұхтарша мұқият толғанып,  
Абайдың жолын жалғапты.

Мағжанша еркін самғайтын,  
Қоңырау дауысы талмайтын.  
Дәл бүгін айтқан тапқыр сөз,  
Тап ертең елді шарлайтын.

Тапжылмас тарлан өріннен,  
Төсекке болды телінген.  
Бумасы алтын бұлғын сөз,  
Булығып кетті-ау, өмірден.

\* \* \*

Жас ұрпақты жасқанбай қолтықтаған,  
Қайда жүрсе ақжолтай  
Ол – құтты адам.  
Арпалыстың басын да, соңын да ойлап,  
Арыстанның аузына қол сұқпаған.

Қашан көрсең жанылмас есебінен,  
Ғажап ойшыл нақ пішіп шеше білген.  
Алла аузына салғандай әрбір сөзі,  
Есте мәңгі қалады кесегінен.

2006.  
Астана

## **Үкілі Ыбырай қайда жатыр екен?**

Айтқызбас жан азасын ойым бекер,  
Бір күнде ас пен мерейтойы да өтер.  
«Гэккуін» Күләш шырқап, әлем білген,  
Үкілі Ыбырай қайда қойылды екен?

Елендеп Жалғызтаудай кербез мекен,  
Келер деп болды жылдар сенген бекер.  
Құс салып сексен көлді дабылдатқан,  
Үкілі Ыбырай қайда жерленді екен?

Ардақтап атамаймын атын бекер,  
Жетпісте жолбарыстай батыл екен.  
Атылған ел қырылған аштықты айтып,  
Үкілі Ыбырай қайда жатыр екен?

*12.02.2002*

## **Кеншілерге алғысым**

Кенші ғұмыр көз алдымнан кетпейді,  
Адал достар ұмыттырмас көп белгі.  
Солдаттардай қатер кешкен майдандас,  
Кеншілерге әлемде дос жетпейді.

Кенші жүрек кең жарылар ағынан,  
Киналғанда дәл қасынан табылам.  
Кеншілігім – өміріме марапат,  
Қайда жүрсем Жезказғанды сағынам.

Шәкірттерім – қаулап өскен легім,  
Ансап барып арасында жүремін.  
Бейнет шексем, зейнетке де жеткенім:  
Тіршілікке болды солар тірегім.

Кеншіні айтсам ашылады реңім,  
Толастайды қатты қысқан жүрегім.  
Қызым ақын, ұлым кенші болған соң,  
Қос қанатты ақиықтай түледім.

Адалдыққа кенші өмірін арнайды,  
Бірге өтеді бар қуаныш, бар қайғы.  
Таласпайды кенші шен мен шекпенге,  
Бірін-бірі жамандауға бармайды.

«Кенші-ақын» – деп атап кетсе ел мені,  
Тәуба деймін, еш жаманат ермеді.  
Алғысым сол: бойымдағы жақсылық,  
Кенші достар қиын күнде бергені.

Айтып жүрмін, әлі айтарым көп кілең,  
Тіл табыстым талай тарлан тектімен.  
Кенші достар арасында жетілдім,  
Жезқазғанды жер жұмағы деп білем.

2003

\* \* \*

*А.С. Пушкиннен*

Қашан да таза махаббат,  
Беріктеу дос пен туыстан:  
Тұрса да дауыл анталап,  
Сәт табар жаны ұғысқан,

Дәл солай.  
Бірақ жаңа салт,  
Табиғат тосар басқа шарт,  
Қауымның да ойы күдік қой,  
Осал жыныс түбіт қой.

Еркектің жеңер талғамы:  
Ол айтқан өмір маңызы,  
Жаксы әйел міндет парызы.

Сол бикеш сізді алдады,  
Десем мен оқыс сәтті айтам:  
Жүрекпен ойнар ақ сайтан.

\* \* \*

Кімді ойлап, кімге сенерміз?  
Айнымас жанды анықта...  
Іс пен сөз парқын көрерміз,  
Өлшенсе біздің қалыпта.

Ермейді ол өсек-аянға,  
Сенбейді елең-аланға.  
Қатене қайғы шекпейді,  
Жат кеңес әсер етпейді.

Бос елес іздеп отырсың,  
Әр істің артын түйе біл.  
Өзіңді өзің сүйе біл,  
Мәртебен зор оқушым!

Қолдарсың, мейлін, қолдама:  
Бәрінен артық сол ғана.

## **Бір мін бар**

Тіршілік, сенде бір мін бар,  
Шаттықтан қайғын көбірек.  
Сайрамай талай бұлбұлдар,  
Булықты үнсіз еңіреп.

Беу, уақыт! Сенде бір мін бар,  
Жүрісің шымқай асығыс.  
Қамығып өткен мың гүл бар,  
Қауызын ашпай қапылыс.

Бір мін бар сенде, арманым,  
Тым биік құлаш сермейсің.  
Білсең де дүние жалғанын,  
Аз ғана тыным бермейсің.

Қайтейін, достым, мін демей,  
Өзінді көптеу сүйесін.  
Сыздаған жерді іздемей,  
Қытыққа тиіп жүресін.

Бір мін бар, інім, сенде де,  
Сынамас жерде сынайсың.  
Ел-жұртқа жақпас пендеге,  
Ергіштеп үйір құрайсың.

Бір мін бар сенде, жан аға,  
Көңілге кірбің тересің.  
Түскендей сайтан араға  
Қол ұшын кештеу бересің.

Жаттаған Абай сөзінің,  
Қайталап көбін иланам.  
Аз емес мінім өзімнің,  
Кешірек ұғып қиналам.

1994

## Жалғызтау

Жалғызтау, сүйсем сені ғашығымдай,  
Көкіректе шабыт селі жатыр тынбай.  
Үнілем түйір тасқа үміттеніп,  
Жоғалтқан бала күнде асығымдай.

Дархан жер, ата-баба сайран белі,  
Себеп сол, сүйем десем қайдан сені.  
Үкілі Ыбырайдың төл мекені,  
Төрлетіп Мағжан канат жайған жері.

Сылқым жер,  
Қайың, терек, балқарағай  
Жай тұрмас  
Жапырағынан ән тарамай.  
Көкшенің көп тауынан дара тұрсын,  
Өте алмас келбетіне жан қарамай.

Толғантқан Үкілі Ыбырай «Гәккулері»,  
Төбіренткен Ақан, Біржан ақ тілегі.  
Өзіндей бір ананың жалғызымын,  
Өмірдің бауырында өткен тәттірегі.

Дарыған тұла бойға бай талабың,  
Мен де бір түлегің деп айта аламын.  
«Жалғыздың жары Құдай» деген сөзді,  
Өзге емес, саған қарап қайталадым.

1991

## Мағжан тойы Есілде

Жүз он жасқа Мағжан аға келіпті,  
Еске алуға елі-жұрты ерікті.  
Зор ескерткіш, мұрағат тақта, кең көше,  
Жан толқытып, екі көзді телітті.

Қызылжарда қызыл оттар жайнады,  
Келді казак, акын сүйгіш қаймағы.  
Омбы, Қорған, түмендіктер сап түзеп,  
Келді түгел Есіл, Көкше аймағы.

Үйір-үйір туыстары Мағжанның,  
Ұмытылды қасірет-қайғы салған мұң.  
Мағжан аға ішінде жүр, ақ тамшы –  
Әр жанардан жарқыраған маржанның.

Сүйсіндірген жерлестерін, досын да,  
Бекен ата жас ұрпағы осында.  
Райхан, Серік, Шайзада мен Ұлжан бар,  
Күлқаныс жүр түскен талай тосынға.

Райханның толғанысы бөлекше,  
Шын тебіренді атамекен желі өпсе.  
Мағжанға тартып туған екен деп,  
Орыс, казак тандануы ерекше.

Алатаудың ақиығы самғады:  
Иманасов әр сөзінің бар мәні.  
Нұрғожа мен Ғалым топта құйғытса,  
Қызылжарлық Мұталлап та қалмады.

Сәкен сері зор айтысты басқарып,  
Мүшәйраны алды қолға Асқаров.  
Ерік десе, еріп кетіп қыздар жүр,  
Тік қарауға жанарынан жасқанып.

Көкшетаудың аты озып келіпті,  
Баянғали ақындарды жеңіпті.  
Қазағым-ай, барын тойға арнаған,  
Жұлделерін көз тоярдай төгілтті.

Қызылжардың қызыл арай кешінде,  
Дүбірі мол ғұмыр қонды Есілге.  
Әнін салған Еркеғали досымның,  
Дәмеш сұлу үні қалды есімде.

29.06.2003.

*Қызылжар*

## **Топырақ бұйырғаны — ел тілегі**

*(Аян Сәкенұлы Сейфуллинге)*

Сүйгендей Көкшетауды Сәкен ағам,  
Сүюді мен де жастай армандағам.  
Ағаның интернатта әнін айтсам,  
Жасырын түн бұйыртқан қайран заман.

Сырымбет сонда елтіп тербелетін,  
Азалы Саумалкөлден жел келетін.  
Сәкеннің «Көкшетауын» шырқағанда,  
Бойымды сезім селі меңгеретін.

Сұлу ән «Үш арысты» ел біледі,  
Талай жыр — Сәкенге арнау желбіреді.  
Ұлына Аян атты Көкшетауда  
Топырақ бұйырғаны ел тілегі.

Інім ғой, заты қазақ аталасым,  
Мен үшін ол Сәкенге баталасым.  
Қажыбай Қабыл-Фазыл философтың,  
Оқыдым Аян жайлы мақаласын.



Жүрегім бұл хабардан елжіреді,  
Ұйқым да жыр оятқан селдіреді.  
Қолында анасының вагонда өлген,  
Аянға зират болды – ел жүрегі.

Шыр етер Сәкен десе жан құсым бар.  
Ер жігіт, нар екенсің мәнгі сыйлар,  
Аянға белгі орнатқан зор азамат,  
Қажыбай, айналайын, алғысымды ал.

Тебіреніс, толғаныстың затын сезші,  
Ризамын, Ғалым, сен де жақын келші.  
Заманға сәби рухы риза болсын,  
Аянға балабақша атын берші.

Өсіп ем тәлім алып бұл қалада,  
Қыз-шабыт бір ырғалмай құр қала ма?!  
Сәкеннің ақ ботасын құрметтеген,  
Сәлем айт, қалада әкім мырзаға да.

*26.10.2007*

## **Қансонарда**

Қыс қыраулы ақпанда,  
Аппақ қар жерді жапқанда;  
Бұрала толқып бұлқынып,  
Орманнан түлкі қайтқанда;  
Қар бетінде қып-қызыл,  
Сылаңдап алау жакқанда;  
Қызықтырып, құлшынтып,  
Қиядан көзді тартқанда;  
Қику салып жігіттер  
Жүйріктер қыза шапқанда;  
Қыңсылаған тазылар,  
Төскейде ізін тапқанда,

Біреулер құлап сүрініп,  
Кей біреу тұрып жатқанда;  
Хас батырдай санқ етер,  
Қара бүркіт аспанда.  
Жанары жайнап жарқ етер,  
Қос қанат ұқсап қақпанға.  
Қызыл түлкі жасқанып,  
Қан қызуы басқарып,  
Тау жаққа тартар сасқанда.  
Ұмтылып қыран қашқанға,  
Қызығар көзін ашқанда.  
Шүйіліп түсер жұп-жұмыр,  
Ағыны қатты тастан да.  
Тамақтан құшып бұлқынтпай,  
Бөкседен қысып жұлқынтпай,  
Құмарын канар басқанда.  
Тап осыдан жігіттер,  
Тірлікте қызық асқан ба?!  
Айтып кеткен ғажап қой  
Абай мен Үкілі Ыбырай.  
Сонарға шықпау азап қой,  
Қайран, сол аңшыл күнім-ай?!

1995

\* \* \*

Көктемге алыс шақырған,  
Сүйсінтті құштар әуенің.  
Бір әннен мыңға татыған,  
Махаббат көрдім әлемін.

Ақ тілек бұл да бергені,  
Кездессең кенет осылай.  
Таркады көңіл кермегі,  
Сайрасаң ерке тотыдай.

Алыстан жолдар жеткізген,  
Сәт келді құтты танды арбап.  
Жұмағи мезет өткізген,  
Шырайың жанды жан баурап.

Қыз күнің көзге бұралды,  
Туғандай қайта жыл басы.  
Шыбын жан құштар бір әнді,  
Шырқашы, қайта шырқашы.

Қайтейін жорта бұруды,  
Жеңілтек достар таратса.  
Сипаттар көрген сұлуды,  
Ақын ғып Алла жаратса.

*16.10.2007*

### **Домбырамен сырласу**

Домбырам, ата мирас егізімсің,  
Жүректің сенсіз қалсам шегі үзілсін.  
Мәдидей бұлтқа қарап, тау толқытсам,  
Жан сырын ұқпаған жан өзі білсін.

Барады жылдар өтіп ағындаған,  
Қарады жауған қағып сағым-далам.  
Аласқан қараторғай қайда барсын,  
Қантарда қонар пана табылмаған?

Домбырам, көк желкені ақ кемеңің  
Секілді жол бастасаң сеп беремін.  
Ауылға ауыр күнде серік болып,  
Көңілдің шамшырағын жақшы елеңім.

Домбырам, қолымда ерке құралайым,  
Мен де бір сен сияқты құба кайың.  
Үмітпен келешекке күле қарап,  
Жаныма шер батса да жыламаймын.

Қиналсам көзім шалып ел кескінін,  
Өзге жыр көкейіме келмес бүгін.  
Құлшынар, қанаттанар тусын күндер,  
Туған ел берік сақтап дербестігін!

1995

\* \* \*

Аққудай жел сындырған қауырсынын,  
Беу, қалқа! Тағдыр тартқан ауыр сырын.  
Кездесіп шер таркатты қайран жүрек,  
Назынан рахат алып дауысыңның.

Көп күткен алыс жолдан оралғандай,  
Қара көз жаутаң қакты қол алғандай.  
Мен тұрдым бір қуанып, бір мұнайып,  
Көп жылғы сағынышым жоғалғандай.

Қоштасу – азап болса өмір берген,  
Кездесу – жұмақ екен көзім көрген.  
Таттым ғой көп мехнаттың бар рахатын,  
Сүйкімді мезет туып көңілденген.

20.10.2007.

Астана

\* \* \*

Көптен-көп білмегенім елде менін,  
Толғанып, бүгін ұғып сенделемін.  
Ұзақ жырға көп мұнның сыймағанын,  
Қысқа сөзбен айтуды жөн көремін.

Тасыған мейманасы тілге бейпіл,  
Болыппыз ақымакқа үндемейтін.  
Сондайда ақындыққа нұқсан келіп,  
Ұқсайды аяз сокқан гүлге кейпім.

2005

## **Барыңа сенің қуанам**

Періштем болып жебей гөр,  
Үздіге жаздап жолықтым.  
Жарасын жүрек тез емдер,  
Абзалын көрсе көріктің.  
Жасымнан ынтық теліттің,  
Жан жетпес сұлу көріппін.

Тынықсын көзім, жандансын,  
Кездестік туған өлкемде.  
Ансатқан асыл армансың,  
Ұқсаған өрде желкенге.  
Жағаға әрен жеткенде,  
Жатырқау сені жоқ менде.

Балкытты лебіз, әуенің,  
Жан құштар жылу себелеп,  
Не деген нәзік, мәуелі үн,  
Үзімі жанды жебемек.  
Кереметтен де керемет,  
Алауға жүрек не демек?!

Аумаған балғын шынардан,  
Саянды, самал, құп алам.  
Шыққандай сағым-мұнардан,  
Рахатқа батып жұбанам.  
Барына сенің қуанам,  
Не болар сенсіз бұл ғалам?!

2007.

*Жалғызтау*

## Байқа, жігіт...

Жағасында Есілдің ізі қалың,  
Жастар едік лаулаған жүзі жалын.  
Көзге түссен бүгінгі қыз-бозбала,  
Өткен күндер елестеп қызығамын.

Толқытады масайрап шалқуларын,  
Айды өзенге түсірер шат думанын.  
Есім кетіп көкірегім күйге толар,  
Естігендей аққу-қаз қаңқылдарын.

Қызық ағын, батқан күн қызыл жалын,  
Қызыл кеште қол сілтер қызыл қайын.  
Ерні шиі кып-қызыл шәрбат шашқан,  
Байқа, жігіт, Қызылжар сұлуларын.

Тілдестірсе құштарлық құс тілінде,  
Кездескенің осы ғой құтты күнге.  
Махаббатқа шейітпін деп есепте,  
Күйіп кетсең шолп еткен ыстық үнге.

*02.08.2007.*

*Астана*

## Тіл жорығы

«Қазақ» деген байырғы атымызды,  
Шыңғыс хандар садақпен атып үзді.  
Ақ патша да бодандық құрсауында,  
Ұмыттырмақ болды өз затымызды.

Терең толғап төркінін ел дертінін,  
Абай ашты ажарын сөз көркінін.  
Байтұрсынов тілімді шын түлетті,  
Жайнатқандай құндызын қыз бөркінін.

Тіл күрмеліп кенестің «жұмағында»,  
Судай сінді құрдымға құба құмда.  
Сонда Ахаң басталды қорғау жолын,  
Ана тілін «ортақ тіл» құрағанда.

«Рухани көсемі ұлтымыздың», –  
Деп Әуезов құптады ғұрпын ізгі.  
Тіл жорығын өзі де жасап өтті,  
Сүйсіндіріп туған ел, жұртымызды.

Мағжан ақын ұрандап  
Тұран барын,  
Шәкәрімдер үзбеді Құран нәрін.  
Жасап берді жас Қаныш  
Ғылым тілін,  
Есеп-қисап оқулық құралдарын.

Тілге Сәбит араша арнап өтті,  
Тамсандырды Ғабит те барша көпті.  
Жамбыл атам жаңбырдай нөсерлетсе,  
Сырбай ағам сөз нәрін талша екті.

Көрнектілік Сәкендер қалыптады,  
Өргек тілмен Қасымдар шарықтады.  
«Маржан» терсе Мұзафар,  
Сөз сарасын  
Алтындауға Әбіш те жалықпады.

Егемендік алғанда елім менің,  
Тіл тұғыры биік деп сеніп едім.  
Орыс аздай,  
Өзгеше қорыс келіп,  
Тіл жорығы байқадық кемігенін.

Өндірісті сатумен маздаушылар,  
Татулығы тіліммен аздау шығар.  
Қазақтардың діңкесін қатырады,  
Ағылшынша сөйлесіп «жалдаушылар».

Міне, содан үрейім еселенді,  
Орыс аздай  
Шет тілдер кеселі енді.  
Ахаң айтқан «Қазақтық қалып» қайда?  
Сол «калыпқа» салайық өсер елді.

«Ана тілі!» деген зор бастаманы,  
Табылмайды қорғаудың басқа мәні.  
Тіл жорығын жасауға шақырамын,  
Ұлтты сақтау, сол болар, басты амалы.

Тазаланып шұбар тіл ала-құла,  
Нұр байлансын жас ұрпақ талабына.  
Ахандарша арпалыс жасамасақ,  
Дым бітірмес әрекет шала-пұла.

*03.01.2000*

## **Сағынбасам**

Қалай ғана шыдайды екен жанымыз,  
Әр қияда атты арай таңымыз.  
Жер бетінде сақтап жүрген бір күш бар,  
Ол – өзіне сарқылмайтын сағыныш.

Жабық сырды жеткізуге асықтым,  
Келмес сонда көңіл бұзып жасытқым.  
Жақындығы бос әуре деп ойлаймын,  
Сағынышын үзіп алған ғашықтың.

Еске алудан ыстық ләззат сезем мен,  
Ұмытпаудың досы үміт ежелден.  
Елестейді қос жанарың мөлтілдеп,  
Еріндерің сағыныштан кезерген.



Татынады көрмесем де тіл неге?  
Бір сені айтып күмбірлейді күй неге?  
Кездесуді армандай бер, қалқатай,  
Сағыныштын отын әнмен үрле де.

1994

### **Ауылдағы аруға**

Күлизат деген қызды білесің бе,  
Күлімдеп көктем жатыр бұл есімде.  
Қосылып Елемеспен ән салғанын,  
Сақтадым бала күндей мен есімде.

Торғын шаш желкілдеген толқынданып,  
Ақ төсі бүлкілдеген солқыл қағып.  
Кетеді қыпша белін көзің шалса  
Жүректің алып-қашпа оты жанып.

Манғаздың Құдай берген жарасымы  
Мінездің бір өзінде бар асылы.  
Жастық шақ оралғандай шалқып кеттім,  
Көрінсе топ ішінде қарасыны.

Ол-дағы жетпіс бесті аударыпты,  
Қарттықтан, сүйегі асыл, сау қалыпты.  
Қаладан келген менің бәйбішем де,  
Әніне қонырау сазды таңданыпты.

Уақыт аз сұрақ қойып болар әлек,  
Сұлуға қыр көрсетер қонар ма әдеп?!  
Қасында немересін мен де қалдым  
Бес жасар сүт кенжесі болар ма деп.

08.2007.

«Үкілі Ыбырай» ауылы

Көңілдің бітпей елені,  
Құштарлық өрті женеді.  
Айтпаймын басқа екі сөз,  
Жалғыз сөз маған керегі.

Қызығып біреу қараса,  
Қызғанам жас балаша.  
Көзіңнің қырын салсайшы,  
Сезімге орап оңаша.

Бармаспын әсіре мақтауға,  
Көндіктім әдеп сақтауға.  
Наздана қарап басташы,  
Бойдағы дертті тарқауға.

Жарк еткенде жанарың,  
Рахатқа батып қаламын.  
Өмірдің құштар қызығын,  
Сол мезеттен табамын.

Толқыса жүрек теңіз боп,  
Аңсауға сені негіз көп.  
Жұтынған жұқа еріндер,  
Тұрғандай көрем мені іздеп.

Кезімде сондай түлеген,  
Көңілге сансыз гүл егем.  
Анықтап қарай қалғанда,  
Қалықтап түсті бір өлен.

*23.10.2007*

## Сырымбет арулары

Төрт тамаша Сырымбет сұлулары,  
Көкшетауда жүр шымқай шырын-дәрі.  
Той-думанда аттарын жырға қоссам,  
Ұнатады марқайған бүгін бәрі.

Зина, Бәкеш, Зейнікеш, Мағи қандай?!  
Төрт жағыңнан төрт шырақ жағылғандай.  
Жай емес-ау, бір сынып түлегіміз,  
Жүрегіміз тапқызар бабын қандай?!

Тауға жақын құлашты жайдым тағы,  
Құлпырып тұр Айыртау алдымдағы.  
Саумалкөзде Әгір жүр – сыныптас қыз,  
Ұмытпастай аққудай айдындағы.

Бірге болса балғын шақ – өткеніміз,  
Қанат жайды жас ұрпақ өркеніміз.  
Қашан, қайда жүрсек те естен кетпес,  
Бір ұядан ұшырған мектебіміз.

Қүдіретті жер көкірекке білімді екті,  
Махаббаттың сан сырын ұғымды етті.  
Ақтоқтылар, Ақбаян,  
Ақжүністер,  
Ұмыту жоқ сендер мен Сырымбетті!

Жанарларын жарқ еткен жан улады,  
Сағынсақ та пәк жүрек жаңылмады.  
Кемпір болып қалдым деп қырын кетпей,  
Сәлемімді ал, Сырымбет арулары!

*02.08.2007.*

*Астана*

## Көрініс

Көсіліп жатыр алдымда  
Арканың кербез Есілі.  
Сен жүрген Қызылжардың да  
Жаныма ыстық есімі.

Балығы асау құлындай,  
Айдыны толған аққу-қаз.  
Сағынған мені сұлудай,  
Айтады құстар арыз-наз.

Құлама жартас маңдайын,  
Қызығып мендей қарашы.  
Сүйенген оған ақ қайың,  
Секілді сұлу дарасы.

Одан әрі теп-тегіс,  
Шалғын бел жердің сарасы.  
Көк теңіздей өсті егіс,  
Өзен мен орман арасы.

Сайраса тоты ұзақта,  
Тындауды үнсіз тыймадым.  
Байланды үні құлаққа,  
Қоштасуға қимадым.

1995

## Көңіл бірлік

Көкшетау қашан барсам жыр береді,  
Толғантар бар ғой оның мың дерегі:  
Өмірде кейде шаттық жетелесе,  
Көңілге кейде қалың мұн келеді.

Жалғанда жарасы көп жүрегімнің,  
Кей сырын сұм жалғанның жүре білдім.  
Көкшедей көк шымылдық сақтап қалған,  
Анамның аштық жылғы түлегімін.

Көк мұнар жылы арайын өлшеді кім,  
Көк тұмар менің мәңгі жолсерігім.  
Тірлікте бұлт пен шуақ қарбаласқан,  
Көкшетау өзім де бір бөлшегімін.

Көкшеге үйір болса көгілдірлік,  
Кербез тау жаны сүйген өңін білдік.  
Бурабай барған сайын бауыр басса,  
Орнапты мәңгі жасар көңіл бірлік.

*02.11.2007.*

*Астана*

### **Көгілдір Көкше келбеті**

Көкшетау, төбең биік мұнарланған,  
Көргенде көңіл өсіп, құмар қанған.  
Көгілдір келбетінде ғаламат бар,  
Аймаққа сәулет беріп тұмарланған.

Абылай хан орда тігіп билік қонды,  
Бастады сал серілер үздік жолды.  
Жер жетпес атағыңды асқақтатқан,  
Құлагер саған тартқан жүйрік болды.

Оқжетпес – теңеу жетпес жұмбақ ғалам,  
Жұмбақтас қол сілтемей күн батпаған.  
Жаланаһ ақ мамықта жатқан қыздай,  
Жас аққу айна көлде бұлғақтаған.

Осындай қызық бар ма бұл ғаламда?  
Құс әні шабыт берер тыңдағанға.  
Сарадай ақын қызды жеңбес еді,  
Біржан сал Көкшетауда тумағанда.

Көгілдір Көкше деген ғажап ұғым,  
Сексен көл елге жайды даралығын.  
Мөлт еткен ақмаралдың жанарындай,  
Табасың таңғажайып жан азығын.

Ақ қайың, сал қарағай жарасатын,  
Көгілдір тазалығың — парасатың.  
Бар казак: «Жер шоқтығы Көкше», — десе  
Әлемде тау жоктығы таласатын!

*28.10.2007*

## **Шөберемді «Бәйтерекке» апардым**

Мен де биыл  
Үлкен ата атандым.  
Бірі болдым өркені өскен қатардың.  
Жетпіс беске келген шақта бұйырып,  
Шөберемнің қолынан су тата алдым.

Болсын сәби бұл жалғанда өміршен,  
Тілегім сол — өлең болып төгілсем.  
Шөберені бүгін көкке көтердік,  
Осынау күнге жетуді арман көруші ем.

Туды бәрін тәубе айтып ұғар күн,  
Асып-саспай бастым желін құмардың.  
Астананы анықтап бір көрсін деп,  
«Бәйтеректің» төбесіне шығардым.

Ғадетім мол уақыт шебін санаған,  
Тоғыз айлық балаға көп қараған:  
Неге тентек  
Тым ақырын өседі,  
Біздер жылдам ұзағанда жағадан.

Құт көреміз тағдыр берген олжаны,  
Ақ тілектің келсін бата-болжамы.  
Қиналтпайды,  
Қуантады, ол да той –  
Бәйбішемнің «пробабушка» болғаны.

Не де болса кенейді үлкен керегем,  
Бақыт осы – шаңырақты Алла жебеген.  
Кемеңгер бол, көшің толсын өмірде,  
Менің туым – жаса, тұңғыш немерем!

## **Бурабайды жаңа жылмен құттықтау**

Жана жыл құтты болсын, Бурабайым!  
Есен бол, дос-жарандар, бар ағайын.  
Жана жыл құт-береке, шаттық берсін,  
Күн қызу, тусын сұлу аппақ айын.

Тоқсаннан асқан қарттар ауырмасын,  
Серілер сексендегі жалындасын.  
Құрдастар жетпіс бесте желе жортсын,  
Қартайма, көрші қызы – ауылдасым!

Ішер ас төмендесін бағалары,  
Молайсын елдің торсық-сабалары.  
Ақ бидай  
Былтырғыдан артық шығып,  
Өзен-көл төлге толсын жағалары!

Әкімдер, кәсіпкерлер дүйім нарсын,  
Ел сүйер жүректерің жылулансын.  
Жігіттер Құлагердей каркындасын,  
Сұлулар күннен күнге сұлулансын!

Тезірек бозбалалар үйленіңдер,  
Тағдырдан таңғажайып сый көріңдер.  
«Үйлену – жау» десе де, керек жау ғой,  
Жар сүйіп, балалы боп үйреніңдер.

Аппақ қар сай-салада күртік үйді,  
Жап-жасыл жас қарағай күпі киді.  
Секілді Ақан сері Оқжетпестің,  
Мұз басқан көлге қарап мұрты күлді.

Қонған жер  
Серілік пен салдық бекем,  
Табылмас жер-жаһанда артық мекен.  
Жолы ашық, қолы мырза жаңа жылды,  
Қарсы алу Бурабайда бақыт екен.

*03.01.2007*

## **Тәкаппар өскен қарағай**

Жамылған ақ қар қарағай,  
Маңайға күліп қарамай,  
Сипап тұр қарнын томпайған,  
Өзгені дос деп санамай.

Қораз мінез жас ағаш,  
Көршісін сүймес тасалас.  
Қорс етеді қой десе,  
Дәу қарағай аталас.



Деді шал: «Туыс маңайың,  
Арнай сал көңіл арайын.  
Өліп кетсең бет сипар,  
Табылмас саған ағайын».

Бір күні балта так етті,  
Құлатып салды әлекті.  
Жаңа жыл тақап қалды деп,  
Екі орыс байлап әкетті.

Тіл қатпай кіші, ірі де,  
Шықпайды жоқтау үні де.  
Тірі қалған қарағайлар  
Қайғырған жоқ бірі де.

*04.01.2007.*

*Бурабай*

### **Жұмбақтас сыры**

Көкшенің көрдіндер ме Жұмбақтасын?  
Жайнаған көл шетінде сұр жартасын?  
Ақ қайың, қарағайға тіл қатпайды,  
Көкірегі селт етпейді-ау зіл батқасын.

Ақ бура шақырса да шың басында,  
Бармайды судан шығып сырласуға.  
Тас шемен беріштелген мұң мен зары,  
Айтылмас көңіл жыққан бұл ғасырға.

Қарашы, неткен қатал тағдыр еді,  
Ұқсайды Біржан салға алғыр өңі.  
Сеземін Үкілі Ыбырай өр мінезін,  
Мағжанға елжіреді жан жүрегі.

Ақындар білмей қоймас сымбаттыны,  
Тас кеме ашылар деп жұмбақ сыры,  
Тау жакка жалт карасам жаңғырыққан  
Естілді Ақан аға қымбатты үні.

Жұмбақтас жайнап кетті, көркі неткен!  
Актоқты аңсағанда келіп жеткен.  
Осы екен алтын қайық ғашығына,  
Ақанға Актоқты қыз беріп кеткен.

Ішіне кіріп ашық тілдесіп ем,  
Қарсы алды алтын қайық күймесімен.  
«Таныса киіп барған қос көл жакқа»,  
Ілулі тұр бешпенті түймесімен.

Жұмбақтас сырын аштым байқамаған,  
Алыстан ән естілді «Қалқалаған».  
Карасам Оқжетпеске күлім қакты,  
Қайыққа қол созғандай Ақан ағам.

1994

## **Мәлік аға аруағы кешірсін**

Бауыржаным,  
Кенесарым емес пе?!  
Рахымжан тұр «Рейхстаг» деген белесте.  
Мәлік аға Қобыландым ғой, ағайын,  
Аты шыққан Мәскеу үшін егесте.

Ес жинамай есіл бакыт қонар ма,  
Ұқсамайды әр күн жаңа сонарға.  
Ырысымыз, берекеміз молаяр,  
Ақ ниетпен ыкылас құрсақ соларға.

Ел асылын аңдап көзге ілмесек,  
Құт оралмас барды сыйлай білмесек.  
Сәт жоламас,  
Ескі демей қазіргі  
Естілермен бірге білек түрмесек.

Сөз еткенім Мәліктей ер арысты  
Кей есімдер елмен қайта табысты.  
Назар бөлді Көкшетауым батырға,  
Ел мен ердің ақ тілегі қабысты.

Бірлік үшін шындықты айту несі мін,  
Бұл да ақиқат, емес жалтақ жесір үн.  
Соғыс жылдар атак-даңқы жер жарған,  
Пір тұтамын Мәлік аға есімін.

Атпал батыр, панфиловшы, асыл нар,  
Мақта:н етіп мадақтауға хақым бар.  
Біз бала едік оның даңқы шыққанда,  
Айғақтаған талай дүлдүл ақындар.

Шошытты ма сол жер жарған атағы,  
Бәзбіреудің тиді қыңыр шатағы.  
Күннен күнге  
Сол Кеңестік дәуірде,  
Хас батырдың атын сирек атады.

Ғалым еді Қобыландыны зерттеген,  
Әйгілі атын бұрынғыдан етті ерен.  
Академик мәскеулік зор биікте,  
Жарқ етті ол төрде қазақ жетпеген.

Ректорлық қызметінен босатты,  
Институтта бөлім басшы жасатты.  
Ол қызметтен сырып тастап тағы да,  
Жүрегіне дәлдеп тиер тас атты.

Ол көңіліне алған емес билікті,  
Жағымпаздар бекер оған килікті.  
Батыр, ғалым асыл аға ниеті,  
Қорғау еді ұлттық мәңгі бірлікті.

Саңлақтардың өркен алып өрісі,  
Көленкеде қалмаса екен ер ісі.  
Тілегім сол:  
Дақ түсірмес бірлікке,  
Самғай берсін адалдықтың жеңісі.

Кім батырға неге үнсіз өшіксің,  
Кім айта алды «үлкен үйге» нешік сын?  
Есті жиды,  
Есіне алды бүгін ел,  
Мәлік аға аруағы кешірсін.

*05.07.2005*

## **Шыдай берші**

Шыдай берші,  
Шыдашы, сеніп маған,  
Жан толқытпай қоймайды көрікті адам.  
Құдашаға бір өлең арнайыншы,  
Мен әйтпесе, бәйбіше, сөніп қалам.

Шыдай берші,  
Шыдашы, кешір мені,  
Еркелік қой шалынның есіргені.  
Құдашаны қыздыра мақтамасам,  
Тағдыр мені санаттан өшіргені.

Шыдай берші,  
Жасайын берік кадам  
Ол да болғай ішінен жерік маған.  
Бәйбішеден ешқашан жасқанбайтын,  
Дей берсінші мені бір «ерікті» адам.

Шыдай берші,  
Шыдашы, көніп маған,  
Екі көзім барында көріп қалам,  
Құдашаны тап қазір бір сүймесем,  
Енді айналып келгенше өліп қалам.

*07.08.2006*

### **Қаңтардағы Бурабай**

Оппа қарға үйелеп қалған бурадай,  
Қандай қызық қыс келгенде Бурабай.  
Көк шырша тұр,  
Бұтағында аппақ қар,  
Қыз сәндікке таққан күміс сырғадай.

Ауа таза, жанға дауа тыныс мол,  
Мұзды айдынға шақырады күміс көл.  
Суат ойып,  
Қармақ салған күн қайда?  
Сағындырды бала күнгі жұмыс сол.

Қарсы алардай аңсап, күтіп, тосқаным,  
Окжетпеске тағзым ету жоспарым.  
Сәкен, Илияс, Бейімбеттер елестеп,  
Еске түсер аға, іні, достарым.

Қыдырайық, асықтырма, арайлым,  
Көңіл өсті жол күткендей талай күн.  
«Кеттік» деме,  
Кеткім келмей тұрғанда,  
Кете алмаймын, әлі де ұзақ қараймын.

Көрші қызы көрінгендей әредік,  
Әне, өтті көзі жайнап ақ елік.  
Қантарды да,  
Ақ қарды да ұмыттым.  
Жан жылынды кетердей-ақ қар еріп.

Күн жайнап тұр, қатты аязды жоқ етер,  
Аппақ дүние,  
Ақ көңілді тоқ етер.  
Жауған қар мен алтын сәуле сүйіскен,  
Қантардың да ғаламаты мол екен.

### **Көп ақынның ішіндегі оттысы**

*(Есләм Зікібаевқа)*

Есләм десе  
Есіл толқып кеткендей,  
Шын толғанар ағалары көп мендей.  
Елден жырақ сапар шегіп жүр едім,  
Жетті хабар ыстық жасты төккендей.

Қалай қиям оқыс келген өлімге,  
Бір жұлдызым сөніп қалды-ау, көгімде.  
Шын сыйласқан  
Асыл досты жоғалту,  
Жетпіс жаста түспейді екен жеңілге.

Ажал ерте  
Көздеп еді-ау, жүректен,  
Жүрек қайтсін жас баладай шыр еткен.  
Көкейкесті биік еді арманы,  
Ауқатты жыр отымен күзеткен.

Арпалысты өмір үшін өр ақын,  
Елді ойлады, ойламады өз атын.  
Сол еді ғой  
Арыстандай айқасып,  
Ар жолында айға қолын созатын.

Көз жасынан балқып кетті-ау, қалам да,  
Керек ақын сол еді ғой заманға.  
Мінезі ұқсас  
Інісі іздеп келгендей,  
Аунап түскен шығар Мағжан ағам да.

Ұзақ ойға  
Орай бердім таңды атқан,  
Өлең келді қоштасар сөз арнатқан.  
Қош бол, бауырым,  
Бакұл саған туған ел,  
Бет сипайын орын тілеп жаннаттан.

*14.04.2002.*

*Мәскеу*

## **Салт қамшы**

Салт қамшының сыры жатыр алыста,  
Ол құс қанат алып ұшар жарыста.  
«Қыз қусан да» қамшы үйіртіп жетіп бар,  
Бәсекеде қыздырады намысқа.

Тал бойында намысы бар жақсының,  
Сұлу қамшы айтқызады жан сырын.  
Дос-жараның ұмытпайды ешқашан,  
Қиналғанда ұшын берсең қамшының.

Сан сайыста топтан оздық, жеңдік те,  
Алшаң бастық қамшымызға сендік те.  
Салт қамшыңды үйіріп қал дер кезде,  
Сонда жайнар серілік те, ерлік те.

Бір сілтеп қал Ақан сері айтқандай:  
Құлагерше тез құйындат жасқанбай!  
Қазақ үшін қуанышта не жетсін,  
Алқа топтың алдын озық ашқандай.

Заула, заула құйындат,  
Шаңға орап кет, бұрын тарт!  
Бас қамшыға, екпіндет,  
Оза шауып, еркін жет!  
Бір серпіліп қалады ел,  
Бас жүлденді ала бер!

*07.09.2002.*

*Алматы*

## **Қар астында қос қайың**

Жапалақтап қар жауды,  
Қалың жауды,  
Біледі ғой ақ көрпе қалындауды.  
Аппақ болды әп-сәтте бүкіл дүние,  
Қар баспаған бір бұта табылмады.

Жауды-жауды...  
Жапалак жарқырады,  
Әр ағашқа әр түрлі сән құрады.  
Қос қайын тұр  
Қуанып, құшақтасып,  
Ашылғандай аязда жан бұлағы.



Алғыс айтты Аллаға өтеуіне,  
Барды жазғы жақындық жетегіне.  
Жапырақ түсіп, тұрды ғой тыр жаланаш,  
Бүгін туды ақ отау екеуіне.

Сүйсінеді бал татып, іркілмейді,  
Дыбыс беріп, сыр шашып бір күлмейді.  
Көлде аққудай қос қайың мәз-мапақа,  
Кейде ақ көрпе ақырын бүлкілдейді.

Жалғағандай көктемгі құмар шағын,  
Тапты көңіл рахатшыл бұлар бабын.  
Аязда да махаббат маздайды екен,  
Токтатпаса қос ғашық шын аңсауын.

04.01.2007

## **Бурабайда шипажай**

*(Әні бар)*

Қоршаған керім, кербез қамар белі,  
Күміс көл, жанға дәру самал желі.  
Қарағай, қайың, терек жуаларын,  
Бурабай қазақ тыныс алар жері.

*Қайырмасы:*

Бурабайда шипажай,  
Бой жазбаймыз біз қалай?  
Менің дертім басылмас,  
Өзің, қалқам, сипамай.

«Окжетпес» көл шетінде керіледі,  
Жұмбақтас қалың ойға беріледі.  
Ақ білек ақ қайыңдар билегенде,  
Қай жігіт кейін қарай шегінеді?!

*Қайырмасы.*

Жатпайды бұлт аунаған тауы бекер,  
Күн ашық, жылы жаңбыр жауып өтер.  
Шақырып тойлы ауылда қыз кууға,  
Құлагер көз алдынан шауып өтер.

*Қайырмасы.*

Ей, қалқа, жан қалауын бір табайын,  
Аққудың сыңарындай мұң шағайын.  
Жалғанда жер жетпейтін Бурабайдай,  
Жан жетпес  
Сенсің менін шипажайым.

*Қайырмасы.*

04.01.2007

## **Қызылжарым — құмарым**

Жарқабақта жанғандай қызыл жалын,  
Байқап қалдым Есілде қызық барын.  
Бала ғашық балдырған еске түсті,  
Жарк еткенде алдымда Қызылжарым.

Құба талдың, қарашы, сызылғанын,  
Жел қосылған алмайын үзіп әнін.  
Мен келгенде құрбылар қарсы алар ма,  
Құпия сыр ақтаршы, Қызылжарым.

Қызыл ішік баяғы қызығарым,  
Есіме алсам елжіреп тізілді әнім.  
Құлын білек, ақ құба қыз еді ғой,  
Мекен-жайын айтсаңшы, Қызылжарым.

Сағыныштың жүректе ізі қалың,  
Байқайсың ба, кам көніл бұзыларын?  
Бота көзі мөлтілдеп, жаудыраған,  
Сол қалқатай қайда екен, Қызылжарым?

Сыр ақтарсам естелік үзім-қайым,  
Белгілі ғой жан құштар қызық жайым.  
Балапаны аққудың сияқты еді,  
Кездестіріп жіберші, Қызылжарым.

25.02.2003.

Астана

## **Жетпіске жеткен тойымда**

Қыз едің жаным қызыққан,  
Дүрсілдеп жүрек, көз тоймақ.  
Көріп ем талай қызық таң,  
«Әйгөлек» бітсе, «Көрші» ойнап.

Мандайың жазық, әдемі,  
Жұлдыздай жарқын жаралған.  
Шырқаған әнің жан емі,  
Күндер көп талай нәр алған.

Қыпша белің үзімтал,  
Сәнді еді желге майысқан.  
Болды ғой ерке қызықтар,  
Балдырған күнде табысқан.

Бұзылды уақыт құйындай,  
Қоныс та кетті өзгеріп.  
Тоғысқан жолдар бұйырмай,  
Ақыры болдың өзгелік.

Сан жылдар өтті кездестік,  
Баяғы ауыл төрінде.  
Жақсы екен құтты жерлестік,  
Жас кезің тұрды өңінде.

Бәйбішем сені мактады,  
Әнші деп тұрар айтуға.  
Сағыныш тілек ақтады,  
Сәт туды еркін шалқуға.

Тұтанды жайнап сөнгенім,  
Жүретін қалмай ойымда.  
Қызық-ау, есен көргенім,  
Жетпіске жеткен тойымда.

Көбейсін таңдар арайлы,  
Аз емес шаттық үйгендер.  
Сүйіп ек біздер талайды,  
Есен бол, бізді сүйгендер!

2002

### **Амантайдың кіші әкімге ақылы**

Ақылын жетсе  
Дау-дамайдан аулақ бол,  
Қостама ру-жыруды.  
Сен одан да,  
Жастық та бол, жарғақ бол,  
Ардақта сүйген сұлуды.

Дүние жалған...  
Бар қызығын көріп қал.  
Шығар жақсы атыңды.  
Жас әкімсің,  
Әй, не керек, өліп-тал,  
Ардақта асыл ақыңды.

Бірді танып,  
Мынның анық атын біл,  
Абайла алды-артыңды.

Есендей тентек  
Нағыз еркек затын біл,  
Айырсаң жезден алтынды.

Кеше ғана  
Біз орнатқан тұнықты,  
Беріп алма талқанға.  
Есінде болсын:  
Сілтеме маған құрықты,  
Құр емес менің қалтам да.

## **Амантайдың маған айтқан ақылы**

Ақын аға,  
Дәметкенге кітабыңды сыйласаң,  
«Құрметті» деу аз болар.  
«Алтын келін», – деп азырақ сырласаң,  
Еркем менің мәз болар.

Ондай сөзді  
Інің қалай елемес,  
Толқып кетті әр мүшем.  
Сіз мақтаған  
«Супер» қыздан кем емес,  
Менің сұлу бәйбішем.

2004

## **Әділге**

Шөберем келді өмірге,  
Сағындырып, ансатып.  
Орнады жайлау көңілге  
Жүрекке қонды бар шаттық.

Тірліктің қызық бір шағы,  
Қызыққа мөлдір қанғаным.  
Ойлағанға бұл-дағы  
Орындалған арманым.

Есен бол, Әділ, карағым,  
Ғалым бол, әйдік батыр бол.  
Бек құтты болғай қадамың,  
Әділдікке шатыр бол.

Әділ деген атына,  
Сай болсын бүкіл ғұмырын.  
Ұқсасын деген затына,  
Аллаға жетсін сыбырым.

*24.03.2007.*

*Астана*

\* \* \*

Әшірбек, ауыл жаққа барайықшы,  
Үлкендер ақ батасын алайықшы.  
Көргендер әкелерді қанша дерсің,  
Қасында бірер күнге қалайықшы.

Қалайша елді көрмей адам шыдар,  
Қуанып Сәлімжан да алдан шығар.  
Қайтайық дұға оқытып ата-анаға,  
Көп тосып екеумізді қалған шығар.

Көбейсін ағайынмен әзіліміз,  
Жеңгейлер тосар балғын қазы, қымыз.  
Ұйқыдан Үкілі Ыбрай аунап түсер,  
Әулетке аруақ қонған қазығымыз.

Бәйбішем көрсін ғажап тетелесті,  
Сүймейді ол жоқ нәрсеге ерегесті.  
Мен-дағы бала күнді еске алайын,  
Бір көріп Күлизәт пен Елеместі.

Есен-сау жүрген бапты кезімізде,  
Көш түзеп көрінейік өзіміз де.  
Тағы да қайта айналып оралғанша,  
Жүздері жүрсін бірге көзімізде.

*25.03.2000*

### **Сәлемімді ал, Астана!**

Ассалаумағалейкум Астанамыз!  
Атағың жер-жаһанға дастан-аңыз.  
Дербес ел сен көгілдір туындайсың,  
Киелі, құтты төр деп мақтанамыз.

Сол ғажап көкірегіме құйылды ұғым,  
Сәтті күн сәлемдескен сыйымды ұғын.  
Есілге Алатаудан көшіп келдім,  
Көшенде көш түзеп тұр үйім бүгін.

Қайтқан жоқ әлі менің зор екпінім,  
Үйлесті егделікке зеректігім.  
Сырласып «жезкиікшіл» шер таркатсам,  
Менің де болар саған керектігім.

Құштарлық басылған жоқ түрлі гүлге,  
Отты жыр сүйеу болды тірлігіме.  
Көк Есіл толқынындай тынбай жылжып,  
Туған ел үлес қосам бірлігіне.

Аппақ қар – сырласады күмісің де,  
Әндетем сырма боран жүрісін де.  
Ерке өскен Есіл, Көкше ұланы едім,  
Жан баурап, ыстық сезім тұр ішімде.

Армысың, ағаларым ірілерім?!  
Бармысың, көп сағынтқан інілерім?!  
Саумысың, Сырымбетте бірге оқыған  
Сұлулар – тірі құдірет жүгінерім?!

Жасымнан тауды тұғыр етуші едім,  
Ұлытау болып кетті екінші елім.  
Жеттім-ау, Мәскеулетіп, Нөкістетіп,  
Жөн болар енді мықтап бекінгенім.

Келемін кең көсілер жыр төгілте,  
Жағармын жақсылыққа бірге пілте.  
Астана, ақ тілекпен сәлемімді ал,  
Айтайын өзге сырды бірте-бірте.

Немерем, домбырамды әпер маған,  
Шыдамас шырқап салмай әсерлі адам.  
Дүбірі «Тау ішінің» жалғасқандай,  
Тындасын «Жезкиікті» Сәкен ағам.

Жұғысты ес білгелі бата маған,  
Жан едім сағыныштан қаталаған.  
Салайын «Қараторғой», «Құлагерге»,  
Ұйқыдан аунап түссін Ақан ағам.

Есілге ертең қонып аққу жетер,  
Саңкылдап күнде тындар таптым мекен.  
Батасын Үкілі бабам естігендей,  
Тербелтіп сексен көлді «Гәккулетем».

Бармаймын есейдім деп шегіншекке,  
Құс-шабыт еріншектің кебін шекпе.  
Қаңтардың қарлы аязы жылып кетер,  
Көңіде көзім түссе келіншекке.



Не деген мөлдір аспан, мөлдір әлем?!  
Самал жел сыбырласты домбырамен.  
Жүрегім қуаныштан жарылады-ау,  
Төсіме Оқжетпесті қондырар ем.

Бабалар көшіп өткен ізді көрдім,  
Қызуы бойымдағы қызды желдің.  
Астана керім-кербез көшесінде,  
Өзіммен бірге оқыған қызды көрдім.

Жетпісте осы қайта жасарғаным,  
Көңілдің қобалжуын баса алмадым.  
Туған жер, саған жетіп көңіл өсті,  
Өмірде орындалды бас арманым!

18.12.2002.

Астана

## **Наполеоны мүсіннің**

*(Төлеген Досмағамбетовке)*

Көкшеде ғажап құс ілдім,  
Аялап қолға түсірдім.  
Той жаса, Мәриям,  
Келіп тұр,  
Наполеоны мүсіннің.

Ақылмен, оймен іріктер,  
Ол жеткен құтты биік төр.  
Бонапарт, Төлеш, Шынғыс хан,  
Бойлары шағын жігіттер.

Көрсетсе заңғар өресін,  
Құшакқа Көкше бөлесін.  
Құлагері мүсіннің  
Келіп тұр дүлдүл Төлешім.

Мүсіндер ғажап елдегі,  
Семейде Мұхтар төрледі,  
Көкшетауда Шокан тұр,  
Қостанайда Ахмет,  
Алматыда Қанышым,  
Биікке құлаш сермеді,  
Бәрі де Төлеш еңбегі.

Ет асып, қымыз селдетпес,  
Амалың қанша тездетпес.  
Қызығып бізге қарап тұр,  
Терезеден «Окжетпес».

«Гәккуі» сексен көлімнің,  
Шарықтап ән боп төгілдім.  
Мейманы осы ең тұңғыш,  
Бурабайдағы төріннің.

Басылды көңіл алаңы,  
Биледі рахат сананы.  
Жайнасын бүгін жана үйін,  
Қарсы алайық дананы.

12.06.1999

## **Алғыс айтам Мағжан аға атынан**

*(Есенгелді Мұқыжановқа)*

Сұрай қалсаң ақжолтай тілегіндей,  
«Есенгелді кім?», – десең біле-білмей,  
Мен айтайын төтесін жүре күлмей:  
Ол – қайсар жан жолбарыс іргегіндей.

Заты асыл нар түйе үлегіндей,  
Арманы аскак Алатау сілеміндей.  
Көңілі дарқан сексен көл лебіндей,  
Көкірегі ашық қалмайтын гүл егілмей.

Жүзі жайсаң Ақ Жайық түбегіндей,  
Жаны мырза Сыр мен Шу легіндей.  
Қиялы зор Мағжанды аңсап туған,  
Тірліктегі ең берік тірегіндей.  
Қазақ десе қалт етпей болар құрбан,  
Жүрек қайда –  
Есеннің жүрегіндей?!

Шындықты айтпай ақынның жыры тынбас,  
Мекеш және Бақытжан, тыңда, сырлас.  
Мағжан жырын орысша сөйлетуге,  
Қолғабысы Есеннің ұмытылмас.

Қызылжардың ар жағы қалың бауыр, –  
Жәрдем күтер жоқ емес жарлы қауым.  
Ата жұртқа Есендей септесе алсақ,  
Тез көркейер еді ғой барлық ауыл.

Білмегендер ден қойып танысын сыр,  
Көпшіл, сепшіл етемін намысын жыр.  
Қай қазаққа, қай жерде сеп берем деп,  
Ермегияев екеуі жарысып жүр.

Алпыс жасқа сол асау Есен келді,  
Тайбурылдай көрсетті төселгенді.  
Түлкі болса бұл заман шалып түсіп,  
Қанжығаға нарықты тез өңгерді.

Есенгелді, қуантсаң бүгін елді,  
Егделіктің ең тұңғыш күні келді.  
«Мен жастарға сенемін!», – десе Мағжан,  
Айтқан екен өзіндей інілерді.

*30.04.2004*

## Ж... ға

Қайран, жастық, аттанса да келмеске,  
Қара көздер, қиғаш қастар келді еске.  
Әй, қыздар-ай!  
Тым болмаса біреуден,  
Сәлем айтып жіберсенші жерлеске.

Мекенінді білсем дүние кезер ем,  
Тосар едің өзің де айтқан межеден.  
Баяғыда  
Сүйдім деп те айта алмай,  
Қапылыста қалғанымды сезер ең.

Рахат таптым  
Қайта оралған жастықтан,  
Маусым осы  
Көктем жайнап, жаз шыққан.  
Іздеп келіп біздің елді тамсанттың,  
Көкірегінде біз де болдық назды ұққан.

Бүгін жетті  
Бұл жалғанның шаттығы,  
Сарыарқаның жұпар шашты ақ гүлі.  
Сырымбеттің сандуғашы сайрады,  
Есіл бойлап талмаурады тәтті үні.

Бүлкілдесе әнші дүлдүл таңдайы,  
Аулым тынды  
Түзелгендей хал-жайы.  
– Мектептесің тұрады екен мақтауға, –  
Деп бәйбішем қамзол жапты арнайы.

*28.04.2002*

Ауылда қалған қара көз,  
Өзіңсің ғажап мен білген.  
Есімде алғаш сүйген кез,  
Балауса, балғын ерніннен.

Тосып тұр бізді өткелде  
Күрке тал, таныс жасыннан.  
Танырмын шөлдеп жеткенде,  
Қара қас, қолан шашыннан.

Киіктей сайда керілген,  
Баяулап жетсең шалғайдан.  
Құшайын қыпша беліңнен,  
Сүйейін айдай маңдайдан.

Ән байлап ұшар канатқа,  
Ұмсынтып тағат кетірген.  
Сүйейін сәтті сағатта,  
Жұтынып тұрған бетіңнен.

Не десе соған көнейін,  
Лүпілін жүрек санатқан.  
Рахатқа батып өбейін,  
Бүлкілдеп жатқан тамақтан.

Алайын дәру үніңнен,  
Сағыныш көкірек жарғанда.  
Татайын зәмзәм тіліңнен,  
Қасында жалғыз қалғанда.

1992

## Аңсадым

Нұр жүзің аппақ, пәк жаның,  
Көре алмай көптен шаршадым.  
Көктемде аппақ гүл шықты,  
Аумаған сенің жас шағың...  
Аңсадым...

Түбінде жалғыз аршаның,  
Толғатты тоты таң салым.  
Шошыдым көрмей өтердей,  
Токтаса әуен ақ жалын...  
Аңсадым...

Жылжиды көлде ақ сағым,  
Іздей ме, аққу, жан жарын?  
Аққу боп ұшып жеткендей,  
Өзіне ауды аңсарым...  
Аңсадым...

Шыдармын дейсің қанша күн,  
Үздікті жүрек, хал шағын.  
Сұраймын сені келсе кім,  
Айтамын сәлем барса кім...  
Аңсадым...

1991

## Қорқамын

Шаш ағарып,  
Жас ұлғайса шошыған,  
Мен емеспін зар қағатын қосып ән.  
Қорқатыным... Қайран қазақ тағдыры,  
Үрейлі азап сығалаған қосынан.

Ел тонағыш  
Есерлерден қорқамын,  
Шен сайратқан шешендерден қорқамын.  
Ойдан, қырдан ойран салған төріме,  
Қара ниет кеселдерден қорқамын.

Жаным сүймес  
Жұмбақ сөздің жортағын,  
Екі көзім көрген істі қорытамын.  
Бүкіл қазақ болмасын – деп осындай,  
Көшедегі қайыршыдан қорқамын.

Болжамаған тар өткелдің сортаңын,  
Жолықпасын қайран елге сор қалың.  
Заты қазақ зәре-құтын қашырған,  
Сайқымазақ даңғазадан қорқамын.

Қараң қалған алаңдардан қорқамын,  
Құлқы тоймас сараңдардан қорқамын.  
Айдап салғыш елді ру-жыруға,  
Залым, кесел, арамзадан қорқамын.

Түлкі жортақ түрленгеннен қорқамын,  
Тайран басып жүргендерден қорқамын.  
Асыл арман дербестігім жасқантып,  
Күле кіріп күңіренгеннен қорқамын.

Шуылдасқан тұзын татып тортаның,  
Шығарады майлы ауыздар шорқак үн.  
Шырылдаған шындық сырын айтпауға,  
Абай ата аруағынан қорқамын.

199:

## Досымның баласының өлеңдері

(Ұзақ Бағаевқа)

Ұзақтың баласының өлеңдері,  
Көрінді биік таудың терең кені.  
Елді айтып, әкені айтып,  
Тебіренгенін,  
Қайран дос бір тыңдауға келер ме еді?!

Оянбас ол ұйқыға кеткенімен,  
Жан екен жер бетінде мектебі кен.  
Әзеке, мен өзінді  
Қайта көрдім,  
Қияға қанат жайған көктемінмен.

Ерұлан алаулатты жыр шырағын,  
Ащы өмір ашты талай тың сұрағын.  
Бетінен өзін үшін бір сүйгенше,  
Елендеп,  
Менің жетпей жүр шыдамым.

Ордаңа алтын күмбез құрылыпты,  
Ойлы дос текті жүйрік сырын ұқты.  
Мағжанның ұшқыны бар мінезінде,  
Жас қыран қанаты ерен шынығыпты.

Жайнатты көз алдымда үміт гүлін,  
Түрлентті сөз сарасы түбіт үнін.  
Байрағын Бағай ата желбіретіп,  
Жайнады бәз-баяғы жігіт күнін.

Көндіксем ізінді іздеп күрсінуге,  
Қанықтым өзіңе ұқсас сыршыл үнге.  
Бейнеңді жер бетінде жарқыратып,  
Құйғытып жыр өрінде жүрсін бірге.



Көкшеде ғажап сұлу бар,  
Көрген жан үнсіз қырындар.  
Мейірім төккен жүзінде,  
Жан толқытар жылу бар.

Көргенде бойдың балкуы,  
Тұтанар көңіл шалкуы.  
Кішкентай ғана аруда,  
Шексіз жүрек тартуы.

Көрсен көзің қанығар,  
Құмартып жүрек қағынар.  
Кішкентай ғана бойында,  
Не тілесен бәрі бар.

Қарай қалса көшеде,  
Көз салуды еселе.  
Сені мен деп қалып тұр,  
– Басқа қазақ, – десе де...

Себебі бар сенбейтін,  
Ырымы көп сөнбейтін.  
Ол көшеде жалғыз тұр,  
Мен ешқашан келмейтін.

Сыры да мол сақтайтын,  
Мұны да бар ашпайтын.  
Қара жолға қарап тұр,  
Мен ешқашан баспайтын.

## Жеке батыр

Жеке батыр  
Жеке жатыр ұйықтап,  
Бұйырған жер мәңгі-бақи тынықпақ.  
Кейде маған  
Тау көрінер тірі боп,  
Тас суретке зейін салсам дұрыстап.

Кейпі кербез,  
Өңі маңғаз, жігерлі,  
Ол күзетіп жатыр дербес бір елді.  
Күн шығарда жалғыз келіп көз салсам,  
Көкке қарап қасын керіп жіберді.

Жаным сезіп сол қимылды  
Селк еттім,  
Жүрексініп, сескенбеуге серт еттім.  
Еріндері бірдеме деп жатқандай,  
Сырын ұқтым мәрт көңілде мөлтектін.

Тірі жатыр.  
Сыбырлаған үн бітті,  
Сұрша бұлтты төніп келген сырғытты.  
Көкке қарап,  
Күніреніп жатыр ол,  
Айнакөлге байқап төнген сұмдықты.

Тірі жатыр,  
Көзге жеңіл еленбей,  
Мен үнілем келбетіне тереңдей.  
Асыл көлге лай суды төктіріп,  
Жұмақ төрін бүлдірдіңдер дегендей.

Келбетіне  
Қарап таулы мүсіннің,  
Маңдай тершіп өз-өзімнен қысылдым.

Табиғатты құрттындар деп  
Қас қағып,  
Батыр баба күрсінгенін түсіндім.

Жеке батыр  
Жатыр мәңгі ұйықтап, –  
Десек достым, көз көргенді тұйықтап.  
Тәні үнсіз,  
Рухы дамыл бермейді,  
Адамдарға бара жатқан сұйықтап.

Жеке батыр  
Жеке жатыр тыныстап,  
Ол данагөй –  
Сөйлер үнсіз дыбыстап.  
Беу, мырзалар! Аруақ атпай тұрғанда,  
Табиғатқа камқоршы бол дұрыстап!

*07.08.2000.*

*Бурабай*

\* \* \*

Кен жалған сырын білуге,  
Ойланып қара алысқа.  
Беріктеу болғай тілің де,  
Жол берген ішкі намысқа.

Нысана жоқтық – басты жау,  
Қаншама шолсаң манайды.  
Ең әуелі, достым-ау,  
Білгейсің қайда қарауды.

Аң патшасы арыстан,  
Ғажайып мысал жасады.  
Керегін болжап алыстан,  
Дәл келіп дереу басады.

*14.01.2008.*

*Астана*

## Көкшедегі көрініс

Көкшетау жер сұлуы жалғандағы,  
Ауасы жанға жайлы зәмзәм дәрі.  
Жадырап жаз келгенде балбырап тұр,  
Желкілдеп ақ күмістей қаудандары.

Ажары аппақ гүлдің арайланған,  
Баяғы сен секілді қарай қалған.  
Қарағай, қайың, терек қоршаулаған  
Тамаша сал табиғат сарай салған.

Қыз-алаң орман шетін гүлдендірген,  
Түрлі түс тіл жетпестей біздер білген.  
Жәудір көк, сал қырмызы, мөлдір сары,  
Бояулар талдың басын түрлендірген.

Ақ қайың ақ балтыры аппағын-ай!  
Керегін екі көздің тапқанын-ай!  
Жарылып жалғыз жүрек кетер ме екен,  
Қол созған ақ білектен сақта, Құдай.

Төгілсе ыстық қайнар сезім селі,  
Шыдатты сыр білдірмес төзім мені.  
Ақ қайың елестетті ақ төсінді,  
Сенің жас, жүрегің мас кезіндегі.

Сан қызық тамсандырған толып жатыр,  
Жас елік елең қағып қолымда тұр.  
Білгендей ауыл жаққа мен келгенін,  
Ақкулар айна көлге қонып жатыр.

Арулар жайлағандай кең көшені,  
Ақкулар жүрек шетін емдеседі.  
Толқыма, тентек жүрек, шыда деймін,  
Алдыңда биші қыздар кездеседі.

*06.06.2000.*

*Қарағанды-Көкшетау*

## **Қаныш аға рухынан ұялам**

Жер астынын  
Қазынасы мол пайдалы,  
Әттен, бүгін  
Хақысы жоқтар жайлады.  
Ен байлықты талапайға салғанда,  
Кеншімін ғой,  
Ішім қыж-қыж қайнады.

Мақтанайық  
Барамыз деп өрлеуге,  
Шақырамыз көлеңкені көрмеуге.  
Қазба байлық  
Шетелдік боп кеткенде,  
Қиын екен сөйлемеу де, сөйлеу де.

Көзім талды  
Қарай-қарай қиядан,  
Әуре-сарсаң ойды қалай тыя алам?!  
Жүрер едім  
Үндемей-ақ, тым-тырыс,  
Қаныш аға рухынан ұялам.

*13.12.2007.*

*Астана*

## **Анам берген домбыра**

Досымнан сыр жасырам мен несіне,  
Анамды көп айтушы ем жерлесіме.  
Көкшені көшкен бұлттар торлағанда,  
Жан анам соғыс жылғы келді есіме.

Жыр серік кам көңілдің бар назына,  
Құмарттым Ақан сері ән сазына.  
Мектепті мен медальмен бітіргенде,  
Домбыра әперді анам байғазыға.

Дауысы көршілерді таң қалдырды,  
Кім өлшер көкіректе жанған нұрды?!  
Достарым көрімдікке кәмпит шашса,  
Үлкендер бата беріп, ән салдырды.

Студент күндер ұқсар әскерге де,  
Сыйғыздым тар вагонда аз жерге де.  
Болсын деп жан серігім қайда жүрсем,  
Әкеттім домбырамды Мәскеуге де.

Жүрегім түрлі күйге тасып толды,  
Екі ішек жастық шаққа нәсіп болды.  
Домбыра көп тартқызып  
Аққұба қыз,  
Ақыры өзіме де ғашық болды.

Мұнайсам шер тарқатар болды ма сеп,  
Екеулеп жүрек сырын мол құрап ек.  
Атадым тұңғыш өлең жинағымда,  
Алғашқы поэмамды «Домбыра» деп.

Кей-кейде екі ішекке мұн да шақтым,  
Күмбірлеп жолын ашты болашақтың.  
Әжесін ерте кеткен көре алмаған,  
Ұлыма домбырамды сыйға тарттым.

Қолға алсам қуанамын жар салардай,  
Кезім жоқ күмілжіген ән сала алмай.  
Ұлымның үйіне мен жиі барам,  
Жан анам Жезқазғанда қарсы алардай.

*02.11.2007.  
Астана*

## Көл шетінде кешқұрым

Бурабайдың кеші – тәңірім құрметі,  
Естен кетпес таңғажайып суреті.  
Келіншектей көк шымылдық ішінен,  
Тау басынан сығалайды күн шеті.

Шығыс жаққа жарық молдау тұр түсіп,  
Бұлттар өтті «Оқжетпесті» бір құшып.  
Айдындағы санқылдады аққу-қаз,  
Кетер ме екен ақша бұлтпен бірге ұшып.

Барша жанға рахат-ләззат тіледім,  
Жоғалтпадым көп аққудың легін.  
Бурабайға алғыс айттым ішімнен,  
Баурайынан ләззат алды жүрегім.

Жар салғандай қоштасуға шақырып,  
Судан балық шоршып шықты атылып.  
Тындай қалды жағадағы бар адам,  
Құстар әні мұңлы әуенге батырып.

Айдын қалды беті ашылып, жаңарып,  
Мен балқыдым әкелердей ән алып.  
Қас қағымда құстар кетті алыстап,  
Көп ойлантты дүние қайта жаралып.

Орнағандай әлдеқалай таршылық,  
Жаутаң қақты жағадағы талшыбық.  
Орман, таулар ойға түсіп мүлгіді,  
Жан-жақтағы тыныштыққа малшынып.

Көңіл бастым ауылдасқа жолығып,  
Қиял қостым бар сырымды ол ұғып.  
Мыж-мыж болған дәу тастардың қасында,  
Күж-күж қайнап жатты адамдар шомылып.

Біздер тұрдык келер күнді сөз кылып,  
Ұмыт болды-ау көңілдегі өзге үміт.  
Қып-қызыл боп соңғы алтын шапағы,  
Күн де батты жақсы адамдай көз жұмып.

*11.08.2000.*

*Бурабай*

## **Сырымбеттегі тебіреніс**

Жарк етті, әне, Сырымбет,  
Құлагер қуып жетердей,  
Ақан сері күлімдеп,  
Ақтоқты үнсіз өтердей.

Аспаннан тамды ән үзім,  
Қарағай, қайың балбырап.  
Айтылмай жүрген арызым,  
Кеудеден шықты ән құрап.

Қос көлде әнші аққу-қаз,  
Секілді қиял ертегі.  
Қосылып бәрі айтып наз,  
Сен жайлы сырын шертеді.

Тоғайда тоты мұңданып,  
Тамылжып тәтті үн тамды.  
Бетіндей қызыл нұрланып,  
Қызара бөрітіп гүл жанды.

Көшкен бұлт селдеп өтердей,  
Исінді тауға жиылып.  
Төгіліп өлең көкейде,  
Жаңбырша жаудым құйылып.



Шабытшыл жаны гүлдемей,  
Әуреге мені салардай,  
Сырымбет тұрды үндемей,  
Қасымнан сені таба алмай...

1990

## **Қаныш пен Ебінейдің жаршысына**

*(Медеу Сәрсекеге)*

Аз болса бұл жалғанда тынысымыз,  
Елеусіз қалмас ертең бір ісіміз.  
Ризамын, асыл досым, Медеу, саған,  
Қаныш пен Ебінейдің інісіміз.

Мен кенші,  
Сен металлург – қанаттаспыз,  
Көтерер биіктерге қалам тақсыз.  
Әйтеуір ақ жүреппен  
Бізді сүйген,  
Қазақты біз де жерге қаратпаспыз.

Тым ауыр  
Туған елге сынақ кіріп,  
Жүрмеспіз жұрт қиналса шуақ қуып.  
Қаныштың арманы еткен сырын айтсақ,  
Жамиғат есін жияр құлақ түріп.

Шакырса Баянауыл бөктерлері,  
Есіп тұр қоныр күзде көктем лебі.  
Жақсылық келер күнге біз арнайық,  
Еске алып  
Кем-кетікті өткендегі.

Ризамын,  
Сен жасыннан таскын аттын,  
Жиналып Жезқазғанда бас құраттын.  
Жол бөгеп төрдегілер қикайса да,  
Есімін Сәтбаевтың жарқыраттын.

Жемісің бекіткендей тағамызды,  
Жеңісің алсын адал бағамызды.  
Мың рақмет!  
Сен көтердің аспан-көкке,  
Ебінейдей ортақ дүлдүл ағамызды!

2008

### **Кербез Көкше келбеті**

Келбетіңе қараймын, сері Көкше,  
Сал табиғат жаратты сені ерекше.  
Күндік жерден Сырымбет сылаң қақты,  
Бой жазғандай Құлагер бел-белесте.

«Оқжетпестің» Бурабай етегінде,  
Шақырып тұр  
«Жұмбақ тас» екеуін де.  
Алтын қайық секілді күймеленген,  
Қос көл жаққа Ақтоқты кетерінде.

Қандырады табиғат сырға қандай,  
Ару қайың алдымда тұр таранбай.  
Ақын Сара секілді жаутан қақты,  
Ақ маңдайын Біржан сал сипағандай.

Торғын желің толқыған самал төксе,  
Дертті жүрек сауығар аман жетсе.  
Үкілі Ыбырай өткендей «Гәккулетіп»,  
Ғашық күнді қос аққу салады еске.

Көрген адам тамсанып қарағандай,  
Ақ бураны құлатты жара қандай?!  
Кенесары жатыр ғой үнгір тасы,  
Ақ тайлақты аңсаған қара нардай.

Күн кешпейді Жалғызтау дараланбай,  
Мұңаяды жанында жара бардай.  
Ел-жұртты ойлап тебіреніп Есіл жақтан,  
Мағжан ақын Көкшеге қарағандай.

Қоңыр кеште ырғалып самал ессе,  
«Жеке батыр» Баянды салады еске.  
Жұмбақ дүние, көгілдір жұмбақ өмір,  
Мың құбылған келбеті қалады есте.

1997

### **Абайтану үзімі**

Көңіл жайлап, суреті көзден қалмас,  
Абай жыры өмірмен жатыр жалғас.  
Ол – ақындық мұхиты  
Шекарасын  
Кеністік те, уақыт та өлшей алмас.

Кең айдында қарайлап келем бүгін,  
Жібек желкен байқамас кемемді кім?  
«Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла»,  
Деген сөзі көрсетті-ау, кемелдігін.

Өлшеу қайда?.. «Көзімнің қарасының»,  
Таза сезім паш еткен жан асылын.  
Қазақ жырын әлеммен жалғап кеткен,  
Кім өлшейді нұрын жан санасының?

Зор болғаны қазақтың баласының,  
Данасымын деп тұрар дара шыңым.  
Лермонтов, Пушкинді қазағыма,  
Таныстырып зорайтты қарасының.

Тайсалмаймын шындықты тура айтуға,  
Мұңлы ғұмыр, сұлу саз қиды ақынға.  
Дана сөзін Абайдың әніменен,  
Естіді әлем Гетенің зиратында.

Артта қалды тағдырдан кешкен зілім,  
Сапқа салды тәуелсіз өскен күнім.  
Жылдан жылға ширатып біз келеміз,  
Абай ата жұмбақтап ескен жібін.

Мұң мен шердің ол шеккен сезем жігін,  
Шындықты айтар келді ғой кезең бүгін.  
Әлі толық білдім деп қазақ айтпас,  
Күнде үр жаңа көргенде тереңдігін.

Ұлы Мұхтар шығарып іргелі үнді,  
Болашаққа Абаймен бірге кірді.  
Мағжан аға «Хакім» деп дөп айтыпты,  
Мен де хаттап кетейін білгенімді.

*23.10.2005.*

*Астана*

### **Феликс Симнің сөзі**

Карт профессор, мен де үлкен жастамын,  
Өкінбестей артыма із тастадым.  
Кім десендер Әшімұлы Бәйкенді,  
Беу, достарым! Жаңа ұран тастадым.

Кең мінездің жоқ мүлт басар қатасы,  
Елге әйгі талай ғибрат батасы.  
Токсандағы Бәйкен аға  
Мен білсем:  
Қазақ деген ұлтымыздың атасы.

Ойлы ақылмен бой бастатсам сезімге,  
Туды ұсыныс нағыз керек кезін де.  
Жақсылығын  
Көп көргеннен болды ма,  
Қазақ болып кетіпмін мен өзім де.

*22.09.2007.*

*Қызылжар*

## **Ауылға хат**

### **I**

Сәлемімді ал,  
Тел өскен құрдастарым,  
Ауыл жолын талай жыл бір баспадым.  
Қолдарыңа тиді ме шағын кітап,  
Тірлігімді баяндар жыр-дастаным?

Сәт түспей жүр.  
Барар ем жылда ғана,  
Сағынышым самғайды жырда ғана.  
Жазбай-жазбай, жарқ еткен бұл хатымды,  
Құрдастар-ау, бір емес, мыңға бала.

Не жаңалық бар біздің «Бірлестікте»,  
Көп жыл өтті.

Сыр сарқып, тілдестік пе?  
«Қырық қыздың ауылы» атанып ек,  
«Қыз» дегенді бұрмандар білместікке.

Өзімізбен көтерді бірге жүкті,  
Әкелерді майданнан бірге күтті.  
Сол қырық қыз ғажайып көрік берді  
Жеңіс тойы,  
Бар тойға бізге құтты.

Есіркесем жастық шақ мәжілісін,  
Сөз айтпаймын мөз болар әзіл үшін.  
Жігіттер-ау,  
Сыртыңнан хабарым бар,  
Ал, қыздардың білмедік «әдрісін».

Балапанға қызықпас ұяда кім?  
Еске түсіп кетті ғой қиядағым.  
Отыз тоғыз қызды айтпай,  
Бірін айтсам,  
Ұмытқам жоқ, тек қана ұяламын.

Жігерлі еді,  
Ән сүйгіш екпіні бар,  
Ақ тотыдай ажары етті құмар.  
Тостаған көз, ақсары, орта бойлы,  
Қыз еді ғой әдемі секпілі бар.

– Оқып көріп хатымды таң қала ма,  
Қой, өлеңім, жүректі жанқалама, –  
Дегім келіп,  
Дей алмай киналамын,  
Қайда ғана жүр екен қалқа бала?!

## II

Иә, солай! Сәлемім басталады,  
Қызды айтпаса жыр жолы аш қалады.  
Жырлай-жырлай махаббат бар әуресін,  
Ақындар да қара жер жастанады.

Хат сөздерін әр саққа алып ұштым,  
Есіркедім естелік балын іштім.  
Ауыл шеті алыстан елестейді,  
Үлкені де сол шығар сағыныштың.

## III

Су мол ма екен қылышбел Қамсақтыда,  
Жағасында жүруші ек «жан шапқыда».  
Қол шалғыға шаршаса құлын білек,  
Майдандағы әкені аңсатты да.

Болмасақ та балыққа аса қарық,  
Қармақ салдық қамысты тасаланып.  
Насыбай үккен шалдардай отырушы ек,  
Бір-бір үлкен мұз тесік жасап алып.

Көктемде де ақ боран ұра беріп,  
Сиыр жеккен соқаға шыдап едік.  
«Ала кетер ала мал», – деген сөзге,  
Ала бие өлгенде жылап едік.

Жүк тасыған не деген желік күшті,  
Көктемде де киналдық көріп қысты.  
«Ала малдың» иесін оқ шалыпты,  
«Қара қағаз» үш үйге келіп түсті.

Қиындығы бұйырған дәміменен,  
Артта қалды ол күндер сәніменен.  
Шана сыңғыр өтті ғой,  
Өгіз аян  
Біңырсыған қысқы кеш әніменен.

Үшбұрыш хат кеудесін бүтіндеген,  
Әжем де өтті мәз болмай күтім деген.  
Ақ түбіттей арқасы тозып еді,  
Пеш алдында сипаған түтінменен.

#### IV

Есті жидық.  
Ескі шер тарқайды ғой,  
Бала деген құрбылар марқайды ғой.  
Оралмаған соғыстан солдатты ойлап,  
Мағрипа апай ауылда қартайды ғой.

Қос жанары төрт болып тосуменен,  
Менің де анам көз жұмды осы уменен.  
Сарғайтса да, шіркін-ай,  
Болмады ғой,  
Кей боздақты үйірге қосу деген.

Жеңіл бастап сайымас ауыр әнім,  
Айтып-айтып, өзім де сауығамын.  
Бір жиналып даурығып отырар ма ек,  
Баяғы бір қайталап ауыл әнін.

Күзгі орақта сүмбіле жауындаса,  
Бас қосушы ек қаражат қабылдаса.  
Ешкі еті тандайда катушы еді,  
Семіз тоқты сернелік табылмаса.



Сәл кідіріп, ес жиып алайын да,  
Хал-жайымды айтайын ағайынға.  
Москвада бұл күнде қызметім,  
Кенсем тақау Кремль маңайына.

Жүрген жерім ардақты Қызыл Алаң,  
Лағыл жұлдыз жарқылын тізіп алам.  
Ізгілікке құштарлық ұлғайтады,  
Ағалардың алдымда ізі маған.

Өздеріңе жүрегім алып ұшқан,  
Жырым жетер жетелеп әні қысқан.  
Пешенеме жазымыш несібем ғой,  
Жаралыппын мен шексіз сағыныштан.

Әкелердің бейнесі, елесімін,  
Жолым ашық,  
Жайдары келесі күн.  
Қайда жүрсем кастерлеп, ардақтаймын,  
Қазақ деген кең-байтақ ел есімін.

1976

### **Шаттығым мен байлығым**

О, ғаламат! Мен неге тым аңсадым?!  
Бұлаңдады алдымда мұнар-сағым.  
Межешамдай сол сәтте жайнай берді,  
Тостаған көз бір қызға құмар шағым.

Қызық екен жігіттің сенделгені,  
Ән іздетті сағынған кездер мені.  
Жоғалтқанды жоқтаумен жығылғам жок,  
Бүгінгім де Құдайдың өз бергені.

Көз қызыққан көксемес көңіл нені,  
Жалт караған жезкиік шегінбеді.  
Содан бері тыймайды шақыруын,  
«Киік жолы» Сарыарқа төріндегі.

Бар бақытты қызғанбас басымдағы,  
Біздің ауыл қыздары асыл бәрі.  
Солар жебеп қасымда ұшып жүр ғой,  
Ән төгілкен қыз-шабыт лашындары.

Жаңалыққа ұмтылса өлкем бүгін,  
Шақырып тұр алдымда өркенді күн.  
Қуанышты шаттығым, бар байлығым  
Кербез дала, ол – сенің көркемдігің.

20.10.2007.

*Астана*

## **Өлеңмен биік менің нұрлы аспаным**

Мейірбан әр пендеге ісі пайда,  
Бұл күнде сөз тыңдайтын кісі қайда?  
Отырар көзі сенде, көңілі аулақ,  
Сақтай гөр, керек құлақ ұшырай ма?..

Тайғақ жол кезеңі көп біз ұқпаған,  
Өткелін табар әсте үздік қалам.  
Аз сөзбен көп ұғымды беру арман,  
Жас еттей тілге жайлы тұздықтаған.

Өлеңім, сара сөздің біл тақтасын,  
Сүйсініп, құмарланып ел жаттасын.  
Бүркіттің жемін тоспа сандуғашка,  
Әнші құс көңілі қалып, іш тартпасын.

Өзіңмен биік менің нұрлы аспаным,  
Ән болды әуелетіп сырды ашқаның.  
Махаббат бар әуресін ашық айтып,  
Өмірге құт әкелді жырласқаның.

20.10.2007.

Астана

## Ұшқан құстай Есілден

Ұмыта алмай жүрмін ғажап бір күнді,  
Көз көргенге көңіл қайта ұмтылды.  
Еске салды сайрағанда ақ тоты,  
Есіл бойлап шомылғанда күлкінді.

Су бетіне аппак төсің тигенде,  
Қызғаныштан жүрек қатты күйгенде:  
Толқыны боп кеткім келді Есілдің,  
Ерке тентек сені аялап сүйгенде.

Жарқыраса өзенді өрлей ақ тамақ,  
Үздіктірмей қай періште сақтамақ?!  
Көшкен бұлттың көлеңкесі шошытты,  
Сен айдында жүзіп жүрсең шалқалап.

1997

## Көкшетау

Көкшетау өзге таудың тәубесіндей,  
Қызығы құмартқан қыз әуресіндей.  
Көлдегі Окжетпестің суреті  
Сұлудың айнадағы сәулесіндей.

Бурабай тауды айналып жатқан екен,  
Жұмбақтас суға белден батқан екен.  
Ақбура шөлі қанып дөң асқанда  
Қай сотқар көзі қиып атқан екен.

Қос өркеш көшкен бұлтты өкшелейді,  
Сал бойын сандықтастар дестелейді.  
Сыры мол ел аралап аңыз болған,  
Қазағым еркелетіп «Көкше» дейді.

Қарағай қатпар тасты тесіп өскен,  
Бәйтерек көкке бойы жетіп өскен.  
Ақ балтыр ақ қайындар жарқ еткенде,  
Тал ойнап, қамыс басы желкілдескен.

Тас бұлақ тау ішінде сарқыраған,  
Еркелеп елге таныс ән құраған,  
Мөп-мөлдір көкшіл таза су түбінде,  
Құмқайрақ сары алтындай жарқыраған.

Көрген жан тамашаға беріледі,  
Екі аяқ бір аттауға ерінеді.  
Аспаннан күн сәулесін қуа келген,  
Ақ жаңбыр жалт-жұлт етіп себіледі.

Аққу-қаз екеу-екеу ойнайды екен,  
Нәзік жан махаббатқа тоймайды екен.  
От құшақ күйдірсе де шер тарқамай,  
Сақ қыран шүйілсе де қоймайды екен.

Жан-жаққа бас айналып жаутаңдайсын,  
«Ат үсті» келсең-дағы қайта алмайсын.  
Әу десең орман, тоғай жаңғырығып,  
Аузыңа түскен сөзді айта алмайсын.

Күлімдеп күміс шырша кенес дейді,  
Ну орман тыңдай қалып жел еспейді.  
Жалғызтау Үкілі Ыбырай сырын айтса,  
Сырымбет анам болып елестейді.

Не деген сүйкімді ауа,  
Әсем көрік,  
Барады көрген сайын әсемденіп.  
Айыртау Ақан, Біржан сияктанса,  
Оқжетпес қарай қалды Сәкенденіп.

Көңілді кең далаға бұра бердім,  
Құмарттым толқынына құба белдің.  
Тербелген ақ бидайдың арасында,  
Ор болып ізі жатыр Құлагердің.

Ән десең «Гәккулеткен» әнші дайын,  
Күй десең «Көкейкесті» күйші дайын.  
Би десең біздің ауыл қыздарындай,  
Бұрандап шыға келер биші қайын.

Айтқаным көргенімнен аспағандай,  
Екі көз шыр айналар тостағандай.  
Көгеріп көк белбеудей Есіл жатыр,  
Көкшетау әудем жерге тастағандай.

Тау қорған – атам қазақ жалауы бар,  
Тау көсем – «Абылай хан алаңы» бар.  
Тау дана – Шоқан өскен баурайында,  
Тау батыр – Мағжан айтқан Баяны бар.

Тау сері сексен көлі етегінде,  
Барады сексен сұлу жетегінде.  
Япырым-ай, соның бәрін қияр ма екем,  
Соңыра көз жұмылып кетерімде?..

1971

## Қызылжардың мешіті

Қызылжардың мешітін қоссам жырыма,  
Кім қосылмас толқып айтқан сырыма?!  
Асыл қала тағзым етіп Құранға,  
Малынып тұр сүйікті Алла нұрына.

Құт-береке орнағандай маңайға,  
Көрген адам шын сыйынбай қарай ма?!  
Оранып тұр бүкіл Есіл өңірі,  
Баршамызға мешіт төккен арайға.

Имандылық содан тарап адамға,  
Молаяды үміт, сенім сананда.  
Жан-жүрегім елжіреді сүйсініп,  
Елбасымыз бастап берген заманға.

Ел жанарып жетті үлкен жұбаныш,  
Өлшемі бой кернеді қуаныш.  
Бөлшегіндей қасиетті Меккенің,  
Қашан келсек мешітке жол бұрамыз.

Орындалды зор тілегі халықтың,  
Мұсылман қауым бар талабын дәл ұқтым:  
Ас пен сабақ, садақа, неке жабдығын,  
Ойластырған әр тармаққа қанықтым.

Көзім көрген анығы осы анықтың,  
Әкім Тайыр, сен де өренді таныттың.  
Ел атынан Абдель досқа сәлем айт,  
Жәрдем етсе Арабиясы Саудтың.

Жаңа мешіт жігер қоссын қуатқа,  
Көз жұмғандар жеңіл жетсін жұмаққа.  
Алла! — десе бүкіл Мешіт жаңғырған,  
Яхия имам дауысы қалды құлақта.

*18.06.2006.*

*Қызылжар*

Кешкі бұлт толастап көшкені,  
Таңғы жел аймалап ескені.  
Саумалкөл саясын сағынтып,  
Есіме салады Көкшені.

Туған ел ерекше бағасы,  
Оған жер болмайды таласы.  
Адамға киелі көрінер,  
Жатқан жер ата мен анасы.

Жанымның сарқылмас нұры тау,  
Жыры тау, сыры тау, үні тау.  
Ер жеткен күндердің мекені,  
Көкшемен егізсің Ұлытау!

Кенгірді Есілге балаймын,  
Тез сүйді екеуін арай күн.  
Жезкиік жарқ етсе, жүректің  
Жұқарған бір шетін жамайын.

1998

## **Қапыда кеттің өмірден**

*(Сәкен Жүнісовке)*

Тірі жұлдыз сөнді бүгін,  
Жарқылын шашқан жан-жаққа.  
Шықты Астана сүйікті ұлын,  
Шығарып жолға салмаққа.

Көз жұмды өнер пырағы,  
Қазактың ғажап дүлдүлі.  
Самғауық қыран құлады,  
Сайрауық бұлбұл тынды үні.

Шаршы топ тұрар бас иіп,  
Сол еді-ау, жігіт озығы.  
Заңғарға жетті ең биік,  
Сөз гүлін төгіп өз үні.

Сағымнан шыкса жалындап,  
«Жапандағы жалғыз үй».  
«Ақан сері» ағындап,  
Мәнгі өлмес Сәкен алды сый.

Тұлпар десең тұлпар сол,  
Бәйге жоқ оны қарсы алмас.  
Ән-күйге ынтық, іңкәр сол,  
Алдына тірі жан салмас.

Сәкен сері ән салса,  
Жарк етті жүрек шырағы.  
Сексен көл толқып тамсанса,  
Қосылды аккумуляторы.

Серілік өнер тоғысты,  
Сергітіп дала жарысы.  
Таңдантты қазақ, орысты,  
Абайшыл асқақ дауысы.

Құлагер мұңын қозғаған,  
Шұрқырап шықты құлындай.  
Болса да Ақан өз бабам,  
Жалғасты Сәкен ұлындай.



Таппады тыныс бірауық,  
Әр саққа терең бойлады.  
Сұм жалған тосқан шырмауық,  
Шырматпай оны қоймады.

Өксікті тұрсам жоя алмай,  
Кетпессің бауырым көңілден.  
Ұйқыда жатып оянбай,  
Қапыда кеттің өмірден.

# *Төрттағандар*

\* \* \*

Бұлттар өтіп бара жатыр бүктелмей,  
Ақ жаңбырдан ауылыма құт келгей.  
Сырымбет тұр Ақан сері алаңдап,  
Ақтоқтыны бір көрсем деп күткендей.

\* \* \*

Сен дегенде мен есімнен жаңылам,  
Үнсіз қалам, келбетіңе табынам.  
Қызық екен адамның кей кездері,  
Тап қасыңда отырсам да сағынам.

\* \* \*

Ақиқатшыл адалдығың – шын кейпің,  
Біреу емес, бар ғой ақын мың дертің.  
Тілді, дінді адал сақтау – парызың,  
Дербестікті қорғау – ұлы міндетің.

\* \* \*

Ақ сүтімен өлең берген анама,  
Алғыс айтам және дархан далама.  
Шокан, Абай жаным сүйген даналар,  
Ерке күннен ерте қонды санама.

\* \* \*

Құпия жоқ кең ақтарар сырымда,  
Мен теліндім Құлагершіл ұғымға.  
Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Біржан сал,  
Ұшқыны бар ән теліткен жырымда.

\* \* \*

Өлең өрін дәрістесек тәуірлеп,  
Мағжан аға дауыл жықпас тау-тірек.  
«Кенес құлар, өзі кетер» дегені,  
Етті оны ойшыл, кайсар, жаужүрек.

\* \* \*

«Желтоқсанның» жеңсе рухы «Алаштап»,  
Жас ұрпақтан қол үзбедім аластап.  
Құлқым таза Абылайшыл болыпты,  
Қырғыздардай өтер мәнгі «Манастап».

\* \* \*

Адал адам жақындық тапсын менен,  
Мен қазақпын — қызылшыл, ақшыл да ем  
Арам достан әрірек сақта Құдай,  
Ар-намысқа Абылайша сақшыл келем.

\* \* \*

Оқтан аман, қантөгіс төбелеспен,  
Қалып қоймай қатар ел өрелестен.  
Тәуелсіздік орнады қазағыма,  
Тозып-шіріп замана көне кестен.

\* \* \*

Ұлымның мұң-шеріне елең етер,  
Сактауға ел бірлігін өрем жетер.  
Жақсылықты айырбастап жамандыққа,  
Жандайшапқа мен емес ере кетер.

\* \* \*

Көктемді тежей алмас соқыр ақпан,  
Шабытты жан емеспін тоқыратқан.  
Абайға Гете сүйгіш қарай берем,  
Платондай сабақ алған Сократтан.

\* \* \*

Өмірдің өңін көріп, мұнын ашар,  
Болмаса өлең сөздің құны қашар.  
Күй тыңдап Тәттімбетке зер саламын,  
Пернені шертіп-қағып мұнын басар.

\* \* \*

Тебіренбей көңіл назы өтеліп пе,  
Қашанда жаным құштар төтелікке.  
Атанған «ұлы неміс» данышпан сол,  
Адамзат құштар болса Гетелікке.

\* \* \*

Далалық қолын созса қалалыққа,  
Жетілдік қалмай ескі шалалыққа.  
Қашанда жеңе берер ұмтылғандар,  
Адамзат қолы жеткен даналыққа.

\* \* \*

Есер әндер құт әкелмес ғаламға,  
Құрғақ шудан жалығады заман да.  
Кім ысқырып, кім қышқырып жатса да,  
Гармония қажет есті адамға.

\* \* \*

Керек бүгін қозғау ішкі намысты,  
Асыл арман түзер өрде шабысты.  
Тез игерген жапондарға қарашы,  
Адамзаттың қолы жеткен табысты.

\* \* \*

Жаңа тасқын арнасына кең кірдік,  
Қайыспауға қас пен досты сендірдік.  
Алақайшыл «көп шуылдақ не табар»,  
Кемелдікпен бекітеді ел бірлік.

\* \* \*

Нарық келіп қасқырша жіліктесе,  
Құрып кетер қаптаған түлік кеше.  
Құр өсектен, ағайын, дым бітпейді,  
Барша қазақ бас қосып бірікпесе.

\* \* \*

Астын көрмей кеселдің үстін көріп,  
Қыздырғыштай үрлеген ұшқын желік.  
Кей болбырдың былшылын естігенде,  
Саясаттан жерісің құсқың келіп.

\* \* \*

Сүйек жарды ығыр көп шұрқан салды,  
Асқар, алып Сәкенді кім қаңтарды?!  
Құлагерді нақақтан құлатқандай,  
Мұңлы дала теңіздей бір шайқалды.

\* \* \*

Алпауыттар нарыққа ере келді,  
Қалталары тым жедел еселенді.  
Талапай мен алақай қанаттасып,  
Барлық байлық тым шапшаң жекеленді.

\* \* \*

Токтатса да замана тоқырауын,  
Бір саңылауын сақтады өмір-дауыл.  
Кеншілік пен әкімдік қоштасса да,  
Ақын жүрек тоқтатпас қоңырауын.

\* \* \*

Мерседестер қап-қара қаулағаны,  
Қара-құрым көрінсе сауда алаңы,  
Джиптер қаптап жүргенде қызық екен  
Құрып кеткен қойлардан аумағаны.

\* \* \*

Хан базарда анталап кісі көп тұр,  
Шуылдасып газетсіз түсінбек сыр.  
Жылқы еті жүз есе қымбаттаса,  
Пышак күтіп кара айғыр кісінеп тұр.

\* \* \*

Ұйқым аз, күлкім кемдеу бала жастан,  
Өмірім қырық жамау, нала-дастан.  
Сәтті өлең көп іздетпей кездеседі,  
Сұлудай жан түлетіп жара басқан.

\* \* \*

Жаңа тұрақ сырына ғадеттенбей,  
Шарапқа да жүрмін көп тәбет келмей.  
Қыстың өзі аязсыз сылбырады,  
Мінезі жоқ әлжуаз газеттердей.

\* \* \*

Аспан ашық, күн неге күркіреді?  
Дел-сал болған адамға гүл күледі.  
«Бомж» деген сұмдықты көз шалғанда,  
Лүпілдемей жүрегің сілкінеді.

\* \* \*

Қарашы келіншектің сирағына,  
Инедей ғой, сұм тұрмыс қинады ма?!  
Адам Ата әлде әйелді жасағанда  
Түзулеу қабырғасын қимады ма?

\* \* \*

Дер кезінде туған сөзден қымбат жоқ,  
Отыр деме теке-тарғыс құрмақ боп.  
Қолынан дым келмесе де төс қағар,  
Тайраң басып жүрген бүгін зұлмат көп.



\* \* \*

Жел сөздің жұмсақ келер күс төсегі,  
Қасына желе жортып жұт көшеді.  
Естіп ем бірсыдырғы есі бар деп,  
Пақырды алдамшының құртты өсегі.

\* \* \*

Діншілдіктің жоқ демеймін пайдасы,  
Арамза молда әуре етпесін айласы.  
Істегені айтқанындай бола алса,  
Сол дер едім таза шындық айнасы.

\* \* \*

Ақыл-сезім, ақиқаттан азық тер,  
Ақын досым, болмыс сырын жазып бер.  
Кем-кетіктің түпкі дертін аша біл,  
Сонда сені елің алтын қазық дер.

\* \* \*

Пәк қиялым желмен, күнмен жарысқан,  
Таңданбайды оған көптен таныс жан.  
Алтынбектер есіме түсіп кеткенде,  
Толғанамын жарыла жаздап намыстан.

\* \* \*

Үрей қозғар қараң қалған алаңдар,  
Үнсіз тұр ғой қарай қалған адамдар.  
Шошынтады дос боп жүріп қас болған  
Құлқы сараң, ғұрпы жаман надандар.

\* \* \*

Өлеңге қанағатсыз болу керек,  
Дәм-тұздай әр нәрсеге орын бөлек.  
Лаңкес кім екенін анық біліп,  
Жазығы жоқ адамды қору керек.

\* \* \*

Алғыс айтам күрке талды сайға да,  
Біздей онда сайрандады қай бала?  
Құпияны тірі жанға ашпайық,  
Тіл біткен жоқ аспандағы айға да.

\* \* \*

Шалғай жолдың сағынышы батып та,  
Болдык куә азды-көпті бақытқа.  
Саған деген құштарлықтан деп білем,  
Қызықпасам жолда көрген жақұтқа.

\* \* \*

Қиындықтан каша көрмес үрейім,  
Шын жүйріктей шапқан сайын үдейін.  
Тек тәңірім арам жаннан аулақ қыл,  
Адассам да таза орманда жүрейін.

\* \* \*

Түймедейден көрген болып түйені,  
Жаға берсін сайтан сырттан күйені.  
Жалған жала жабыспайды ешқашан,  
Шындық қана тисе қатты тиеді.

\* \* \*

Жұмбағы көп үлкеннің де, жастың да,  
Астары бар асыл дос пен қастың да.  
Кейбіреудің шын сипатын білмейміз,  
Төсінде көп белгілер астында.

\* \* \*

Кейде тұздап шыжытса сөз арасын,  
Саясаткер жасамас өзара сын.  
«Қызыл тілде сүйек жоқ» деген сол ғой,  
Уақыт қана көрсетер көзқарасын.

\* \* \*

Қызық екен Қарашілік аймағы,  
Кісінеді өрде құлын, тай-дағы.  
Сәкен аға әнін еске түсірді,  
Ақбөкендер ағып өткен сайдағы.

\* \* \*

Кімге керек үрей шашқан ызындар,  
Сағна, қазақ, татар дәм мен тұзың бар.  
Біз де берік мемлекет боп кетерміз,  
Нали бермей, шын намысқа қызындар.

\* \* \*

Қызық жігіт, қызық күлім қаққаны,  
Жоралары өңшен жорға, сақ бәрі.  
Қолдасқанда көрінеді ұртынан,  
Бір қулығын аш құлкімен жапқаны.

\* \* \*

Айтпа құрбым: «Маған өлең арна», — деп,  
Өлеңсіз-ақ жан жылуын жалғап өт.  
Жабулы сыр қалсын жабық, құпия,  
Өзі жыр ғой бойда лаулап жанған от.

\* \* \*

Сыр бүктелген акку-қаздың үнінде,  
Қызық көрдім Ұлытаудың түбінде.  
Жаңа ғана жезкиік су ішкендей,  
Құштарлық бар көл бетінде дірілде.

\* \* \*

Тел құрдастар бірін-бірі алдап па,  
Бел-белестен қалдым елес жалғап та.  
Жарқ етер деп қарсы алдымнан күтінем,  
Ұзақ жолда, жүрсем-дағы аулақта.

\* \* \*

Саналы адам сұлулықтың перзенті,  
Бәрімізді махаббаттың жеңді өрті.  
Төлеген мен Қыз Жібектің тағдыры,  
Болып кетті айықпастай ел дерті.

\* \* \*

Елге жетсем көңіл жүгі азайып,  
Естілмеді шер қозғаған наз-айып.  
Наз-айыпты саған қалай айтамын,  
Жаным маздар, сұлу едің ғажайып?!

\* \* \*

Жаксы іздер жаңғыртады өшкенді,  
Жаман іздер қаңғыртады көшкенді.  
Адал жолдан ғибрат алса адамзат,  
Арам ойдан жердің беті сескенді.

\* \* \*

Қайғылы әннен жетім жандар жетілер,  
Асқақ әннен сарбаз жылдам бекінер.  
Жетесіз сөз құмға кеткен сумен тең,  
Бейсаналық қадір-құрмет кетіредер.

\* \* \*

Көз дегенің — ақыл мен ой шырағы,  
Жүрек — таза тасқын сезім бұлағы.  
Қайдан десен дүние-дүрмек әлегі, —  
Тілден келер тамұғы мен жұмағы.

\* \* \*

Бар демеймін арам ниет айласы,  
Көңіл деген ақ ниеттің арнасы.  
Тіршілікте сыйламаған досыңның,  
Өлгеннен соң тиер деме пайдасы.

\* \* \*

Алдымызда не күтіп тұр, кім білді?  
Көп тыңдадық талай заңқой білгірді.  
Құдай бізді даңғойлардан сақтасын,  
Босатпайық бірлік деген шылбырды.

\* \* \*

Ауыл жаққа қалам жиі бастайды,  
Мен отырмын «байтал түгіл бас қайғы».  
Кемпір болып қаусап қана калыпты,  
Деп естідім сағынтқан қыз жастайғы.

\* \* \*

Бала деген жер бетінде жәрменкем,  
Айналайын, немерешім, кел, еркем.  
Ата жолын жалғастырсаң болғаны,  
Қатты ұйқыға берілгенде мен ертен.

\* \* \*

Жөнделсе екен келер күннің құшағы,  
Бүгінгі күн қайда апарар ұшағы.  
Кішігірім қайғым жылдам өткенде,  
Үлкен қасірет үн шығармай қысады.

\* \* \*

Буы кетгі, су құрғады, тұз қалды,  
Жоғалмастай игі жолда із қалды.  
Адал, таза мінезінді жоғалтпа,  
Ел сүймейді ескі дәстүр бұзғанды.

\* \* \*

Төтеп беріп мұхит-өмір жойқынға,  
Елден жырақ жүрдім талай ой-қырда.  
Арал үшін айкасты мен бастап ем,  
Жалғыз қайық тоғысқандай толқынға.

\* \* \*

Нарық келіп, көрсем досты сенделген,  
Түйсігі бар түсінігім дем берген.  
Қиналғанға біз де жәрдем етерміз,  
Кеше көмек алған басқа елдерден.

\* \* \*

Күнге жеттік, қазағым, «Азат» деген,  
Шын қоштастық мұн шеккен азаппенен.  
Ақылдыдан тыңдайық озық ойды,  
Ақымакқа табыну мазақ дер ем.

\* \* \*

Алақайлап құр бекер елігу жоқ,  
Бірақ, достым! Ертеңге көңілім тоқ!  
Махамбетшіл, ер мінезді Мағжаншыл  
Қазағыма қашан да сенімім көп!

\* \* \*

Қашан көрсең елігіп бас иетін,  
Даналардың сүйемін өсиетін.  
Кем-кетігін біреудің тере бермей,  
Ең қымбатты іздеймін қасиетін.

\* \* \*

Қиналғанда қолтықтан демейтіндер,  
Азайыпты, тар жолда жебейтіндер.  
Ішпейтіндер бұл күнде көп болса да,  
Табылмай тұр есепсіз жемейтіндер.

\* \* \*

Саясаткер бейсана ойнамайды,  
Ойнаған боп ойрандар ол талайды.  
Әбиауыз есептен жаңылғанда,  
Әккі «ойыншы» арбалап-дорбалайды.

\* \* \*

Туған елдің ізім көп тау-тасында,  
Дауыл-желді шын кенші байқасын ба?!  
Мағжан, Сәкен, Тұрарлар тірі жүрсе,  
Жолығар ем Аралдың айқасында.

\* \* \*

Сырымбеттен, беу, тағдыр, алып ұштын!  
Сезсең мұнын сескенбе сағыныштын.  
Жыр төгілттім, кен қаздым, ел басқардым,  
Аралдың да қасіретін қанып іштім.

\* \* \*

Тарлан тарих сан ғасыр сынап едің,  
Сойылымен жер қорғап шыдады елім.  
Өліп-өшіп жеткенде бостандыққа  
Қағып түспе дәуірдің «Құлагерін».

\* \* \*

Саясаттың құралы — мақтаншақтық,  
Төс қақпайтын шендіні қайдан таптық?  
Нұры жансын жақсының — ол дұрыс қой,  
Кей сұқсұрды тым ерте жайнандаттық.



\* \* \*

Саясатта таразы жөндейтіндер:  
Женгендер мен «бізге жол бер» дейтіндер,  
Үлкен төрге жеткісі келгендер мен  
Ешқашанда кеткісі келмейтіндер.

\* \* \*

Нық саясат – тер төгіп, таза жүру,  
Алтын көрсен қолынды қаға білу.  
Саясаттың үлкені: ауыр іске  
Тәуір тетік тәсілін таба білу.

\* \* \*

Бірлік туын әу баста қолдаса да,  
Сұмдық терді сыртымнан ол тасада.  
Мен жайлы өсек тасыпты бір пысыққа,  
Қастастығым онымен болмаса да.

\* \* \*

Жігіт көрдім жалғанда сұмдық епті,  
Екі жүзді жан-жаққа бұрды бетті.  
Арыстарды оңбастай сүріндірсе,  
Ақымақтың алдында құлдық етті.

\* \* \*

Қанша ұнап тұрса да аты маған,  
Жігіттер бар жілігі татымаған.  
Бір тетігін табады жақсылықтың,  
Қай ұядан шықса да асыл адам.

\* \* \*

Нарық жеңген оранып егінге біз,  
Жерсіз калып, жүгі ауыр жегіндеміз.  
Көмір, темір, алтын, мыс – жер байлығын,  
Бермейікші әлі де тегінге біз.

\* \* \*

Әпербакан үдетсек алақайды,  
Отардағы қой көрді талапайды.  
Төрт түліктен айырылсақ сандалармыз,  
Көк тұманда таба алмай ала тайды.

\* \* \*

Нағыз магнат, алпауыт күйлі күрен,  
Сүрінгені өкініш үйді білем.  
Енді ойлап жүр байлығын сіңіруді,  
Айырылып қалса да билігінен.

\* \* \*

Ақылды әйел жігітті көркейтеді,  
Ел алдында есімін үлкейтеді.  
Сондықтан да сұлуға бас иеді,  
Тақта – патша, ер жігіт ең тентегі.

\* \* \*

Сағынғанда көрсетпес көңіл нені,  
Көзге ілікті киіктей егіндегі.  
Айыр жолдар шалғайда дүбірінен  
Ғашық жүрек лүпілі бөлінбеді.

\* \* \*

Тәуір жігіт едің сен есенінде,  
Еске алмадым сенген жұрт есебін де.  
«Саша болам» – деп бөсу ондырмады,  
Нең бар еді еліктеп Есенинге?!

\* \* \*

Неге, аға, кешір деп ақталасың?  
Бақытым бар тірлікте тақтан асыл.  
Жауым деме, жауықпас ақын ғана,  
Ол сақтайды ел-жұрттың салт-санасын.

\* \* \*

Тұрып қалмай өткелде қарап тегін,  
Мүмкіндігін әркімнің санапты елім.  
Тығырықтан қақпандай жалақтаған  
Бүкіл елдің көрдік-ау сау өткенін.

\* \* \*

Күннен түскен сын тағар арайға да,  
Жан шошымас құлқынан қалай ғана.  
Әлін білмей, өзінің жөнін білмей,  
Мін тағыпты бір сабаз Абайға да.

\* \* \*

Жаналықты бұрындау ұғынғаным,  
Ақын-кенші аңғарған сырым қалың.  
Ақындығым – бақытым тірліктегі,  
Осал іске ешқашан ұрынбадым.

\* \* \*

Ымырт неге тым шапшаң батырланды?  
Шыдайыкшы, түн сүйер батыл жанды.  
Қараңғылық әп-сәтте қоюланса,  
Алтын арай жетер кез жақын қалды.

\* \* \*

Қанат жайып кең құлаш көсіл мейлі,  
Ақылды адам еліріп есірмейді.  
Құлығынды тәңірім кешірсе де,  
Сұмдығынды ешқашан кешірмейді.

\* \* \*

Кешіп келем туғалы өртті кілен,  
Бір басымнан мың бөгет өтті білем.  
Кеш болса да шын бақыт бір келеді,  
Жамандардан жақсының көптігінен.

\* \* \*

Ата-бабам естірткен мың сан дүбір,  
Алыста ғой, ағайын, қусаң түбір.  
Сәтті күндер кешсем де қай қияда,  
Жұмақ екен ауылда жусан-ғұмыр.

\* \* \*

Қаратауға оралып ой бұрынғы,  
Алатауға жиірек жол бұрылды.  
Көкшетауды сүйсем де өзгеден көп,  
Ұлытаудан барлаймын ой-қырымды.

\* \* \*

Сүйемелдеп ағайын арығын да,  
Игереді қазағым нарығын да.  
Ойлайтыным: тозбасын адамшылық,  
Тірі жанның сінбесін ары құмға.

\* \* \*

Қайран жастық өтті деп жасымаймын,  
Әндетемін, басыма тасымай мұн.  
Егделікке берілмей, өзімді-өзім  
Өрге ұмтылған жүйріктей қамшылаймын.

\* \* \*

Ауыр десе — ауылым өзгергенің,  
Уайымшыл, жандайшап сөзге ермедім.  
Ұлық сүйгіш халқым-ай, сен мықтысың,  
Көп күрсінтті бүгінгі өз көргенім.

\* \* \*

Толқып жатқан жігерлі ағын ішім,  
Марқайғандық — ақылға бағынышым.  
Тағдыр, сені жазғырып өлең жазам,  
Ескермесен халқымның жалынышын.

\* \* \*

Тәубә десең сыртыңның бүтініне,  
Адам шеккен ар-намыс жұты, міне.  
Арқалыны қалталы аңғармайды,  
Бағынумен доллардың үкіміне.

\* \* \*

Бір жігіт бар құлқыны тоқтамаған,  
«Өлді-ау» дейтін қалып жүр оттан аман.  
«Оққағары» бар екен, есен қалды,  
Дағдарыстан бүкіл ел соқпалаған.

\* \* \*

Көрмедім деп көргенді өз көзімен,  
Ақылға тор, салды ағам сөзге жүген.  
Соның бәрін істетті жағымпаздар,  
Алжыған жоқ ақсақал өз-өзінен.

\* \* \*

Өмір. Тұрмыс. Кең нарық. Майдан алан.  
Адамдар көп ақылын майдалаған.  
Дәстүрлі өлең айтылмай бара жатыр,  
Әнші болды ақшалы, айлалы адам.

\* \* \*

Адал досың артықтау аталастан,  
Ол дәл басар жерінді қате басқан.  
Шымылдығын шындықтың ашқан кезде,  
Жұлдыз төгіп алдыңнан өтеді аспан.

\* \* \*

Ел намысы – ең үлкен асыл ұғым,  
Келте пішер жоқ менің асылығым.  
Қандай өткел көрсек те, туған елдің  
Шын бақытын көруге ғашығымын.

\* \* \*

Беу, ағайын! Аз болсын гүлім мейлің,  
Тіршілікке мін тағып түнілмеймін.  
Мені қойшы, ұлт халін ұғу үшін  
Ахуалына ауылдың үніл деймін.

\* \* \*

Саясатты жүргендер емге білмей,  
Көрер біреу біреуді жеңгеніндей.  
Кей бастықтар тағына қайта оралар,  
«Христостың халыққа келгеніндей».

\* \* \*

Ақылдыны ақымаққа жығып берген,  
Шын мықтыдан жылпосты мығым көрген;  
Кеше ғана бір «мырза» қатты өкінді,  
Сырын білмей жақсыға қырын келген.

\* \* \*

Албырттығы бақыт қой жүректің де,  
Тас қопардым, кен қаздым, дір еттім бе?  
Шыр-шыр етіп шөберем келді өмірге,  
Жаңа жырым сол ғажап бірікті үнге.

\* \* \*

Ардақтаймыз бірлікшіл біз ғұрыпты,  
Қашан ауыр тер төкпей іс тыныпты.  
Қазағыма тілеймін ақыл-қайрат,  
Адамзатқа біткен бар күштілікті.

\* \* \*

Бүгін қызық жанымның сезінгені,  
Ақиқатым, пәк сырым сөзім тегі.  
Елбасы мен елімде зор ниет бар,  
Талаптанған жылжуға тез ілгері.

\* \* \*

Мүдірмеймін, өлең сөз бабындамын,  
Егіз туды ел сүйген ағынды әнім.  
Арлы жанның бейнесін паш етемін,  
Құлқым сүймес ел тонап қағынғанын.

\* \* \*

Ашқан өзен секілді мұз іргесін,  
Егемендік арнасы үзілмесін.  
Мақтануға кей-кейде қол тимейді,  
Қиындықтар көзіне тізілгесін.

\* \* \*

«Ол жүр екен іздеумен шаршап нені?»  
Десе біреу, аңсатпас мансап мені.  
Кеншілік пен әкімдік қоштасқанда,  
Ақындықтың қарсы алды аққан селі.



# *Поэмалар*

## Мағжан аға «Сағындым» атты өлеңі

(Лирикалық поэма)

*«Қарашығым, құлыным деп зарлаған,  
Алыстағы сорлы анамды сағындым».*

**Мағжан Жұмабаев**

Тұлғасы мол, ну ормандай көлемі,

Мағжан аға

«Сағындым» атты өлеңі.

Абақтыда шыбын жанын қозғаған

Бір Алланың сыбырындай өрелі.

Өлең емес, дер едім мен, дастан ба?

Жан сүйсінді дастандықтан асқанға.

Ол кең құлаш,

Өлең емес – роман,

Сағынышы көтеріп тұрған аспанға.

Құдіреттің нұры түскен роман,

Жыл, күн емес,

Бір ғасырды құраған.

Қиян-кескі быт-шыт болған Батысты

Шығыстан шыққан жас пайғамбар сынаған.

«Бостандықта өткен күнді сағындым,

Желдей заулап өткен күнді сағындым», –

Деген екен тар қапаста дауылпаз,

Бостандықшыл мінезіне табындым.

Өткенді айтсам болмас сөздің қатасы,  
Жетті алыстан бізге берген батасы.  
Сағыншақ едім бала күннен мен-дағы,  
Мағжан екен  
Сағыншақтардың атасы.

Сол керемет «Сағындым» атты өлеңі,  
Қимастықтың бесігіне бөледі.  
Терең ойы келешекке көз салған,  
Құлшындырды занғар биік белеңі.

Сағыныштан туған өжет, қайсар үн,  
Озык ойлы тереңдігін байқадым.  
Көріпкелдік-әулиелік жасапты,  
Сағынышқа орап,  
бөлеп айтарын.

Жанға тиер уыты мол сөзінде,  
Таң қаламын санам жетпес төзімге.  
Мәскеу жақтан  
Елге көп жыл оралтпай,  
Қиянатқа оранып ем өзім де.

– Шөліркеген далаға  
Жанбырлы бұлт болар ма ем,  
Піскен кезде мол егін  
Диқан болып орар ма ем.  
Қайтқан құстар барады  
Еділдетіп Оралмен.  
Елге жетіп қалар ма ем,  
Ере кетіп солармен.  
Сағынғанда көрінер  
Терезеден ауыл жақ.  
Ол да қызық білгенге,  
Ол да адамға тәуір шақ.

Самолеттер көктегі  
Ұшса бұлтты бауырлап,  
Ішінде мен жоқ болып  
Бара жатыр ауырлап, –  
Деп толғансам  
Елге жетті елеңім,  
Қозғай бердім сағыныштардың тереңін.  
Содан болар,  
Мағжан аға өлеңін,  
Алыс жолда жебегендей көремін.

«Абактыда айдан, күннен жанылдым,  
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.  
Қарашығым, құлыным деп зарлаған  
Алыстағы сорлы анамды сағындым», –  
Десе шіркін,  
Қалай шыдар жүрегің?  
Анамды ойлап өзім де көп жүдедім.  
Қосағынан аштық жылы айырылып,  
Шекті жастай қиямет-қайым легін.

Мағжанды оқып,  
Көзден маржан төктім де,  
Амалсыздан өзімді айтып кеттім бе,  
Азайтайын,  
кешіре гөр, оқушым,  
Айтар мұңым жетер еді-ау  
көп күнге.

Кісінеген құлыншақтай желіде,  
Сәл шұрқырап  
Көңіл бөлсем беріге.  
Қара жерге кіргенінше таркамас,  
Отыз екінші жылы туғандардың шері де.

Мен емес-ау,  
Сөйлетеді құс тілі,  
Тебірентеді біздей шымыр күштіні.  
Аштық, соғыс —  
біздер көрген қиындық, —  
Мағжан аға шеккен қорлық ұшқыны.

«Жатқан үйім — қабырғасы кара тас,  
Жарық сәуле, жылы күнге қаны қас.  
Ауыр иіс, ылғи кара көлеңке,  
Ерте-кеш те, күндіз-түні арылмас».

Сол ғой бұзған нарттай жанған нұр өңін,  
«Қараңғы үңгір» өзгертіпті реңін.  
Тек өленнен  
Бізге жеткен көреміз,  
Көк бөрідей көнбіс, өжет жүрегін.

Бір көруге жасарлықтай жан құрбан,  
Ғашық назы өшпестей із қалдырған.  
Жан жарына сағынышы жанған от,  
Киелі үндей адамды естен тандырған.

Тар қапаста қасіретке малынған,  
Жаралғандай тұла бойы ағыннан,  
Көкіректі өртеп өтер әр сөзі,  
Туған жердің әр бөлшегін сағынған.

«Қазағымды, қалың елді сағындым,  
Сарыарқаны — сайран жерді сағындым.  
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті,  
Арқадағы айдын көлді сағындым».

Жанға қуат, бойға күш бар сөзінде,  
Сағынтады орап тастап сезімге.  
Елге оралтпай партияның басшысы,  
Сағынышымды төгілдірдім өзім де.

Қыран жетпес биіктерді сағындым,  
Сәулеті көз байлаған.  
Қырда желген киіктерді сағындым,  
Жанарлары жайнаған.  
Құмар болған,  
Ұлар болған  
Ұлытауды сағындым.

Ауылым қонған Сырымбетті сағындым,  
Таңдайым бал татынып.  
Бауыры толған жиын топты сағындым,  
Құрбы-құрдас шақырып.  
Ақкулы өлкем,  
Гәккулі өлкем,  
Көкшетауды сағындым.

Алтын алқа – Есілімді сағындым,  
Ақ қайындар өрлеген.  
Көрші қалқа, есімінді сағындым,  
Көптен айтып көрмеген.  
Сары жайлаулы,  
Таң байлаулы  
Сарыарқамды сағындым.

Аға-жеңге, бауырласты сағындым,  
Сайран салып жүретін.  
Аман қалған ауылдасты сағындым,  
Ата-анамды білетін.  
Кіндік кескен,  
Бауырында өскен,  
Жалғызтауды сағындым.

Көрген оның бір емес пе арнасы,  
Озбыр Одақ  
Өше қоймас таңбасы.

Не де болса,  
Бар айтқаным сондағы  
Мағжан аға қасіретінің жалғасы.

Ұлы адамның зор атағын ел білген,  
Терезеден өңін көрем телмірген.  
Ашы зарын  
Сәл саңылаудан естимін,  
«Сабыр ет» деп қазағымды сендірген.

Ойшыл өлең дария-шалқар көсілген,  
Бір оқысаң  
Мәңгі кетпес есіңнен.  
Туған жерді, ағайынды аңсапты,  
Еркелетіп асау тайдай өсірген.

Қамықса да білдірмей-ақ шаршауды,  
Желкен етгі бостандықты аңсауды.  
Сыр бермеуге,  
Шыр бұзбауға шақырды,  
Адал достар, асыл жары, баршанды.

Қаранғы үңгір түрмені де келтірген,  
Қара құлып көрініп тұр шертиген.  
Соны көріп ой «жегідей жегенде»  
Бар қайғысын жырға қосып желпінген.

Таң білінбей  
Оятқанға тамсанды,  
Күзетшінің қоңырауын қарсы алды.  
Ыза кернеп, шыдай-шыдай қорлыққа,  
Тар түрмеден байтақ елге жар салды.

Межешамдай түнде шашқан жарықты,  
Алға тартты ақылы жеткен анықты.  
«Мен өлсем де Алаш өлмес, көркейер!» —  
Деп сақ қыран сендіріпті халықты.

Көкірек жарған түсінгенім ғажапты:  
Сын сағатта шындап жатыр қазақты.  
«Маған артық – ұлтым үшін өлгенім!» –  
Деп кешіпті жан түршігер азапты.

Дар алдында дара сөйлеп тұрғандай,  
Тиген жерін тіліп түсер тіл қандай!  
Көкірегін кернеп шыққан шерлі мұң,  
Булықтырып қыл арқанмен буғандай.

Намыс пен кек салса отына таластың,  
О, тарланым!  
Ел шерімен санастың.  
Тар қапаста тасбауырлар қинаса,  
Ардагері болып өттің Алаштың!

Дауылпаздың дана сөзін тірі аңыз,  
Естіп жатты Қаратаулар, құба дүз.  
Көріпкелдік-әулиелік болжамын,  
Өлеңдегі өз сөзінен тыңдаңыз:

«Қалың елім, қалың қара ағашым,  
Қайраты мол, айбынды ер Алашым!  
Өзі-ақ құлар, сырын берме, сабыр қыл,  
Ақымақтар байқамаған шамасын!»

Осы емес пе  
Әулиелік, даналық?!  
Тура келді, Мағжан сөзі бәрі анық.  
Кешегі Одақ оқ шығынсыз құлады,  
Өз қырсығы, өз пәлесі қадалып.

Қорлық-зорлық, тартқан опық азабын,  
Дербес ел боп ту көтерді қазағым.  
Мағжан аға,  
Бүгін саған арналған  
Күн туып тұр шығарарлық мазалы үн.



Не де болса соңына еріп сенсек те,  
Сенімсіздік жатты «мұртты Генсекте».  
Өлеңінді жаттау түгіл жан аға,  
Есімінді білгізбеді мектепте.

О, Жаратқан! Бүгін тәубе етемін,  
Не бітірем көп шығарып бөтен үн?  
Аштық пенен арыстарды қыруға,  
Атап өтем кім кәнілі екенін.

Сұм саясат сілтеп қатал құрықты,  
Ұлтымыздың асылдарын құрытты.  
Жендеттері  
«Шаш ал десе, бас алып»,  
Өлім сүйгіш дәстүріне құнықты.

Қырып салды шындық сүйгіш батылды,  
Малын алып елді аштыққа батырды.  
Қайран қазақ тірі өліктей шыдаса,  
Көз алдында  
Арыстары атылды.

Бөсе сөйлеп Хрущев те құбылды,  
Отан қайда?  
Шенқұмарлар шұбырды.  
Брежневтер және оның достары,  
Жағы түспей бермей өтті тұғырды.

Жеңсе-дағы үлкен билік таласын,  
Жіті зерлеп білмеді өз бағасын:  
Қырық құрақ елді «қайта құрам» деп,  
Горбачев та байқамады шамасын.

Әне, содан компартия ұтылды,  
Әлемде бар дұшпандары құтырды.  
Тап кешегі үкімет қатты булықты,  
Империя ай мен күні тұтылды.

Сыртқы жаудың бар қаруы окталмай,  
Ішкі даудың дүрбелені тоқталмай,  
Құлады өзі...  
Аш аюдай сұлады,  
Мағжан аға, аруағың атқандай.

Есеп беріп жатырмын ғой, жан аға,  
Ем табылды саған батқан жараға.  
Ұран тастап,  
Сен жастарға сеніп ең,  
Ұлағат сөзің ұя салды санаға.

Тасқындады жанартаудай жүректер,  
Жалын шашты желтоқсаншыл түлектер.  
Дербес ел боп,  
Қазақ тұрды қатарға,  
Орындалды сан жылғы асыл тілектер.

Дін оралды.  
Тіл жорығы басталды,  
Ділім берік – ұлттық ұғым басқарды.  
Елбасымыз таза қазақ Нұрсұлтан,  
Бара жатыр соңына ертіп жастарды.

Түркістаншыл талабың кең сезілді,  
Алаш туын ел жүрекке тез ілді.  
Түркі тектес  
Түбі бірге халықтар  
Бас ақыны атап жатар өзінді.

Желтоқсаншыл жеткіншектер ысылды,  
Көп дәстүрді бәз қалпына түсірді.  
Туған елін  
Токтары мен Талғатын  
Байқоңырдан ғарышқа да ұшырды.

Қуанышым көкірекке сыймайды,  
Ұмыт болды жанға батқан мың қайғы.  
Елбасын да,  
Мемлекеттің өресін,  
Әлемдегі барлық елдер сыйлайды.

Тәуелсіздік берген кәрі-жасқа да,  
Жаналық көп дербес елде басқа да.  
115-ке толған құтты жылында,  
Он жылдық той тойлап жатыр Астана.

Кемістікті жасырмаймын құлыптап,  
Тіл тағдырын шешу керек дұрыстап.  
Нарық берген  
Халық көрген хал-жайды,  
Президенттің өзі де айтты сұрыптап.

Осылай, достар,  
Мағжан сөзі шашқанда от  
Қысқа өлеңім  
Кетті шағын дастан боп.  
«Жүре-жүре көш түзелер» деген бар,  
Дана сырын әлі түгел ашқам жоқ.

Көріпкел ғой акын сөзі өрелі,  
Пайғамбармын дегені де сол еді.  
Аспанымда жанды Мағжан жұлдызы,  
Тұтатқандай «Сағындым» атты өлеңі!

Роман теңдес туған өлең татымы,  
Етті оны Тәуелсіздік жақыны.  
Әулиелік жетті атаққа қазақтың,  
Еш кінәсіз атылып кеткен акыны!

22.05.2008  
Астана

# Мағжан — ақындықтың дауылпазы!

(Лирикалық поэма)

## I

Ақындар табиғаттың тілі емес пе?!  
Ақ ниет ақ сүт берген үні емес пе?!  
Қарашы Мағжан аға келбетіне,  
Тұранның нұрлы гауһар шыңы емес пе?!

Жанартау оты сөнбес қарқынды адам,  
Ақиық қос қанаты қарпылмаған.  
Телегей ақтарылды, ақ жарылды,  
Арманшыл асыл мұны сарқылмаған.

Есесін ессіз күннің тағдыр берсін,  
Қайтадан Мағжан атты жаңғырды есім.  
Жетеді ет-жүрекке әрбір сөзі,  
Кетеді еске оралтып тағдыр көшін.

Әуезов айтып еді еркін тілек:  
— Абайдан кейінгі осы, екінші, — деп.

## II

Бұлқынған қайда, десен, — бұлан ерлік?  
Бойына жастай сінді құлагерлік.  
Ақан, Біржан, Ыбырай бабаларым,  
Ініге із тастады сынап ерлік.

Елі үшін шыбын жанын қылды сауға,  
Жазаға қаза пішер қалды дауға.  
Қамыққан һәм жабыққан кездерінде,  
Жүретін келіп қайтып Жалғызтауға.

Қайғысы Қаратаудай тербелетін,  
Мұнлы жел, маңғаз дала дем беретін.  
Көркіне ақын аға жиған екен,  
Туған жер ен ғажайып кереметін.

Жан еді өзі сұлу, сөзі биік,  
Атты екен қандай жендет көзі қиып?!

### III

Көркем жыр, көрікті саз мәні сұлу,  
Жарқ етіп өткен жұлдыз сәні сұлу.  
Мағжанның ұлылығын ұғам десең:  
Еркіншіл, елін сүйген жаны сұлу.

Басы – құт, аяғы – жұт өтсе жалған,  
Ел үшін текке кетпес шеккен арман.  
Аяттай әр өлені болса-дағы,  
Саяктай қысым көрді-ау өртте қалған.

Ұлықтың сүймеді есер алақайын,  
Білді ол ауыл шерін, қала жайын.  
Қарашы, мұнлы жанар, ойлы жүзін,  
Қаншама көркем – сонша қарапайым.

Мол еді шапағаты күннен туған,  
Жан еді Көк бөрідей гуннен туған.

### IV

Секілді табиғаттың балапаны,  
Нұр құйды пәк жанына дала таңы.  
Есілдің бұйра талы – бұйра шашын,  
Сарыарқа самалына таратады.

Қапа бар қас пен көздің арасында,  
Жанары ұқсар терең қара суға.  
Мәңгі жас қарағайдай көрінеді,  
Көк терек, ақ қайындар арасында.

Тым кештеу өлең-жырын оқығаным,  
Көкіректе өкініштің оты қалың.  
Мағжанды, Сәкендерді білмей өстік,  
Тоғайдай тығып қойған тотыларын.

Жасырын айтсақ-тағы өлеңдерін,  
Өздері жабық жатты өрендерім!

## V

Құштарлық құлшындырған тілі қандай!  
Ашылды жан құпия бірі қалмай.  
У ішсе, бал татса да жасырмайды,  
Аузынан сөз шықпайды иі қанбай.

Шерлі жан шын ғашық та, жаралы да,  
Сыр шертті көкірегі ояу саналыға.  
Өтіпті қызыл тілді кісендетпей,  
Салса да ажал торы қамалына.

Дауылпаз өктем жырға кенеліппін,  
Лебіне ынтық, қайсар ден еріппін.  
Сан жылдар қайықшылап көл кешіппіз,  
Дарияда білмей жөнін кемеліктің.

Ол төкті дүниеге сәлем гүлін,  
Есімін білсін айқын әлем бүгін!

## VI

Тамаша сөз сарасын сүйгендігі,  
Сүйсінтер таза нәркес сыр кендігі.  
Өлең бе? Әуен бе? – деп таңданасың,  
Сол шығар ел тынысын білгендігі.

Қу заман ақ сұңқарды қалай жықтың?!  
Қапыда кетті-ау солай, талай мықтым.  
Тас бауыр, тажал тағдыр мерт қылмаса,  
Шыңына жетер еді-ау, Абайлықтын.

Беу, дүние! Тындап ауыл амалшысын,  
Жақсыны неге көрдің «жаман кісің?!»  
Халқымның досын жауы атандырып,  
Әкеттің болашақтың хабаршысын.

Абайға болса жақын мұрагердей,  
Сокқыда жан тапсырды Құлагердей!

## VII

Шын дүлдүл сал табиғат төл баласы,  
Өзгеден жанға батқан көп жарасы.  
Зерделі, Мағжан ойлы, көсем ақын,  
Болардай бүгін өлең төр ағасы.

Тапқанда сарынынан түрікшілдік,  
Не сырын о, жарандар, біліп жүрдік?!  
«Жасырмас жақсы тегін» демеп пе еді,  
Түбірін көксеу болмас бүлікшілдік.

Заманның неге көнсін мазағына,  
Қинады кертартпалық азабы да.  
«Ұғамын тәңірі тілін», – деп талпынса,  
Аңсады азат өмір қазағыма.

Көмекті түбірі бір достан күтті,  
Ту етті туған елге бостандықты!

## VIII

Көнбеді ол содыр, зомбы шокпарына,  
Күйініш қаскөй зұлмат жетті арына.  
Елді ойлап ерттеулі аттан түспей өтті,  
Жол ашып еркіншілік оттарына.

Айқаста келмесе де ақын бабы,  
Апайтөс албырт ағын тартынбады.  
Әмудей айырылса да Аралынан,  
Рухы қалды ұрпаққа артындағы.

Есерді емдеу үшін мақау дерттен,  
Қайтпады қайсар ұлан алған беттен.  
Өнерде Абайлыққа құлаш ұрса,  
Айбаты аумамай өтті Махамбеттен.

Бәрі жөн десек жұлдыз, нағыз айы,  
Мағжан – поэзия Абылайы!

## IX

Текті ақын, іргелі ақын, қабырғалы,  
Айлакер атқыштардың табылды «аны».  
Тағдырдың қазақ десе жаны қызған  
Талантқа өш болғаны не қылғаны?!

Жоламас өз құрбаны, өз айтына,  
Сын тартты сырт бергенді азайтуға.  
Шұбар тіл кей жастарды кетті деді:  
«Сергейдің селендегі» гөләйтына.

Көтерер Мағжан сөзі пейіліңді,  
Ашады сыршыл кенес зейініңді.  
Қаншама арпалысқа шақырса да,  
Соншама ол сезімтал, мейірімді.

Өзгеден өктем етіп, өтті жырлап,  
Мезетін махаббаттың тақтан қымбат.



## X

Ардагер табиғатқа тартпай қоймас,  
Сұлуды көңілі сүйген естен жоймас.  
Қарашы жас қырандай келбетіне,  
Көргендей Көкшетауды көзің тоймас.

Бұлтындай Қарқаралы тарқамаған,  
Мәдидей мұны қалың арқалаған.  
Толқытпай қоймас ақын қапа-назы  
Қорқыттай кернеп бойын зар қамаған.

Бауырында туса-дағы Жалғызтаудың,  
Ол досы барлық жайлау, бар қыстаудың.  
Жыр етті Памирді де, Альпіні де,  
Жүргендей қойнауында Маңғыстаудың.

Шырағы жанды ауылдың, салты оналды,  
Паш етті туған жері Сартомарды.

## XI

Сырына қанды Ертіс, Іле, Орал,  
Сүйсінді Еділ, Жайық, Балқаш, Арал.  
Тұранды ұран қылса білгені сол,  
Ақынға айып тақпа тапқан қамал.

Өзбекті өз ағамыз деп балаған,  
Түрікменді қой қоралас дос санаған.  
Қырғыз бен қарақалпақ бауырым деп,  
Мағжан елді елге қосқан адам.

Кім берді, – десеніздер, арманға леп?  
Шығандап шығыста бар жалғанды ілек.  
Үңілсем жазғанына үлгі көрем,  
Оятқан қаны таза арманды кек.

Пәк мінез даналықты құмартты үні,  
Шығыстың Мағжан заңғар құзарт шыңы!

## XII

Білмеймін есепшiдей шот қағуды,  
Бастадым, болжамадым тоқталуды.  
Аралдың айқасына түсіп кетіп,  
Өзім де кешіп жүрмін от-жалынды.

Тыңдашы, сөз айғағын тіл кескенше,  
Не болдық жария жасап үндескенше.  
Оралмас шарасына Арал қайтып,  
Қазақ пен Орта Азия бірлескенше.

Осындай бәрі мысал дүниенің,  
Керегі болғаны ғой бір иенің.  
Дананың кей ұраны дәл келгендей,  
Толассыз толқын ойды иіремін.

Мағжан сау болса өшпес жігер еді,  
Аралдың айқасында жүрер еді.

## XIII

Тіршілік шын сұңқарға майдан-алаң,  
Пәк сезім одан артық қайда маған?!  
Жырласам Мағжан аға өмір жайын,  
Тоғайда бұлбұл қалмас сайрамаған.

Махаббат інкәр туын жалғап өтті,  
Сөз балын, көз жасымен арнау етті.  
Құштарлық қызуынан сезінемін,  
Лапылдап жүрегінде жанған отты.

Сыр төксе, екі ғашық сыбырласса,  
Кездесе, ләззат алса, мұның басса.  
«Сүйші, сүй, тағы да сүй!» дегеніне,  
Қалайша сүйсінбессің нұрын шашса.

От сезім нәзік қылын шертіп кетті,  
Махаббат ашық сыры еркін жетті.

## XIV

Бұл сөзді кім жөптемес ғашық көрген?  
Ашық мұң, алшы ғибрат, ашық шерден.  
Абзалы ақындықтың осы деймін,  
Шындықты шырылдатып ашып берген.

Сенбесең аспандағы шақыр айды,  
Тіршілік тік қозғалар басыбайлы.  
«Сен сұлу бәрінен де» деген сөзі  
Мырс етпес мың ақынды асырайды.

Шын ақын – жаны мырза, елікпелі,  
Тумайды бір мысқал сәт зеріккені.  
Осындай періштені оққа ұшырып,  
Сұмдық қой зар заманның желіккені.

Жырына жүрек жалғап емделемін,  
Тағдыры еске түссе сенделемін.

## XV

Сүйді ол, сүйсе алаңсыз тәтті сүйді,  
Сүйдім деп бебеулетті ащы күйді.  
Жан зекет туған елді сүйгені үшін,  
Аждаһа ажал оғы қатты тиді.

Жат емес өмір сүйгіш сұранышы,  
Ұмытсын оны қалай Тұран іші.  
Жаланап жанын тосып кешір десе  
Қан жұтты жалғыз ауыз ұраны үшін.

Көшпелі дәуір емес аңсағаны,  
Еңселі Мағжан-тілек басқа мәні.  
Көрінді көп арпалыс легінде  
Казіргі күнді ойлай бастағаны.

Есімі елге талай жол ашады,  
Толғантты оны қазақ болашағы.

## XVI

Акындар асқар шынмен таласады,  
Таласу тарлан ерге жарасады.  
Тауымды «жауым» деген нақұрыстар,  
Аладан құла туып адасады.

Сондайлар Мағжанға да шешенденді,  
Шешендер даулы-данғой есерге ерді.  
«Бас алған шаш ал десе» – осы екен ғой,  
Қазаққа қазақ кейде кеселденді.

Тебіренсек мұн-наласын біз ұғына,  
Сан алуан құнығарсың қызығына.  
Тағдырдың бұйрығына шек болмады-ау,  
Жаксыны жығып берген бұзығына.

Арыстан жазатайым болғанда мерт,  
Алыстан жалыны айқын көрінді өрт.

## XVII

Женсе ойын Абылайшыл ойран-елес,  
Бар әлем қызығына тойған емес.  
Тілесе туған елдің бостандығын,  
Орыстан безу онда болған емес.

Жатсынып жыр жазған жоқ жалпылама,  
Жан еді жолы – тайғақ, салты – дана.  
Тұлпардан тұғыр озған заман туып,  
Қисынсыз түсті талай талқыға да.

Ергендей өсек-аяң жетегіне,  
Сын арнап қайтем көңіл секеміне.  
Тапты ашып, Еуропа терезесін,  
Акындық данышпаны Гетені де.

Акын ғой Мағжан аға өте мықты,  
Игерген түпсіз терең Гетелікті.

## XVIII

Барласам саяси сөз тізілімін,  
Көрінер әр белесте ізі бүгін.  
«Базарша дүкен кұр», – деп айтқаны бар,  
Назарла қыр қазағы қызық үнін.

Жадына бала күннен жабысқан кек,  
Күтті ғой достан тірек, таныстан сеп.  
Ақындық көк семсері сол емес пе,  
Паш еткен Наурызбайды арыстан деп.

Мерт болса Құлагердей майдан-шұбар,  
Туған ел есіркемей қайдан шыдар?!  
Оралса Мағжан аға құшағына,  
Алғысын Алланың да алған шығар.

Ағайын, қасымдағым, алыстағым,  
Оралды торға түскен данышпаның.

## XIX

Кемеңгер ардақтайды кең даласын,  
Кең дала ұмытпайды ел данасын.  
Алатау, Қаратаулар Мағжан десе  
Сүйсінер еске алғандай бел баласын.

Өскен жан ерке-бұла құрық көрмей,  
Кетті ғой көріскенге ырық бермей.  
Шіркін-ай... Қатал тағдыр қалт етпеді  
Қазақтың арыстарын қырып бермей.

Өлімі ірі ақынның елге қайғы,  
Ел емес бүкіл жұмыр жерге қайғы.  
«Мұрттыға» құрттын демей қайран казак,  
Азасын арыстардың желге жайды.

Сағынса ерке Есілдің құба талы,  
Жабырқап Еділ-Жайық жұбатады.

## XX

Ақ қайың самалынан татқан шырын,  
Көршілес ауылымыз, айтсақ шынын.  
Жүргенім Мағжан аға арманы екен,  
Ішінде Арал үшін жаншапқының.

Жаксы үлгі арттағыны кылықты етер,  
Қалайша жыр жазайын жүріп бекер?!  
Аралды адамзат боп толтырмасақ,  
Сарыарка құт-дәулеті құрып кетер.

Паш етсек арыстарды сүйеу пана,  
Жастарға өжет мінез тілер сана.  
Одақты «Өзі-ақ құлар» деп болжаған,  
Әулие Мағжан ақын біреу ғана.

Жаны ашыр көкірегіне түйген сыры,  
Шын ақын – әділеттің сүйген құлы!

## XXI

Бар болса мінезінде тебегендік,  
Сөкпе, дос, дауыл шекпес сөнеді ерлік.  
Құлады қатал Кенес үкіметі,  
Келді ғой Мағжан айтқан егемендік.

Туғалы көрдік, білдік біз талайды,  
Серт емес сыр шұбалту нұсқа жайлы.  
Мағжанға еліктеуші толып жатыр,  
Ал, Мағжан еш ақынға ұқсамайды.

Тым мактап кетті деме қаны бірді,  
Мағжанмен поэзия сәні кірді.  
Елім деп еңіреп жүріп оққа ұшқан,  
Сыйлайық ары бірді, жаны бірді.

Жырында толқып жатқан дәуір назы,  
Мағжан – ақындықтың дауылпазы!

## Мағжан ақын өмірінің негізгі кезеңдері мен қосымша деректері

**1893 жылы 25 маусымда** дүниеге келді. Төрт жасынан ауыл молдасынан сабақтанды.

Әкесі Бекен 1868 жылы Сасықкөлдің жағасында туды. 1934 жылы Қызылжар қаласында дүниеден озды, анасы Гүлсім 1943 жылы өмірден өтті. Гүлсім мен Бекеннен жеті ұл, екі қыз дүниеге келді. Олар: Мүсілім, Қаһарман, Мағжан, Мұхамеджан, Сәлімжан, Қалижан, Сабыржан; қыздары: Күлөндам, Гүлбаһрам.

**1905-1910 жылдары** Қызылжар медресесінде оқыды.

**1910-1911 жылдары** Уфадағы «Ғалия» медресесінде дәріс алды.

**1912 жылы** «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрді.

**1913-1916 жылдар** – ақынның азамат ретінде қалыптасқан кезеңі. Гете, Толстой, Бальмонт, Брюсов, Блоктардың еңбектерімен танысты. Немістің Шпенглері, орыстың Соловьеві сияқты философтарын оқыды, тылсым ойлары жүрегіне қонды.

**1917 жылы** Алаш үкіметі ағарту коллегиясының мүшесі болып сайланды.

**1919 жылы** Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетін басқарды.

**1922 жылы** Бернияз Көбеевтің көмегімен екінші жинағы Қазан қаласында жарық көрді.

**1923 жылы** Ташкентте Сұлтанбек Қожановтың жәрдемімен үшінші жинағы шықты.

**1922 жылы** Орынборда «Педагогика» атты оқулық еңбегі басылып шықты. Осы жылы Мағжан Ташкентке келіп ұстаздық қызметке орналасты. Атақты «Батыр Баян» поэмасы өмірге келді.

**1923-1927 жылдары** Мәскеудегі Әдебиет және өнер институтында оқыды. Ақын өлеңдері Қазақстан, Өзбекстан және Мәскеу газет-журналдарында көрініп тұрды.

**1927 жылы** елге оралды. Қызылжар педагогикалық техникумында сабақ берді.

**1929 жылы** Москвадағы «Бутырка» түрмесінде қамауда болды. Он жылға сотталып Карелияға айдалды. 1935 жылы Горькийдің көмегімен айдаудан оралды.

**1935 жылы** Қызылжар қаласындағы № 7 орта мектепте сабақ берді.

**1937 жылғы** 18 наурызда Сәкен Сейфуллиннің шақыруымен Алматыға келді.

**1937 жылғы** 30 желтоқсанда екінші рет тұтқындалды.

**1938 жылғы** 19 наурызда атылды.

**1960 жылы** Мағжан ақталды.

**1989 жылы** «Мағжан Жұмабаев» атты шығармалары жарық көрді.

**1993 жылы** «Лениншіл жас» журналының 5 нөмірінде Жүсіпбек Аймауытов «Мағжанның ақындығы» атты көлемді зерттеу мақаласын шығарды.

**1993 жылы** «Педагогика» атты еңбегі қайта басылып шықты.

**1995 жылы** Шерияздан Елеукуновтың «Мағжан» атты көлемді еңбегі Алматыдағы «Санат» баспасынан оқу құралы ретінде басылып шықты.

**2002 жылы** Мағжан шығармаларының көп томдық жинағы шыға бастады.

**2001 жылы** Мағжанға арналған «Ұлттық поэзия падишасы» атты кітап «Ұлы тұлғалар» сериясымен жарық көрді. Бұл жинаққа М. Жұмабаев еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші (1911-2001) және М. Жұмабаевтың «Өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттер» – 619 еңбегі көрсетіп берілді.

**2002 жылы** Мағжанның «Пророк» атты кітабы орыс тілінде 25 баспа табақтық үлкен кітап болып шықты. Райхан Жұмабаеваның және Кәкімбек Салықовтың ұсынысымен Бақытжан Қанапиянов құрастырып дайындады. Есенгелді Мұқыжанов пен Мекеш Утин меценаттық көмек көрсетті.



**2006 жылы** Мәскеу қаласындағы «Русский варитет» баспасынан Сәуле Мансұрованың құрастыруымен және алғы сөзімен Мағжанның таңдамалы шығармалары жарық көрді. Бұл кітапқа орыс тіліне аудармашы ретінде Әуезхан Қодар үлкен еңбек сіңірді. 8 баспа табақтық кітап 5000 дана таралыммен тарады.

# МАЗМҰНЫ

Ұшқыр сезім, терең ойдың ақыны ..... 3

## ӨЛЕҢДЕР

Дүлдүл ақын осындай .....	15
Онбайды ақынды атқандар! .....	16
Мағжан атты шын жұлдыз .....	17
Мағжанның бір өлеңі .....	18
Абылай ханның «Ақ үйі» .....	19
«Түлкі заман, тік кетсем, сөкпе мүлде...» .....	21
Әуезовтің бағасы .....	22
Қайдасың, кең даланың ғаламаты?! .....	23
(Мағжан назы) .....	24
Махамбеттің әсері .....	25
Кімнен тудық? .....	26
Сегіз сері кеменгер .....	29
Мағжан – ақындықтың Абылайы .....	30
Кешіре гөр... ..	31
Ақ тырналар .....	32
Мағжан аға орындалған арманы .....	33
«Жан сырына бөгет болмас еш жарлық...» .....	34
Тұманды сағымдар .....	35
«Саясат деген сайқал бар...» .....	36
Берік жан сертіне .....	36
Тағзым .....	38
Есілге қонған аққулар .....	41
Абайды айтып мақтанам .....	42
Қорқыт ата .....	44
Аманжол Қошановпен әңгіме .....	45
Туған жер .....	46
Саумалкөл .....	47
Бір ауыз сөз .....	47
Женеше .....	48
«Жақындап көңіл ашқанда...» .....	49
Экспромт .....	49
Қазақтың үш асылы .....	50
Түркістандық биіктен .....	50

Бір жаңартып өтетін .....	51
Есілдегі Астана .....	52
«Көшіп келдім Астанаға мен кеше...» .....	53
«Қарағым қандай ғажапсың...» .....	54
Көкшетауға .....	55
Ақ тілек .....	56
Біздің ауыл .....	57
Атамның берген ақылы .....	58
Әр сөзіне жан бітті .....	59
Қызылжар .....	60
Көгілдір өлкем, өңірім .....	61
Тілінді қорға, қазағым! .....	64
Ақынға .....	67
Абылай ханның алаңында .....	68
Алатаудың бауырына құлап түсті .....	69
Татьянаның Онегинге хаты .....	70
Мәдидің ескерткішін ашқанда .....	72
Құтты өлке .....	73
Абылай ханның қамқа тоны .....	75
Мағжан аға сөйледі орыс тілінде .....	77
Ақан сері .....	78
Ебінейдің досы еді .....	79
Үкілі Ыбырай қайда жатыр екен? .....	81
Кеншілерге алғысым .....	81
«Қашан да таза махаббат...» .....	82
«Кімді ойлап, кімге сенерміз?...» .....	83
Бір мін бар .....	83
Жалғызтау .....	85
Мағжан тойы Есілде .....	86
Топырақ бұйырғаны – ел тілегі .....	87
Қансонарда .....	88
«Көктемге алыс шақырған...» .....	89
Домбырамен сырласу .....	90
«Аққудай жел сындырған қауырсынын...» .....	91
«Көптен-көп білмегенім елде менің...» .....	91
Барыңа сенің қуанам .....	92
Байка, жігіт... .....	93
Тіл жорығы .....	93

Сағынбасам .....	95
Ауылдағы аруға .....	96
«Көңілдің бітпей елені...» .....	97
Сырымбет арулары .....	98
Көрініс .....	99
Көңіл бірлік .....	99
Көгілдір Көкше келбеті .....	100
Шөберемді «Бәйтерекке» апардым .....	101
Бурабайды жана жылмен құттықтау .....	102
Тәкаппар өскен қарағай .....	103
Жұмбақтас сыры .....	104
Мәлік аға аруағы кешірсін .....	105
Шыдай берші .....	107
Қаңтардағы Бурабай .....	108
Көп ақынның ішіндегі оттысы .....	109
Салт камшы .....	110
Қар астында қос қайын .....	111
Бурабайда шипажай .....	112
Қызылжарым – құмарым .....	113
Жетпіске жеткен тойымда .....	114
Амантайдың кіші әкімге ақылы .....	115
Амантайдың маған айтқан ақылы .....	116
Әділге .....	116
«Әшірбек, ауыл жаққа барайықшы...» .....	117
Сәлемімді ал, Астана! .....	118
Наполеоны мүсіннің .....	120
Алғыс айтам Мағжан аға атынан .....	121
Ж... ға .....	123
«Ауылда қалған қара көз...» .....	124
Аңсадым .....	125
Қорқамын .....	125
Досымның баласының өлеңдері .....	127
«Көкшеде ғажап сұлу бар...» .....	128
Жеке батыр .....	129
«Кең жалған сырын білуге...» .....	130
Көкшедегі көрініс .....	131
Қаныш аға рухынан ұялам .....	132
Анам берген домбыра .....	132

Көл шетінде кешқұрым .....	134
Сырымбеттегі тебіреніс .....	135
Қаныш пен Ебінейдің жаршысына .....	136
Кербез Көкше келбеті .....	137
Абайтану үзімі .....	138
Феликс Симнің сөзі .....	139
Ауылға хат .....	140
Шаттығым мен байлығым .....	144
Өлеңмен биік менің нұрлы аспаным .....	145
Ұшқан құстай Есілден .....	146
Көкшетау .....	146
Қызылжардың мешіті .....	149
«Кешкі бұлт толастап көшкені...» .....	150
Қапыда кеттің өмірден .....	150

## **ТӨРТТАҒАНДАР .....** 155

## **ПОЭМАЛАР**

Мағжан аға «Сағындым» атты өлеңі .....	179
Мағжан — ақындықтың дауылпазы! .....	189
Мағжан ақын өмірінің негізгі кезеңдері мен қосымша деректері .....	200

**Кәкімбек САЛЫҚОВ**

**МАҒЖАНҒА ТАҒЫМ**

*Өлеңдер, төрттағандар, поэмалар*

**Редакторы** Қуат Құрмансейіт  
**Техникалық редакторы** Раушан Тұрлынова  
**Көркемдеуші редакторы** Жеңіс Қазанқапов  
**Корректоры** Гүлширан Құлымбетқызы  
**Компьютерде беттеген** Лаураш Мұхамеджанова

Басуға 4.06.08. қол қойылды.  
Пішімі 84x108  $\frac{1}{32}$ . Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 13,0.  
Тапсырыс № 123. Таралымы 1000 дана.

ISBN 9965-35-408-1



9 789965 354083 1

«Фолиант» баспасы  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 87/1

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 87/1